Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 43-44 (1306-1307)

06.11.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ

«КІРТИГЕН КӨЗ» – БЛЕФАРОПЛАСТИКА СҰЛУЛЫҚҚА ҰМТЫЛЫС ПА, ӘЛДЕ ТРЕНД ПЕ?

Баян ТАҢАТАРОВА
«*Алатау*»

XXI ғасырда пластикалық хирургия адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның ішінде көз қабағына жасалатын ота — блефаропластика әлемде де, Қазақстанда да ең көп сұранысқа ие процедуралардың бірі болып барады. Бүгінде бұл ота тек қартаю белгілерімен күресу құралы емес, сонымен қатар «европеизация» (азиялық көз пішінін өзгерту) мақсатында да жиі жасалады. Алайда, блефаропластиканың жаппай белең алуы шынымен де эстетикалық қажеттілік пе, әлде әлеуметтік желілер таңған, ұлттық болмысқа жат жасанды стандарттардың құрбаны болу ма?

Сын тұрғысынан қарағанда, блефаропластикаға жүгінетіндердің басым бөлігі психологиялық факторлар мен жарнаманың әсеріне ұшырағандар. Instagram мен TikTok сияқты платформалар мінсіз, үлкен және айқын көздерді сұлулықтың жалғыз өлшемі ретінде насихаттайды. Нәтижесінде, адамдар өздерінің табиғи ерекшеліктерін, әсіресе азиялық көз пішінін «кемшілік» деп қабылдап, заманауи сұлулық трендін таңдап жатыр. Ал сол заманауи тренд қазақтың "көзін кіртитіп" жатыр. Қазақ ұғымында «көзі кіртиген» деген сөз ешқанаш сұлулықтың белгісі болмаған. Бұл аурудың немесе көп жылаған көздің белгісі ретінде қабылданады. Халқымыздың эмпирикалық медицинасы мен танымында керісінше, бұл — адамның ұзақ ауырғанының, ашыққанының, ұйқысыздықтан қалжырағанының немесе ішкі ағзасының сыр бергенінің, яғни дәм-тұзы таусылуға жақындаған аурудың басты белгісі. Ал бүгінгі таңда мыңдаған замандастарымыз, әсіресе, қыз-келіншектеріміз, апаларымыз да бар, үлкен қаражат жұмсап, өз еркімен пышақ астына түсіп, ата-бабамыз шошына қараған осы «кіртиген көз» бейнесін қолдан жасатып жатыр.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛАНУДЫҢ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРІ

Сұлулықтың заманауи трендін таңдағандарға дәлел ретінде блефаропластиканың медициналық асқынуларын айтуға болады. Себебі, блефаропластика нарығының шамадан тыс коммерциялануы салдарынан біліктілігі төмен мамандар пациенттің анатомиясын ескермей, «көзді барынша ашамыз» деп, қабақ астындағы табиғи май қабатын (периорбитальды майды) тым көп сылып тастайды. Медицинада бұл деформацияны «A-frame deformity» (батып кеткен көз) деп атайды. Отадан кейін көз ұясы тереңдеп, ішке батып, терісі сүйекке жабысып қалады. Нәтижесінде, адам жасармайды, керісінше, жүдеу, нұрсыз әрі дәл халық айтқандай «кіртиген», аурушаң қалыпқа түседі. Табиғаттың шаң-тозаң мен суықтан қорғау үшін азиялық нәсілге берген қалың қабақ қорғанысы осылайша жасанды түрде жойылады. Осы ота кесірінен адам қайтыс болған жағдай да орын алған.

Қазақстанда (негізінен Алматы мен Астана қалаларындағы ірі клиникалардың мәліметі бойынша) блефаропластика отасының ең төменгі бағасы - мысалы, тек жоғарғы қабақ үшін шамамен 60 000 – 120 000 теңгеден басталады, ал ең жоғарғы бағасы – көздің асты мен үсті танымал хирургтардың қызметі үшін 850 000 – 1 350 000 теңгеге дейін жетеді. Баға айырмашылығы ота жасалатын қабақ санына, әдісіне және дәрігердің біліктілігіне тікелей байланысты. Жергілікті аймақтарда 25 мың теңгеден басталатын бағалар бар. Оның сапасын өздеріңіз де түсінетін шығарсыздар.



Дегенмен, блефаропластиканың жағымды тұстарын да жоққа шығаруға болмайды. Кейбір жағдайларда, жоғарғы қабақтың салбырауы (птоз) адамның көру қабілетін шектеп, көздің тез шаршауына әкеледі. Мұндай жағдайда медициналық көрсеткіштер бойынша дер кезінде ота жасату — өмір сапасын жақсартудың жалғыз жолы. Мен білетін екі ер азамат сол птоздан құтылу үшін ел аман, жұрт тыныш, блефаропластика деген шықпай тұрған 90-шы жылдары осы өзіміздің облыстық ауруханада, ұмытпасам, Белошапкин деген көз дәрігеріне операция жасатып, үстіңгі қабақтарын тарттырып алғанын білемін.

Алайда, қазіргі статистика бұл отаның 80%-дан астамы тек эстетикалық, яғни тренд қуу мақсатында жасалатынын көрсетеді. Сондықтан, шынайы медициналық қажеттілік пен сұлулық индустриясының құрбаны болудың арасындағы шекараны нақты ажырата білу керек.

Блефаропластика — заманауи медицинаның жетістігі болғанымен, оны жаппай қолдану қоғамның психологиялық және мәдени тұрғыдан осалдығын көрсетеді. Адамдар пышақ астына түспес бұрын, сыртқы жарнамаға емес, табиғи заңдылықтарға құлақ түруі тиіс. Осы маған керек пе? – деген сұрақболуы керек сияқты.

Бет сұлулығы әртүрлі болады ғой. Қазақта ботакөздер, бадам көз (миндаль), балық көз деген ұғымдар бар. «Ботакөз бен бадам көздің табиғи әсемдігін блефаропластикамен жойып, «балық көз» бен «кіртиген жанарды» сұлулық тренді деп қабылдау — рухани және эстетикалық дағдарыстың белгісі ме?» деп ойлаймын.

Қаптаған жарнамалар әсерінен нағыз сұлулықтың символын білдіретін көздер блефаропластика арқылы қазақ шошына қараған осы «кіртиген көзге» айналып жатыр. Сонымен қатар, сәтсіз немесе шамадан тыс жасалған оталардан кейін қазақ танымындағы тағы бір суық ұғым — «балық көз» феномені пайда болды. Қабақ терісі тым қатты тартылып, көздің ағы шамадан тыс ашылып қалғанда, көз жанары өзінің жылуы мен жарқылынан айырылып, балықтың көзіндей бақырайған, суық әрі жансыз күйге түседі. Ботакөздің мөлдірлігі мен бадам көздің сырлылығын жойғандар нәтижесінде «балық көз» бен «кіртиген жанардың» иесіне айналып шыға келді.

ТҮЙІН

Қорыта айтқанда, пышақ астына түспес бұрын, сыртқы жарнамаға емес табиғи заңдылықтарға құлақ түру керек. Жараса ма, жараспай ма? - деген сұрақ болғаны дұрыс. Сұлулық - біркелкі «инкубаторлық» бейнеде емес, әр ұлттың, әр адамның қайталанбас ерекшелігінде. Өз болмысымызды жоғалтпай, табиғи жанардың нұрын сақтап қалу - қазақ қыздарына керек-ақ! Сіз бұған не дейсіз?

«АЛАТАУҒА» ЖАЗЫЛУ БАСПАСӨЗ – 2027

«АЛАТАУ» газеті	Индекс	6 айға / на 6 месяцев		12 айға / на 12 месяцев	
		қала / город	ауыл / село	қала / город	ауыл / село
жеке тұлға /физ. лицо	15534	3 394,82	3 275,48	6 789,64	6 550,96
заңды тұлға/юр. лицо	15534	4 906,20	-	9 812,40	-
жеке тұлға /физ. лицо	65534	3 394,82	3 275,48	6 789,64	6 550,96
заңды тұлға/юр. лицо	65534	4 906,20	-	9 812,40	-
жеке тұлға /физ. лицо	Редакция арқылы С редакции	2 106,00	-	4 212,00	-

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ МҰҚТАЖДАРДЫ ЖИ АНЫҚТАЙДЫ

Енді атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждарды жасанды интеллект анықтайды. Жүйе жәрдемақыға өтініш берген адамдардың жағдайын бағалауға көмектеседі. Атап айтқанда, нейрожелі азаматтар ұсынған фото және бейнематериалдарды талдап, оның көмекке мұқтаждығы туралы ұсыным әзірлейді. Бұл учаскелік комиссиялардың жұмысын жеңілдетіп, шешім қабылдау кезінде адами факторды азайтуға мүмкіндік береді. Ақылды жүйе мүгедектік тобын белгілеу кезінде де қолданылады. Жасанды интеллект тұрғындардың медициналық мәліметтері мен диагноздарын саралап, мамандарға шешімін ұсынады. АСҚАРБЕК ЕРТАЕВ, ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ:Мүгедектік тобын белгілеу кезінде жасанды интеллект медициналық деректерді талдайды. Мүгедектік тобын айқындау кезінде медициналық, әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз қатысушысы ретінде шешу жобасын қалыптастырады. Бұл объективтілікті қамтамасыз етуге, мүгедектік тобын белгілеудің бірыңғай тәсілін қалыптастыруға және адам факторының ықпалын азайтуға мүмкіндік береді.

КҮШТІ ӘСЕР ЕТЕТІН ПРЕПАРАТТАР ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМНАН АЛЫНДЫ

Қазан айында Көкшетау, Щучинск, Бурабай курорттық аймағы, Қарағанды және Теміртау қалаларында жүргізілген арнайы операциялар нәтижесінде барлығы 21 адам ұсталды. –деп хабарлайды Baq.kz

Препараттарды жеткізу мен таратуды ұйымдастырған топтың 11 мүшесі қолға түсті. Олардың арасында фармацевтикалық компаниялардың иелері мен қызметкерлері, курьерлер бар. Тергеу деректеріне сәйкес, олар Қарағанды облысында күшті әсер ететін психотроптық препараттарды заңсыз өткізуге қатысқан. Тінту барысында психоактивті заттар, травматикалық және суық қару тәркіленді. Қазіргі уақытта екі дерек бойынша да сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жүргізілген шаралар нәтижесінде қауіпті препараттарды заңсыз таратудың бірнеше арнасы жойылып, өнімдердің едәуір көлемі айналымнан алынған.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНДА ЭКСКАВАТОР 11 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫ ҚЫЗДЫ БАСЫП КЕТТІ

Жетісу облысының Текелі қаласында жол жөндеу жұмыстарына тартылған экскаватор 11 жастағы қызды қағып, салдарынан бала оқиға орнында көз жұмды, деп хабарлайды Tizgin.kz.

Қайғылы жағдай 3 қарашада болған. Оқиғаға байланысты полиция қылмыстық іс қозғады. Экскаватор жүргізушісі уақытша ұстау изоляторына қамалған. Жол қозғалысы ережелері мен жөндеу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік талаптарының сақталғаны тексеріліп жатыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІ ЖОЛДАУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Жетісу облысында биыл ел бірлігін бекемдеуге бағытталған 245 шара өткізілді. Өңірде 18 этномәдени бірлестік пен аналар және ақсақалдар ұйымы жұмыс істейді, деп хабарлайды 24KZ.

Азаматтық қоғам өкілдері бүгін Құрылтай депутаттарымен, Халық Кеңесі және үкімет мүшелерімен кездесіп, Мемлекет басшысының Жолдауын талқылады. Жиында сөз алғандар «Халықтық құрылыс» бастамасы да көпшіліктің тұрмыс-тіршілігін жақсартуға ықпал ететінін жеткізді. Аграрлы аймақтың тұрғындары ауыл шаруашылығына енгізілгелі жатқан жаңашылдықтардан да хабардар болды. Назгүл Хатепова, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі: – Мемлекет басшысы саланы цифрландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселе бойынша ауыл шаруашылығы тарапынан бірнеше жұмыстар жасалып жатыр. Өсімдік, мал шаруашылығы, ветеринария саласы бойынша цифрландыру тетіктері жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарламаны жүзеге асырғанның арқасында өзіміздің өндірген өнімнің толық циклын қадағалайтын боламыз.

«БҮРКІТ» АРНАЙЫ ЖАСАҒЫНА ҚЫЗ ЖАУЫНГЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

АСТАНА. KAZINFORM — Қазақстанның Ұлттық ұланына қарасты «Бүркіт» арнайы жасағының тарихында алғаш рет әйел әскери қызметші сапқа қосылды. «Китана» лақап атымен танылған Қымбат — халықаралық жарыстардың жеңімпазы, ендігі мақсаты — күрең берет алу. Дубайдағы жарыс барысында мергендігімен көзге түскен Китанаға «Бүркіт» арнайы жасағы ұсыныс тастайды. Ол көп ойланбастан келісім беріп, осылайша бөлімше тарихындағы алғашқы қыз әскери қызметші атанды. Спорттық жеңістеріне келсек, ол Джиу-джитсудан үш дүркін әлем, Азия чемпионы және екі дүркін Еурола чемпионы атанған. ММА бойынша Қазақстан және Азия чемпионы, жауынгерлік самбодан ел чемпионы әрі әлем чемпионатының қола жүлдегері. Бұдан бөлек, Дүниежүзілік полиция ойындарында дзюдодан алтын, джиу-джитсудан күміс медаль жеңіп алған. Қоян-қолтық ұрыс, джиу-джитсудан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, самбо мен ММА-дан спорт шебері. Қазір Қымбаттың алға қойған басты мақсаты — күрең берет сынағынан сүрінбей өту. Бұл сынақ жауынгердің дене дайындығын, төзімділігі мен рухының беріктігін талап етеді. Мақсатына жетсе, ол Ұлттық ұлан тарихында күрең беретке қол жеткізген алғашқы қыз жауынгер атанбақ.

АҚШ-ТАҒЫ САЙЛАУ НӘТИЖЕСІ

АСТАНА. KAZINFORM – АҚШ-та өткен аралық сайлауда демократтардың жеңіске жетуі президент Дональд Трамптың ішкі саясаттағы мүмкіндіктерін шектегенімен, оның сыртқы саясаттағы қадамдарын болжауды қиындатуы мүмкін. Еуропалық саясаткерлер мен сарапшылар Украина, Иран, НАТО және сауда қатынастарына қатысты жаңа тәуекелдерге алаңдап отыр, деп хабарлайды Euronews.

Басылымның мәліметінше, 2026 жылғы аралық сайлау нәтижесінде демократтар Конгрестің екі палатасында да бақылауға ие болып, бірқатар штаттағы губернатор сайлауында жеңіске жеткен. Дональд Трамптың өзі бұл сайлауға қатысқан жоқ. Алайда нәтижелер оның президенттік мерзімінің соңғы екі жылындағы саяси мүмкіндіктеріне әсер етуі ықтимал. Еуропалық дипломаттардың пікірінше, Конгрестегі қарсылық күшейген жағдайда Трамп ішкі саясаттан гөрі президенттің өкілеттігі кеңірек сыртқы саясатқа көбірек назар аударуы мүмкін. Еуропа үшін өзекті мәселелердің бірі – Ирандағы соғыс салдарынан туындаған энергетикалық дағдарыс. Демократтардың Конгрестегі ықпалының артуы Трампқа Иранмен қақтығысты тоқтату жөніндегі қысымды күшейтуі мүмкін. Алайда президенттің заңдарға вето қою құқығы сақталады. Айта кетейік, бұған дейін АҚШ-тағы аралық сайлауда демократтардың Сенат пен Өкілдер палатасында басымдыққа ие болатыны хабарланған еді. NBC News болжамына сәйкес, демократтар Сенатта қосымша жеті орын жеңіп алып, Өкілдер палатасында кемінде 258 мандат иеленуі мүмкін. Дегенмен жекелеген округтерде дауыс санау әлі жалғасып жатыр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ДӘРІГЕРДІҢ ДИАГНОЗЫ ДҰРЫС ЕМЕСТІГІ АНЫҚТАЛДЫ



«Алатау» газетінде аурудың жарияланған мақалалары негізінде Жетісу облыстық Денсаулық сақтау басқармасы жедел түрде тәуелсіз сараптама жүргізіп, «Талдықорған қалалық көпбейінді аурухана» дәрігерінің қате диагноз қойғанын анықтады. Мақалада көрсетілгендей, ауруы асқынған соң ақылы емхана қызметіне жүгінуге мәжбүр болған ауру «Хақ» клиникасына барып операция жасатып, нәтижесінде ауру жазылып шыққан. Осы ота үшін ауру ақылы емханаға 1млн.300 мыңдай ақша төлеген. Бүгінде тәуелсіз сараптаманың көрсетулері негізінде ауруға бұл ақша қайтарылды. Басты себеп, диагноздың дұрыс қойылмауы. Осы орайда мынадай сұрақтар туындайды: ауруға қайтарылған 1 млн. 300 мыңдай теңге кімнің есебінен қайтарылды? Ауруға диагнозды дұрыс қоймаған дәрігерге қандай шаралар қолданылды? Осы сұрақтарымызға «Алатау» газеті облыстық Денсаулық сақтау басқармасынан жауап күтеді.

«Алатау- ақпарат»

ЖОЛДАУДЫ ТАЛДАУ



ТАЛДЫҚОРҒАН. KAZINFORM — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын халыққа түсіндіру бойынша республикалық үгіт-насихат тобының мүшелері Құрылтай депутаты Наурыз Сайлаубай мен Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Руфина Усанова Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымымен кездесті. Кәсіпорынның мәжіліс залында өткен іс-шараға 100 адам қатысты.

Кездесу барысында Құрылтай депутаты Наурыз Сайлаубай өндіріс орындарының жұмыс орындарын құрудағы, халықты тұрақты табыспен қамтамасыз етудегі және бюджет түсімдерін арттырудағы рөліне тоқталды. Ол «Қайнар-АКБ» өнімдерінің шетел нарығына шығуы отандық өндірістің әлеуетін көрсететінін атап өтті. Кездесу соңында Наурыз Сайлаубай мен Руфина Усанова қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.


ЖЕТІСУЛЫҚ БІР ӘУЛЕТТІҢ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ - 347 ЖЫЛ



ТАЛДЫҚОРҒАН. KAZINFORM - Жетісу облысы Қаратал ауданындағы Әбішевтер әулетінің тоғыз өкілінің теміржол саласындағы жалпы еңбек өтілі 347 жылға жетеді. Бір әулеттің бірнеше буыны осы саланы таңдап, өмір бойы теміржолда еңбек етіп келеді.

Солардың бірі – әке жолын жалғап, ғұмырының 44 жылын теміржолға арнаған Светлана Әбішова еңбек жолын Үштөбе станциясында бақылау бекетінің операторы болып бастаған. Бүгінде зейнет демалысында жүргенімен, оның еңбек жолы Әбішевтер әулетінің теміржол тарихының бір бөлігіне айналды. Теміржолда әулеттің тоғыз өкілінің еңбек өтілі 3 жарым ғасырға жетерлік.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖУРНАЛИСТ НЬЮ-ЙОРКТЕГІ ТЕЛЕАРНАДА БАСШЫ



Қазақстандық медиамаман Талғат Алманов АҚШ-тың Нью-Йорк штатындағы Буффало қаласында орналасқан әйгілі ABC 7 телеарнасының жаңалықтар бөлімінде басшылық қызметке тағайындалды. Ол Executive Reporterқызметіне кіріскенін әлеуметтік желідегі парақшасында хабарлады, деп хабарлады Bairaqmedia.kz.

Талғат Алманов жаңа қызметінде жаңалықтар бөлімінің жұмысын үйлестіріп, журналистермен және продюсерлермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Сонымен қатар репортаждар әзірлеп, зерттеу журналистикасымен айналысуын жалғастырады. Медиамаманның айтуынша, оның басты міндеттерінің бірі – жаңалықтардың мазмұнды, сапалы әрі көрерменге уақытылы жетуіне үлес қосу. Бұл – шетелдік медиа кеңістікте қазақ мамандарының кәсіби әлеуетін танытатын маңызды жетістіктердің бірі.

ЫСТАНБҰЛДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА КЕҢСЕСІ АШЫЛДЫ



АСТАНА. KAZINFORM. Ыстанбұлда қазақстандық өнімдерді Түркия нарығына шығаруға және отандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін арттыруға арналған «QazTrade» АҚ-ның серіктестік кеңсесі жұмысын бастады. Бұл бастама Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған нақты қадамның бірі болды.


Жобаны іске асыруға «QazTrade» компаниясымен бірге түркиялық Yenisan Companies Group қатысады. Көрмеде «Цесна», «Абзал и К», Arvena, KaMei, Aspan food camel, Aruana, Qurt qazaq national product, «Баракат», RIKS, BARBADOS, «Бахус», AMANI, «Рахат» және «Баян Сұлу» компанияларының тауарлары ұсынылған. Бұл алаң Қазақстанның азық-түлік өндірісімен қатар, отандық жеңіл өнеркәсіптің де мүмкіндіктерін көрсетеді. Еске салайық, бұған дейін Түркия Қазақстанмен сауда көлемін 15 млрд. долларға жеткізуді жоспарлап отырғанын хабарлағанбыз.

ХАБАРЛАМА

«Алатау» газетіне жоғары білімді сауатты журналист - корректор керек. Үміткерлер компьютерлік InDesign бағдарламасын білуі шарт. Байланыс телефоны: 8 701 140 75 73 .

ПЕРВУЮ ЖЕНЩИНУ-ПРЕЗИДЕНТА В ИСТОРИИ БОЛГАРИИ ПОЗДРАВИЛ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ

Глава Казахстана Касым-Жомарт Токаев направил телеграмму поздравления президенту Болгарии, сообщает Zakon.kz.



Согласно публикации Telegram-канала Акорды, Токаев поздравил Илияну Йотову с избранием на пост президента Болгарии. Кроме того, Токаев пожелал Илияне Йотовой успехов на ответственном посту, а дружественному народу Болгарии – благополучия и процветания.

В 2026 году в Болгарии завершился масштабный электоральный цикл, ключевым событием которого стали президентские выборы, на которых убедительную победу одержала независимый кандидат Илияна Йотова. По результатам обработки 100% протоколов, в решающем втором туре она набрала 57,57% голосов и стала первой женщиной, избранной главой государства в истории Болгарии.

ОБСУДИЛИ ЗАДАЧИ, ОБОЗНАЧЕННЫЕ В НОВОМ ПОСЛАНИИ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА



В Доме дружбы Талдыкоргана представители депутатского корпуса и Правительства встретились с общественностью области Жетісу, чтобы разъяснить намеченные меры и выслушать предложения жителей. В мероприятии приняли участие депутат Курултая Республики Казахстан Екатерина Смолякова, член Қазақстан Халық Кеңесі Кайрат Кереев, вице-министр сельского хозяйства Назгуль Хатепова и вице-министр финансов Даурен Темирбеков. Среди участников также были представители этнокультурных объединений и общественных структур региона – передает Гурк кз.

Основное внимание было уделено практической реализации задач Послания, в том числе развитию инфраструктуры, поддержке производства и повышению качества жизни населения. Были озвучены проекты относящихся к строительсву, обновлению дорог,сельскому хозяйству и другим ключевым отраслям, указанных в Послании Президента. Главный ориентир контроль за реализацией проектов, озвученных в Послании Президента.

В МОСКВЕ ПОСЛУ КАЗАХСТАНА В РОССИИ ПЕРЕДАЛИ МЕДАЛЬОН СОЛДАТА ВОВ ИЗ КАРАТАЛЬСКОГО РАЙОНА

Он погиб в первые дни ВОВ. До недавнего времени красноармеец Абдували Жылысбаев считался без вести пропавшим. В Москве в посольстве Казахстана в России прошла передача солдатского медальона красноармейца Абдували Жылысбаева, сообщает сайт посольства. Реликвию послу Казахстана в России Даурену Абаеву передал командир российского поискового отряда "Военная археология" Антон Торгашев – передает Informburo.kz.



Уроженец Талды-Курганской области Абдували Жылысбаев был призван в армию в 1939 году и погиб 25 июня 1941 года под Белостоком. В течение 12 лет поисковики разыскивали родных казахстанского бойца. Благодаря архивной работе поисковых отрядов "Ерлік-Даңқ" из Абайской области Казахстана и "Искатель" из российской Тульской области, а также благодаря публикациям в газете «Алатау» родственники воина из Талдыкоргана откликнулись. В ближайшее время при содействии Министерства обороны РК медальон Абдували Жылысбаева доставят на Родину и передадут родственникам.

В НОРВЕГИИ НАШЛИ РЕДКОЕ ФОТО КАЗАХСТАНСКОГО МУЗЫКАНТА



Уникальный артефакт о казахстанском музыканте Рустембеке Омарове нашли на аукционе в Норвегии. На фотоснимке, сделанном во время Второй мировой войны, музыкант запечатлен на фоне ограждения из колючей проволоки с самодельной домброй, передаёт корреспондент Tengrinews.kz.

В 2024 году совместно с павлодарским поисковым отрядом "Панфиловшылар" совместно с норвежскими коллегами восстановили ранее неизвестные страницы биографии музыканта, оказавшегося в годы войны в немецком плену в лагере Шталаг 322 в Киркенесе. По рассказам руководителя олбастной филармонии Амангельды Кожанова даже в плену Рустембек Омаров, смастерив домбру из фанеры, дерева и лески, играл для заключенных. А когда он исполнял произведение Моцарта, его услышал немецкий офицер. Пораженный виртуозной игрой, он стал оберегать музыканта, приносил ему хлеб, продукты, а Рустембек Омаров делился с остальными военнопленными. Возможно, эта самодельная домбра и спасла жизнь Рустембека Омарова"...

С 2027 ГОДА ОБСЛЕДОВАНИЯ В ПОЛИКЛИНИКАХ БЕЗ МЕДСТРАХОВКИ

С 1 января 2027 года базовые обследования станут доступны всем казахстанцам, даже без медицинской страховки (ОСМС). Об этом сообщила глава Минздрава Акмарал Альназарова – передает Sputnik kz.



"Вне зависимости от статуса застрахованности базовый пакет на уровне первичной медико-санитарной помощи для обследования будет доступен любому гражданину", - заявила министр. В перечень услуг входят: общий анализ крови и мочи; измерение артериального давления; ЭКГ; флюорография; УЗИ органов брюшной полости и почек. А также другие функциональные обследования, написал ранее Минздрав в новом приказе.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ОТКРОЮТ РЕАБИЛИТАЦИОННЫЙ ЦЕНТР ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Важным шагом в развитии социальной инфраструктуры области Жетісу станет открытие в следующем году в Талдыкоргане реабилитационного центра для людей с инвалидностью на 150 мест. Это первый подобный объект в регионе, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В день работников социальной службы, поздравляя собравшихся от имени главы региона с профессиональным праздником, заместитель акима области Марлен Кольбаев подчеркнул особую значимость труда социальных работников для общества. В системе социальной защиты области Жетісу трудятся около 2600 человек, более 400 из них – социальные работники. В регионе действуют 17 профильных учреждений, где в общей сложности специальные социальные услуги получают около 2 тысяч людей. А ввод в следующем году в Талдыкоргане реабилитационного центра для людей с особенными потребностями станет следующим шагом в этом направлении, - отметил М. Кольбаев, выразив благодарность работникам системы социальной защиты.

СПАСАТЕЛИ ПРЕДОТВРАТИЛИ ВЗРЫВ ГАЗОВЫХ БАЛЛОНОВ

Спасатели области Жетісу предотвратили взрыв двух газовых баллонов на пожаре, сообщает tinfo.kz.

Спасатели в области Жетісу предотвратили возможный взрыв во время тушения пожара. Они вынесли на безопасное расстояние два газовых баллона объемом по 25 литров каждый. Это позволило предотвратить угрозу возможного взрыва. Пожар полностью ликвидирован. Никто не пострадал в результате инцидента.

В МЧС напомнили жителям о необходимости соблюдать правила пожарной безопасности в быту, правильно эксплуатировать газовое оборудование и не оставлять потенциальные источники опасности без внимания.

РЕЗОНАНСНЫЕ ДЕЛА И СУДЕБНАЯ ЗАЩИТА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

Комитет по защите прав потребителей МТИ РК в формате видеоконференции подвел итоги работы за 9 месяцев 2026 года. За отчётный период в Комитет и его территориальные департаменты поступило порядка 72,6 тыс. обращений. Основная доля обращений приходится на розничную и электронную торговлю, бытовые услуги и жилищно-коммунальное хозяйство, передает Exclusive.kz.

За 9 месяцев зафиксировано 107 резонансных дел, в рамках которых защищены права 365 потребителей на общую сумму 1,03 млрд. тенге. В рамках претензионно-исковой работы территориальными Департаментами инициировано 8 исков в Западно-Казахстанской и Восточно-Казахстанской областях, области Жетісу и городе Шымкенте. Защищены права 144 потребителей, возвращено более 5,86 млн. тенге.

Также рассмотрены жалобы граждан на доступность телефонной связи и качество консультирования в территориальных департаментах. Поручено актуализировать контактные номера, обеспечить надлежащую работу телефонных линий и повысить качество консультационной помощи потребителям.

ҮМІТ БОЛЬШЕ НЕ ОДНА: В КАЗАХСТАНЕ ВЫПУСТИЛИ НА ВОЛЮ ТИГРА АМУРА

В Казахстане теперь гуляет на воле еще один тигр. Его кличка - Амур. Он уже осваивается в резервате “Иле-Балхаш”, сообщили в Комитете лесного хозяйства и животного мира – передает NUR.KZ.

Перед переездом в дикую природу Амур прошел проверку: специалисты убедились, что он здоров и умеет самостоятельно добывать еду. А тигрица Үміт, которую выпустили еще летом, уже вовсю хозяйничает на своей территории и успешно охотится. Үміт съела волка и кабана в первые дни в Казахстане. По данным GPS-ошейника специалисты следят за ее передвижениями и обследуют места, где она охотилась, рассказали в Минэкологии. Сначала Үміт добыла волка и несколько дней питалась его тушей.

За обоими тиграми продолжают следить с помощью спутниковых ошейников.

1019 НОУТБУКОВ УКРАЛИ ИЗ ПОЕЗДА

Более тысячи ноутбуков стоимостью сотни миллионов теңге похитили из грузового контейнера, следовавшего из Китая в Польшу через территорию Казахстана, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как сообщил первый заместитель начальника Департамента полиции на транспорте Темиржан Рамазанов, в ходе оперативно-розыскных мероприятий установили и задержали четверых мужчин. Один из эпизодов произошел в мае прошлого года на станции Торпалды в области Жетісу. Из контейнера, следовавшего по маршруту Китай — Польша, похитили 1 019 ноутбуков. Позднее часть украденной техники продали в Алматы. Общий материальный ущерб, причиненный компаниям — владельцам груза, составил 632,9 млн теңге. Приговором Алакольского районного суда области Жетісу четверых жителей области Абай, признали виновными в краже, совершенной в особо крупном размере. Им назначили наказание в виде лишения свободы на сроки до 6 лет и 7 месяцев.

РАССЛЕДУЮТ СМЕРТЬ МУЖЧИНЫ

В селе Балпык би было обнаружено тело 29-летнего мужчины. Об этом в соцсетях сообщила его сестра. Преступление прокомментировали в ДП региона, передает NUR.KZ.

По словам сестры, преступление произошло 29 октября 2026 года. Семья считает, что молодого человека убили.

Как сообщили корреспонденту NUR.KZ в ДП области Жетісу, по факту смерти мужчины отделом полиции Коксуского района возбуждено уголовное дело. Подозреваемый задержан и водворен в изолятор временно содержания. Проводятся необходимые следственные действия для установления всех обстоятельств произошедшего."Иная информация согласно требованиям ст.201 УПК разглаш ению не подлежит", - отметили в пресс-службе ведомства.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА - 2026 ГОД

(ТЕКСТОВАЯ ТРАНСЛЯЦИЯ)

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана. Редакция ИА «NewTimes.kz» вела текстовую трансляцию выступления. В начале Послания Касым-Жомарт Токаев напомнил, что в этом году Казахстан отмечает 35-летие Независимости. Президент также отметил, что в марте на референдуме была принята новая Конституция, которая вступила в силу 1 июля 2026 года. Токаев заявил, что авторитет ООН переживает кризис, а международное право теряет значение. По его словам, мир столкнулся с неопределённостью, которой не было даже во времена холодной войны.

Президент напомнил, что, несмотря на нестабильность в мире, Казахстан провёл масштабные политические реформы. Теперь главная задача – укреплять независимость, сохранять стабильность и развивать экономику. По словам президента, нынешнее поколение должно оставить потомкам сильный, технологически развитый Казахстан, основанный на знаниях, науке и верховенстве закона.

По словам главы государства, что Казахстан должен превратиться в масштабную строительную площадку. По его словам, необходимо активизировать строительство во всех регионах, прежде всего объектов здравоохранения, образования, культуры и спорта. Для этого нужно определить потребности каждой области.

Токаев заявил, что у каждого крупного города Казахстана должен быть утверждённый правительством план развития. Он также поручил создать цифровые модели городской инфраструктуры, чтобы эффективнее управлять городами и делать их безопаснее и комфортнее.

Главная задача Национального фонда – сохранять и приумножать богатство страны для нынешнего и будущих поколений. При этом, по словам Токаева, важно не просто оставить потомкам денежные накопления, а построить технологически развитый Казахстан с сильной экономикой, современной инфраструктурой и высоким уровнем жизни.

Токаев поручил направлять средства Нацфонда только на проекты, которые принесут реальную пользу населению. В первую очередь в регионах построят около 70 медицинских объектов, включая роддома, больницы и реабилитационные центры для детей. Также начнётся строительство почти 50 учреждений образования, спорта и культуры. Все работы будут находиться под строгим контролем. Токаев объявил о запуске масштабной программы «Халықтық құрылыс» («Народное строительство»). В её рамках в регионах будут строить объекты инфраструктуры, проводить газ и чистую питьевую воду. До конца года правительство подготовит список проектов. Программа станет крупнейшей инфраструктурной инициативой в истории страны и обеспечит работой сотни тысяч человек.

Токаев поручил превратить Казахстан в ведущий логистический центр Евразии. В 2027 году запустят железную дорогу Бахты – Аягоз, которая увеличит пропускную способность грузов из Китая на 20 млн. тонн. А новая магистраль Арал – Каспий сократит путь по Транскаспийскому коридору примерно на тысячу километров.

Токаев поручил расширить трассу Кокшетау – Петропавловск и завершить реконструкцию всех автомобильных пунктов пропуска в 2027 году. Президент раскритиковал чиновников за перекладывание ответственности и потребовал обеспечить качественное строительство дорог.

Токаев раскритиковал многокилометровые пробки на границе и слабое развитие транспортной инфраструктуры. Президент заявил, что Казахстан теряет огромные доходы от воздушного транзита между Европой и Азией.

Также президент раскритиковал ситуацию в энергетике Казахстана. По его словам, зимой страна вынуждена дорого покупать электроэнергию у соседей, а летом возвращать её по значительно более низкой цене. Президент также заявил о срывах сроков запуска новых энергомощностей в Туркестане, Кызылорде, Алматы и Экибастузе.

Токаев заявил, что Казахстан производит 123 млрд. кВт/ч электроэнергии в год, но этого катастрофически не хватает для развития экономики и цифровизации. Поручил к 2029 году добиться устойчивого избытка электроэнергии за счёт строительства и модернизации электростанций.



ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ВЫСТУПИЛ С ПОСЛАНИЕМ НАРОДУ КАЗАХСТАНА. РЕДАКЦИЯ ИА «NEWTIMES.KZ» ВЕЛА ТЕКСТОВУЮ ТРАНСЛЯЦИЮ ВЫСТУПЛЕНИЯ. В НАЧАЛЕ ПОСЛАНИЯ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ НАПОМНИЛ, ЧТО В ЭТОМ ГОДУ КАЗАХСТАН ОТМЕЧАЕТ 35-ЛЕТИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ. ПРЕЗИДЕНТ ТАКЖЕ ОТМЕТИЛ, ЧТО В МАРТЕ НА РЕФЕРЕНДУМЕ БЫЛА ПРИНЯТА НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ, КОТОРАЯ ВСТУПИЛА В СИЛУ 1 ИЮЛЯ 2026 ГОДА. ТОКАЕВ ЗАЯВИЛ, ЧТО АВТОРИТЕТ ООН ПЕРЕЖИВАЕТ КРИЗИС, А МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО ТЕРЯЕТ ЗНАЧЕНИЕ. ПО ЕГО СЛОВАМ, МИР СТОЛКНУЛСЯ С НЕОПРЕДЕЛЁННОСТЬЮ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО ДАЖЕ ВО ВРЕМЕНА ХОЛОДНОЙ ВОЙНЫ.

Глава государства предложил создать стратегический запас урана на 100 лет. Президент также допустил начало строительства АЭС «Балхаш» уже в 2027 году и ускорение подготовки к строительству АЭС «Мойынкум».

Токаев заявил о масштабном обновлении гражданской инфраструктуры Казахстана. Президент поручил правительству привлекать частные инвестиции, используя государственные средства как гарантию для инвесторов.

Токаев поручил модернизировать геологоразведку с помощью современных технологий и создать национальную систему управления запасами стратегически важных металлов. Конкретные предложения правительство должно представить до конца года.

Токаев предложил создать национальный запас редких и цветных металлов. Он также раскритиковал планы строительства металлургических заводов в трёх областях при наличии Qarmet, усомнившись в спросе на их продукцию.

Токаев поручил ускорить реализацию проектов пищевой промышленности на сумму более 500 млрд. тенге и увеличить производство современных отечественных тракторов и комбайнов.

Токаев поручил обеспечить фермеров долгосрочным льготным финансированием. По его словам, в прошлом году сельское хозяйство выросло на 6%, а объём производства достиг 15 трлн. тенге. При этом господдержка увеличилась до 1,5 трлн. тенге.

Президент поддержал предложение главы NVIDIA Дженсена Хуанга внедрить ИИ в сельское хозяйство. Он также потребовал усилить контроль за расходованием воды, прекратить использование питьевой воды не по назначению, в том числе на автомойках, и завершить создание цифровой системы учёта водных ресурсов.

Президент поручил развивать переработку сельхозпродукции и современные технологии в животноводстве. В Казахстане уже работают 71 молочная ферма, производящая более 462 тысяч тонн молока в год. Новые перспективные проекты получат поддержку государства.

Токаев поручил развивать хранение и продажу сельхозпродукции, а также производить в Казахстане стройматериалы и оборудование для крупных проектов. Он подчеркнул, что средства Нацфонда нельзя направлять на финансирование импорта.

Глава государства раскритиковал отсутствие единой системы привлечения инвестиций в Казахстане и предложил передать координацию этой работы одному ведомству, возможно, холдингу «Бәйтерек». В Алатау создадут инвестиционный суд по английской модели права и отдельный гражданский суд. Правительство должно внести соответствующие поправки до конца января 2027 года.

Токаев поручил разработать план развития среднего бизнеса, предусмотрев долгосрочное финансирование, модернизацию предприятий и сотрудничество с крупными компаниями. Сейчас доля малого и среднего бизнеса в ВВП Казахстана достигла 40%. Президент предложил рассмотреть возможность вновь освободить малый и микробизнес от проверок на три года – с 2027-го. Он отметил, что нарушений стало меньше, однако штрафы выросли, а внеплановые проверки участились в десятки раз. Глава государства призвал смягчить уголовное преследование за экономические нарушения и защитить отечественный бизнес от искусственных препятствий. Занижение стоимости импорта и ограничение доступа казахстанских товаров на рынок он назвал коррупцией. Токаев заявил, что Казахстан обязан создать цифровую экономику. В стране уже работают два суперкомпьютера, готовится запуск третьего. При этом президент раскритиковал цифровизацию, которая часто ограничивается разговорами и закупкой дорогих программ без реальной пользы.

В Казахстане до конца года разработают упрощённый правовой режим цифровой занятости. По словам президента, смартфоны должны стать для граждан не только средством развлечения, но и инструментом заработка.

Президент предложил объявить 2027 год Годом масштабного всенародного строительства. По всей стране планируют строить и ремонтировать дороги, больницы, школы, аэропорты, спортивные и культурные объекты, а также жильё

Глава государства потребовал повысить качество госуправления и усилить контроль за масштабным строительством. Он поручил тщательно отбирать проекты и подрядчиков, а также следить за каждым этапом работ.

Токаев назвал инфляцию «безмолвным врагом» благополучия казахстанцев. Президент поручил правительству и Нацбанку совместно сдерживать рост цен, подчеркнув, что главная цель – повышение доходов населения.

Активы банков Казахстана превысили 75 трлн тенге, а депозиты достигли рекордных 52 трлн. Президент поручил Нацбанку активнее содействовать развитию экономики, используя накопленные финансовые ресурсы.

Токаев поручил активнее привлекать банки к долгосрочному кредитованию бизнеса. Новые механизмы финансирования экономики должны предусмотреть участие банков, международных организаций и ЕНПФ.

Президент поручил использовать искусственный интеллект для выявления неэффективных бюджетных расходов и полностью цифровизировать казначейскую систему. От правительства и Нацбанка он ждёт конкретных предложений.

В 2027 году в регионах запустят пилотные цифровые проекты, которые помогут сельским производителям продавать свою продукцию. Также президент предложил развивать токенизацию активов, чтобы казахстанцы могли становиться совладельцами компаний и привлекать инвестиции без посредников.

Токаев поручил пересмотреть отдельные положения нового Налогового кодекса, которые создают трудности для бизнеса. Президент потребовал устранить противоречия, снизить излишнюю нагрузку на предпринимателей и подготовить точечные поправки.

Токаев предложил обсудить повышение налогов для состоятельных казахстанцев. Правительство и Курултай должны изучить инициативу и подготовить предложения.

Президент предложил принять новый Гражданский кодекс Казахстана до конца 2027 года. По его словам, действующий документ, разработанный в 1990-х, устарел и не отвечает требованиям современной экономики.

Токаев раскритиковал чрезмерные социальные выплаты, которые получали даже обеспеченные семьи, пока стране не хватало школ и больниц. Президент назвал такую политику популизмом и призвал кардинально пересмотреть систему социальной поддержки.

Государственную помощь должны получать только действительно нуждающиеся, подчеркнул президент. Он призвал осторожно реформировать социальную поддержку, сначала проверяя новые механизмы в пилотном режиме.

В Казахстане планируют построить восемь перинатальных центров и семь детских больниц в разных городах, а также два медицинских объекта в Астане. Президент поручил привлечь к строительству частные инвестиции и не затягивать реализацию проектов.

С 1 января 2027 года минимальную зарплату в Казахстане повысят с 85 до 110 тысяч тенге. Также до 40% увеличат зарплаты более 77 тысячам медработников первичного звена в зависимости от стажа.

Токаев поручил в течение года разработать долгосрочную стратегию развития Казахстана. К работе привлекут Администрацию президента, Агентство по стратегическому планированию, научные центры и депутатов.

Токаев призвал реформировать систему госуправления на всех уровнях – от правительства до сельских акимов. Он потребовал повысить эффективность госслужащих, внедрять искусственный интеллект и расширять самостоятельность госорганов.

Администрация президента должна до 1 июня 2027 года представить комплексный план реформы госуправления. Токаев потребовал избавить госаппарат от бюрократии, устранить дублирование функций с помощью ИИ и разработать новые этические правила для госслужащих.

Токаев назвал построение справедливого, сильного и прогрессивного Казахстана главной целью страны. Президент подчеркнул, что в центре всех реформ должны стоять интересы граждан, а основой государственной политики – справедливость.

Токаев потребовал избавить учителей от лишней отчётности, в том числе на цифровых платформах. Президент также призвал защитить педагогов от агрессии учеников и давления со стороны руководства школ.

Токаев заявил, что в ближайшие годы строительный бум охватит все регионы Казахстана. По всей стране планируют возводить дороги, заводы, школы, больницы и другие объекты инфраструктуры, а также развивать цифровую экономику. Токаев заявил, что для успешных реформ необходимо менять не только законы, но и общественное сознание. Президент призвал укреплять уважение к закону, развивать образование, науку и искусственный интеллект, а также воспитывать патриотизм. Токаев завершил Послание народу Казахстана, призвав объединить усилия для реализации масштабных реформ. Президент выразил уверенность, что страна сможет построить справедливое общество с равными возможностями для всех граждан.

ЕЛ БІРЛІГІ – ГЕОСАЯСИ СТРАТЕГИЯМЫЗДЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫН БІРАЗ КҮТІП ҚАЛДЫҚ. УАҚЫТ ЖАҒЫНАН. СОНДЫҚТАН ДА БОЛАР ЖАРИЯЛАНҒАН СӘТТЕ-АҚ ЖОЛДАУДЫ «НЕ ЖАЗЫЛДЫ ЕКЕН» ДЕП ҚЫЗЫҒА ОҚЫП ШЫҚТЫМ. РАСЫН АЙТСАМ, АЛҒАШҚЫ ГЕОСАЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ЖОЛДАУ СӨЗДЕРІ МАҒАН ӨТЕ ҚАТТЫ ӘСЕР ҚАЛДЫРДЫ. ӨЙТКЕНІ ӘР ЖЕРДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН СОҒЫСТАН ҚОРҚУҒА БОЛАДЫ. ОЛ ЖАҒДАЙЛАР КІМДІ ДЕ БОЛСА НЕМҚҰРАЙДЫ ҚАЛДЫРЫП ЖАТҚАН ЖОҚ.



Бүгінгі таңда әлемдегі геосаяси жағдайдың күрделі екені ешкімге жасырын емес. Халықаралық қатынастардағы шиеленістер, экономикалық санкциялар тәкәбберсі және әлемде үстемдік жүргізгісі келетін мықты державалардың тайталасы, үстемдікке ұмтылуы кез келген мемлекеттен саяси қырағылық пен ішкі тұрақтылықты талап етеді. Соңғы кезде көбейіп жатқан саммиттер де осының салдарынан деп түсінуге болады. Соғысып жатқандарды мәмілеге келтіру оңай еместігі байқалады. Осындай алмағайып заманда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыртқы саясаттағы салмақты бағыты мен елдің ішкі тұтастығын сақтау мақсатында Жолдауды содан бастауы еліміздің болашағының кепілі деп түсінемін.

«Елдің бірлігі болмаса, біз алға жылжу тұрмақ өспейміз және өнбейміз» деген қағидасы ойланарлық мәселе. Мен Мемлекет басшысының осы саяси ұстанымын, яғни сыртқы геосаяси сын-қатерлерге қарсы тұрудың ең басты қаруы – ішкі бірлік деген тұжырымын толықтай қолдаймын. Өйткені қазіргі кезде біздің бірлігіміз ғана мемлекетімізді сақтап қалады. Әлеуметтік желілерде Жолдауды талдап жатқандар ішінде популистік ойлар да кездесіп қалып жатыр. Дәл қазіргі сәтте тек «мен ғана дұрыс айтып отырмын Жолдау туралы» деген кеудемсоқтық пікірден аулақ болғанымыз жөн бе деймін.

Еліміздің географиялық орналасуы ерекше болғандықтан және біздің басқа елдермен достастық қарым-қатынасымыз ауқымды болғандықтан әлемдегі мемлекеттердегі кез келген тұрақсыздық біздің экономикамыз бен қоғамымызға тікелей немесе жанама әсер етпей қоймайды. Мемлекет басшысы сыртқы саясатта халықаралық құқықты, БҰҰ Жарғысын басшылыққа ала отырып, ұлттық мүддені қорғаудың озық үлгісін көрсетіп келеді. Қай елдің болмасын мемлекет басқарып отырған президентімен тең құқықты деңгейде сөйлесе алады.

Бұрынырақта, датасы есімде жоқ, президент Тоқаев Қ. Кремльге барғанында Ресей журналисі Соловьевтің «Сіз үлкен державалар ортасындағы елсіз, қай елге бүйрегіңіз бұрады?» деген сұрағына «Қазақстанға ғана» - деп жауап бергені естен кетпейді. Бұлайша тек Тоқаев қана жауап бере алады. Өйткені ол халықаралық құқықты терең меңгерген. Өз еліне бүйрегін бұратын мемлекет басшысы кез келген мықты сыртқы саясат болмасын ішкі тұрақтылыққа тікелей тәуелді екенін, егер мемлекет іштей іріп, қоғам жікке бөлінетін болса, ешқандай сыртқы дипломатия елді қорғай алмайтынын сезіп, білгендіктен Президенттің геосаяси бағытының өзегі – ел ішіндегі татулықты, ұлтаралық келісімді және заң мен тәртіпті сақтау болып табылады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біз «Әділетті Қазақстанды» құруды мақсат еткендіктен біздің елде ауызбіршілік те жоғары болуы керек. Осыларды Жолдауда атап өткен Президент, менің ойымша, көреген саясаткер. Біз түрлі көзқараста болсақ та Отанымыз – бір, мақсатымыз ортақ Қазақ еліміз. Сондықтан мен Президент Жолдауында айтылған ел бірлігін сақтау стратегиясын қолдаймын! Жұмылған алақандай бірлігі мықты ел болсақ қана біз дамыған мемлекеттердің қатарына қосыла аламыз.

Еңлік Бұралқиева,
зейнеткер

Мен 2026 жылғы 28 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, инфрақұрылымды жаңғырту, білім мен ғылымды дамыту, жаңа технологиялар мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу жөніндегі бастамаларын қолдаймын.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТ БЕРГЕН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР



Өйткені мемлекеттің қуаты экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, азаматтардың өмір сүру сапасымен, білім деңгейімен, қоғамның бірлігімен және болашаққа деген сенімімен өлшенеді.

Маған Жолдаудағы «Адал азамат» идеологиясына, заңға құрметпен қарауға, тәртіп пен жауапкершілікке, ел игілігі үшін адал еңбек етуге басымдық берілуі ерекше маңызды көрінді. Отанға деген сүйіспеншілік құр сөзбен емес, нақты іспен, кәсіби міндетке адалдықпен, қоғам алдындағы жауапкершілікпен дәлелденеді. Бұл қағидаттар әскери қызметте де, журналистика мен әдебиет саласында да айрықша мәнге ие.

Елдің болашағы үшін қолға алынған бастамалардың нақты нәтижеге айналуы бәрімізге байланысты деп есептеймін. Әр азамат өз саласында сапалы еңбек етіп, ортақ іске үлес қосқанда ғана мемлекетіміздің дамуы нығая түседі. Сондықтан Президент Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға қоғам болып атсалысуымыз қажет деп санаймын. Мен Қазақстанның бейбіт, қуатты, білімді ұрпақ өсіретін, ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, заман талабына сай дамитын мемлекет болғанын қалаймын. Осы мақсат жолында ел бірлігін нығайту, адал еңбек ету және жас ұрпақтың болашағына жауапкершілікпен қарау – баршамызға ортақ міндет.

Манарбек Қарекенов,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
әскери журналист, ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаментінің кеңесшісі, подполковник

КӨРЕГЕНДІК

Менің ойымша біздің Президентіміздің көрегендігі бар. Оны мойындауымыз керек, өйткені біз қазір көп ілгері жылжыдық. Бұл Қасым-Жомарт Тоқаевтың істеп жатқан істерінің бағыты оң екенін көрсетеді.




Жолдауды тыңдадық. Онда көп нәрсе айтылды, «көп нәрсе істелуі керек» деді. Оны кім істейді? Оның бәрі істі төреден қара халыққа дейін біздің жұмыла атқаруымызға байланысты істелінетін шаралар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» – деп атам қазақ бекер айтпаған шығар. Бізге бірлік, татулық, ынтымақ керек. Айтылғандардың бәрі көңілге қонады. Әсіресе халықтың мұң-мұқтажы, халықтың жағдайын көтеру: құрылыс жағы, үйменен қамтамасыз ету, жалақы көтеру, мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің жалақыларын көтеру, әскери қызметкерлердің жағдайын жасау керек, олардың жалақыларын көтеру, барлық жағына көңіл бөлу керектігін айтты. Осының бәрін істеу халықтың өз қолында деп білемін. Халықтың Президентке деген көзқарасы өте жақсы. Менің де Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағыты дұрыс екеніне сенімім мол. Елдің жағдайы жаман емес: пенсия жыл сайын көтеріліп жатыр, биыл да 8,5 пайызға көтеріледі. Келесі жыл «Құрылыс жылы» болып жарияланды. Тек қана құрылыс емес, ауыл шаруашылығына да көңіл бөлініп жатыр. Мысалы, биыл астықтан он бес жылда алмаған өнім алынды, 24 млн. тонна астық алынды. Бұл – халықтың жағдайы түзеледі деген сөз. Халықтың жағдайы қай уақытта түзеледі? Ел іші тыныш болса, ел тоқ болса, жұмыс бар болса, халықтың жағдайы дұрысталады. Жолдаудың өзі осы бағытта айтылған. Біз, әрине, қолдаймыз! Енді, тек қана алға дейміз! Ел аман болсын! Жұрт аман болсын! Ел іргесі сөгілмесін!

Жұмағұлов
Нұрлыахмет Дубекұлы,
Зейнеткер
Талдықорған қаласы

Өз үйінің қақпасының алдында қолында газеті бар Талдықорған қаласының тұрғыны, әрі зейнеткер ақсақал Ысқақов Сейіт Ысқақұлымен кездесіп қалғанда ол бірден Президент Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы туралы пікірімен бөлісті.

ЕЛДІҢ ҚАМЫН – ЕР ОЙЛАР

- Маған ұнағаны – деді ақсақал, Президент Жолдауын жалаулатып, әдемі жылтыр сөздермен емес, нақты істелінетін шараларды тізбектеп көрсетуімен, әсіресе 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынғаны. Бұл - елдегі құрылыс саласын жандандырып қана қоймай, елдің жағдайын, көлік және инженерлік нысандарды жаңартуға ықпал етеді. Аталған мақсаттарға 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн. теңге, оның ішінде биыл 1,5 трлн. теңге бөлу көзделіп отыр екен. Осылайша, мемлекет мүмкіндігі халыққа қажетті нысандарды салу мен қолданыстағы инфрақұрылымды жаңартуға бағытталатыны керемет екен. Мысалы, байқап жүрмін, Талдықорған қаласында тұрғын үй құрылыстары дамылсыз жүруде. Сонымен қатар медициналық орталықтар, балаларға арналған ойын алаңдары, спорт кешендерін салу тоқтаусыз жүріп жатыр. Қаланың ішіндегі және сырт айналым жолдары күрделі жөнделуде. Қарттарға арналған сауықтыру орталықтары белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Бұл дегеніміз халықтың денсаулығына, әлеуметтік жағдайына қамқорлық жасау. Яғни Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауының талаптарына сай жұмыс жүріп жатыр деп айта аламын. Қала маңындағы ауылдардың бәріне газ тартылып, көшелері асфальтталуда. Әлеуметтік



Сейіт Ысқақов

жағдай жасап, арнайы азық-түлік тауарлары жеңілдетілген бағамен сатылып тұрады. Жолдауда айтылғандай, ең төменгі жалақы деңгейі, жекелеген салалардағы жалақының сатылап өсіп көтерілетіндігі, әрине, елді қуантады. Бүгінгі күні еліміздің ішкі-сыртқы саясатын тең ұстап, елдің тыныштығын ойлап жүрген еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауын толық қолдаймын!

Жазып алған Сембек Абдрахманов
«Алатау»

ҰЛТТЫҢ ҚУАТЫ – АДАМИ КАПИТАЛДА, БІЛІМДІ ҰРПАҚТА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауы — еліміздің ертеңгі жасампаз жолын айқындаған, ұлт рухын асқақтатқан тарихи құжат болды. Бұл Жолдау — тек экономикалық бағдарлама ғана емес, әрбір азаматтың жүрегіне сенім ұялатып, елдік мақсаттар төңірегіне жұмылдыратын жасампаздықтың жаңа парағы. Осы бір сындарлы шақта Мемлекет басшысының стратегиялық бастамаларын Ескелді ауданының қалың жұртшылығы мен жергілікті атқарушы билігі зор тебіреніспен және толықтай қолдайды.



Президентіміз алдағы кезеңді «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялай отырып, елдің инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуды басты міндет етіп қойды. Бұл қадам құт қонған Ескелді өңірі үшін де дамудың жаңа көкжиегін ашпақ. Жолдаудан туындайтын міндеттер аясында ауданымыздың әрбір ауылына таза ауыз су жеткізу, жолдарды жаңартып, көлік қатынасын жақсарту және заманауи әлеуметтік нысандар тұрғызу жұмыстары жаңа серпінмен, зор жауапкершілікпен жүргізіледі.

Ұлттың қуаты — адами капиталда, білімді ұрпақта. Жолдауда білім беру саласын дамыту, ардақты ұстаздар қауымына қолдау көрсету және әлеуметтік әділдікті орнату мәселелеріне ерекше басымдық берілді. Біз ауданымызда заманауи мектептердің бой көтеруіне, жас ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына барлық жағдайды жасаймыз. Мемлекеттік қамқорлықтың әрбір мұқтаж жанға әділ әрі ашық жетуін қамтамасыз ету — біздің басты парызымыз.

Мемлекет басшысы белгілеп берген асқақ міндеттерді орындау елдігіміздің сыны, бірлігіміздің белгісі. Қасиетті Ескелді жерінің еңбеккөр халықымен бірлесе отырып, ауданымыздың әл-ауқатын арттыру жолында аянбай еңбек етеміз. Мақсатымыз бір, мүддеміз ортақ — қуатты мемлекет, гүлденген өлке және бақытты қоғам құру жолында қадамымыз нық, болашағымыз жарқын болғай!

Жанар Байұзақова,
Ескелді ауданы әкімінің орынбасары

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ҮШТӨБЕ КӨРКІ – САЯБАҚ!

ЖУЫРДА ҚАЛАМЫЗДА ІРГЕСІ СОНАУ 1936 ЖЫЛЫ 6 ГЕКТАР ЖЕР КӨЛЕМІНДЕ ҚАЛАНҒАН ТЕМІРЖОЛШЫЛАР САЯБАҒЫ ҚАЙТА ЖАҢАРТУДАН ӨТІП, ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА БОЛМАСАМ ДА ЕРТЕҢІНЕ АРНАЙЫ БАРЫП, АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕРДІ КӨЗІММЕН КӨРІП, КӨҢІЛІМ МАРҚАЙЫП, ҚАЗ ІЛГЕН ҚАРШЫҒАДАЙ ТОЯТТАНЫП ҚАЙТТЫМ.



ӨТКЕНГЕ ШЕГІНІС

Менің замандастарым үшін бұл бақ айырықша қымбат, себебі разъездердегі темiржолшылардың балалары осы мәдениет ошағының маңайынан орын тепкен интернатта тұрып, № 16 мектепте оқыды. 1960 жылдары сабақтан тыс уақытта саябаққа баратынбыз. Ол дәуірде «городки» деп аталатын спорт ойыны халық арасында кең тарап еді. Ұзын таяқ (битамен) кішкентай допты белгілі бір қашықтықтан ұрып, орнынан шығаруға негізделген ойынды көпшілік сүйсіне тамашалайтын, солардың бел ортасында біздер де жүрдік. Сол шақтағы үздік ойыншылардың есімдерін бүгінде ұмытыппын.

Сонымен қатар, ересектер арасында волейболдан өтетін аудан чемпионатының кездесулерін көретінбіз. Сонда Таңатар Панаев сынды жауар күндей күркіреп, жаңбырдай тері сіркіреп жүретін қыран жігіт бастаған темiржолшылардың «Локомотив» командасы басқа құрамаларға дес бермей, барлық қарсыластарын қоғадай жапырып, баудай түсіретін.

Сол волейбол алаңының іргесінде, тура жолдың бойында жеңіл атлеттердің 60 және 100 метрлік спринтерлік қашықтыққа бақ сынайтын жүгіру жолдары болды. Ал көктем мен күз айларында өткізілетін ұзақ қашықтықтарға (кроссқа) шығатын желаяқ спортшылар «жүйрік ат өрге шапса өршеленер» деп саябақтың соқпақтарымен желдей есіп жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайтын. Есімі елге танымал былғары қолғап шебері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Айдарбек Жапсарбаев та шәкірттерімен жаттығуларын жаз айларында бақ ішінде өткізетін. Кешке күн бата жазғы кинотеатрда сол заманның небір жауһар фильмдері көрсетілетін.

2-ші дүниежүзілік соғыс тақырыбын қозайтын «Летят журавли», «Тишина», «Судьба человека», «Два бойца», сондай-ақ «Тихий Дон», «Свадьба в Малиновке» т.б. туындыларды көріп, патриоттық сезіммен уланатынбыз. Орталық би алаңындағы кештерге де ара-тұра барып тұратынбыз, өйткені ол кезде шаһарымызда сотқарлық дерті өршіп тұрды. Қалада орныққан төрт бұзақы топ өзара текетіреске түсіп, соңы төбелеске ұласатын. Милиция жасақтары кейде оған ие бола алмай қалатын.

1980 жылдардың ортасында демалыс орны Үштөбе қалалық атқару комитеті мен аудандық мәдениет бөліміне қарасты «Қалалық саябақ дирекциясы» болып қайта құрылып, өзін-өзі қаржыландыру жүйесіне көшірілді, бірақ бастама кейінгі жылдардағы экономикалық қиыншылықтарға шыдас бере алмай, қараусыз қалды. Саябақты аралап жүріп, сол күндер есіме түсті.

ГҮЛДЕНІП, ТҮРЛЕНГЕН САЯБАҚ

Жаңарған, қаланың әрін, сәнін, көркін кіргізген саябаққа келсек өте ауқымды жұмыс көлемі атқарылыпты. Демалыс орны заман талабына сай жаңартылып, эстетикалық үдерістен шыға білген. Босағадан аттағаннанақ тоғыз жолдың торабында тұрғандай күй кештім. Сан-тарапқа шашыраған күн сәулесіндей жан-жаққа тартылған жаяу соқпақтардың (тротуарлардың) қайсысына қадам басарымды білмей абдырап қалдым. Төсеніш кафельдері тақтайдай тегіс, әрі кең екен. «Тегіс жерден сырғытып, ойпаң жерден орғытып» өтетін Тайбурыл аттай соқпақтар аяқты балпаң-балпаң басып, алшаңдап жүруге төселгендей әсер қалдырды.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ағаш көшеттерін отырғызу мен гүл тұқымдарын себу, оларға су тарту, тамшылатып суару жүйесін ендіру ойдағыдай жүргізіліпті. Ағын су арығының екі қапталы мен табаны плиткалармен қапталып, екі жағалауына кафель тақташалары төселіпті.

Саябақ бойына қылқанды қарағай, көк шырша, арудай бұралған ақ қайың, өте берік емен, жапырақтары әдемі үйеңкі, ақ пен көк теректер және алма ағаштары саяжолдар (аллеялар) мен шағын бақтарға (сквелерге) айналыпты. Мұнда отбасы, бала-шаға, достаранмен серуендеп бой сергітіп, таза ауамен тыныстап, табиғатпен сырласуға бар жағдай жасалған. Сонымен қатар, өсімдік және бұта біткеннің түр-түрі егілген. Жайқалған жасыл желектер мен гүлзарлар көздің жауын алады.

Енді демалушылар өз қолдарымен оюлап, өрнектеп құс үйшіктерін жасап ағаштарға орнатса, сонда бұлбұлдар үні, көңіл хошын арттыра түсер еді. Сондай-ақ, бұлақтың суындай, қайнардың көзіндей неше алуан су бұрқақтары да көптеп орнатылыпты. Олар шілденің шіліңгір ыстығында суды аспанға атқылап, ауаны салқындатып, үлкенге де, кішіге де жан рахатын сыйлайтын болады. Жаздың аптап ыстығында күн көзінен қорғайтын сүттей аппақ күнқағар шатырлар да тігіліпті.

Көрермен жайғасып отыратын жайлы орындықтары мен сахнасы бар ашық концерт алаңы да түрлі мәдени іс-шаралар мен тақырыптық кештер, концерттер өткізуге дайын екен.





Спорт алаңқайлары да өздеріне тиесілі орындарын тапқан. Кіші футбол (футзал) және кіші баскетбол (стритбол) алаңдары, үш бірдей үстел теннисі, спорттық тренажерлар орталығы спорт әуесқойларын «мен мұндалап» өзіне тартады.

Жас өскін кеңістігіне бейімделген ойын алаңдары да талғаммен жасалған. Балалар қалашығы, аттракциондар легі және түрлі мүсіндер алыстан көзге шалынады. Арқаны кеңге салып, ұзын-сонар әңгіме-дүкен құратын әсем жаппалар да (беседкалар) назардан тыс қалмаған.

Табиғат аясында тамақтану да ойластырылған. Дастархан жайып, дәм тататын, қаймақталған шай ішіп, сусын сіміретін орын да қарастырылыпты.

Жарықтандыру мәселесі де оң шешілген, бағаналар орнатылып, самаладай жарқырар шамдар ілінген. Темекінің тұқылын, сіріңкенің шиін, жалпы қоқыс тастайтын жәшіктер де әржерге қойылған. Ал дәретхананың бар-жоғын білмедім, жоқ болса орнатылар.

Бақ төріне топырақ үйіндісінен қаламыздың атауын айғақтайтын бейнелік (символикалық) үш төбе тұрғызылып, етегіне киізүйдің керегесі керіліпті. Ал алдында халқымыздың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін, ит жүгіртіп, құс салған аңшы әрі құсбегінің мылтық асынып, қыран бүркіт ұстағаны, тазы ерткені және сүйікті жарының болмысы табиғат көрінісімен айшықталып беріліпті.

Киелі төбеге барар жолдың сол қапталына Ескелді, Балпық, Жолбарыс би-батыр мен Қабылиса жырау және Тасбұлақ бидің өсиет сөздері, ал оң қапталына «Жеті қазынаға» кіретін ел тірегі - ер жігіт, отбасының ұйытқысы, шаңырақтың өзегі – сұлу әйел, адамға дұрыс жол сілтейтін – ақыл-білім, ер қанаты – ат, ер-ел, ұлт, мемлекет мүддесі тұрғысынан шешім қабылдауымыз қажет. Сөз мәтінін тақтаға жазбастан бұрын, «өзім білемдікке салынбай» оны тарихтан, әдебиеттен хабары бар, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың талқысына салу керек еді.

Тағы бір кемшін тұс, бір жақ қапталға «Жеті қазына» қағидаттары жазылғаннан кейін, екінші жақтағы тақталарға да жеті бидің өсиеттерін жазу керек. Симметрия заңы (7 х 7) соны талап етеді. Оның сыртында Ескелді, Балпық, Жолбарыс би-батыр әулиелердің нақылдарын бөлмей-жармай қатар қойған жөн болар еді. Бұл қағидат та сақталмаған. Осы түйіткілдер көңілге кірбің келтірді.

Жағымды тұстарға қайта оралсақ саябақ өте тартымды, әдемі күйге енген. Көктем, жаз, күз айларында тіптен масатыдай құлпырып, көк шалғындай жайқалып кетері анық. Барлық бұрыштары мен тетіктері ретке келтірілген. Демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бейне бақылау құрылғылары алдағы уақытта орнатыла жатар.

Аудан тұрғындары енді үйде отыра алмай «сұлулықтың белгісі – көргендер аңсап шөлдеген» деп, сұлулықтың, әдеміліктің көріктіліктің бейнесіне (символына) айналған саябаққа тау суындай төгіле, ағын судай жайыла барып іс-шараларға белсене қатысады деп сенемін.

Жер көлемі көтергенде үйрек ұшып, қаз қонар жасанды көл мен миллиондардың ойыны футболдан кейінгі № 2 спорт түрі саналатын, бүгінде жер бетінде бұқаралық сипат алған волейбол алаңы да салынар ма еді, кім білсін? Көлді қыста мұз айдынына айналдырып, сырғанақ тебуге мүмкіншілік тудыруға болар еді, себебі іргемізде кермаралдай керіліп созылып жатқан Қаратал өзені бар, оны ел игілігіне пайдалану міндет.

Сөз соңында қосарым, саябақты абаттандырып, көріктендіруде әлі де талай кешенді азаматтың сенімді серігі – құмай тазы, ұлттық дәстүрдің бір бөлігі - қыран бүркіт, аңшылық дәстүрді әйгілейтін - берен мылтықтың мәнмағынасы әшекейлеп жазылыпты.



Әттеген-айы, Тасбұлақ бидің (1823 – 1917 ж.ж.) «Жер даулаған - ел азады, ел даулаған - ер азады. Жер - атадан қалған мұра емес, жер - кейінгіге аманат» деген тәмсілі екі ұдай пікір қалдырады. Ата-бабаларымыз ұлан-байтақ қазақ жерін найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен қорғап, ұрпағына аманат етіп қалдырды деп мақтанышпен айтамыз. Сөйтеміз де көзқарас қайшылығына жол береміз. Бұл жерде бір ағаттық бар. Иә, халқымызда ру аралық деңгейде жер даулары болғаны рас, бірақ бүгінде біз қашанда іс-шаралар атқарылар. Жұмыс шаш-етектен екендігі анық байқалады. Саябақты осы деңгейде ұстап тұру үшін істі ұйымдастыра білетін білікті мамандар мен өз ісін шексіз сүйетін еңбекқор жұмысшылар керек-ақ. Бастысы, біздер, тұрғындар барды бағалай біліп, оны пайдалануда жоғары мәдениеттілік таныта білуіміз қажет. Ал материалдық-техникалық жарақтандыру мен қаржыландыру мәселелерін билік иелері ойластырып қойған болар.

Жексенбек Сұлтанбеков
Үштөбе қаласының тұрғыны

FLYARYSTAN ТАЛДЫҚОРҒАНДА БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫН ӨТКІЗДІ

Кездесуде әуе билеттерінің бағасы, лоукостердің жұмыс істеу қағидаты, қол жүгі мен багажды тасымалдау талаптары және тіркелу тәртібі туралы айтылды.
Жетісу облысының Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында FlyArystan әуе компаниясының баспасөз мәслихаты өтті. Кездесу FlyArystan мен Жетісу облысы арасында үшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғаннан кейін ұйымдастырылды. Құжат өңірдегі әуе қатынасын дамытуға бағытталған. Ал Талдықорған FlyArystan маршруттық желісін кеңейтуге әлеуеті бар қала ретінде қарастырылып отыр, деп хабарлайды Qaz365.kz.



Журналистердің сұрақтарына FlyArystan корпоративтік коммуникациялар басқармасының басшысы Марат Айнабеков пен сату басқармасының басшысы Дәкен Шемет жауап берді. Кездесуде әуе билеттерінің бағасы, лоукостердің жұмыс істеу қағидаты, қол жүгі мен багажды тасымалдау талаптары және тіркелу тәртібі туралы айтылды.

– Лоукостердегі билет бағасы неден құралады?

Марат Айнабеков: «Біздің басты қағидамыз – жолаушы тек өзіне қажетті қызметтер үшін төлейді. Базалық тарифке ұшу құны мен салмағы 7 кг-ға дейінгі бір орын қол жүгі кіреді. Ал багаж, орынды таңдау, тамақтану және басқа да қосымша қызметтерді жолаушы өз қалауына қарай сатып алады. Әуе компаниясының жұмыс моделі шығындарды тиімді басқаруға негізделген. Біз бір үлгідегі Airbus A320 әуе кемелерін пайдаланамыз, ұшақтарды келесі рейске дайындау уақытын қысқартамыз және билеттерді онлайн сатамыз. Мұның бәрі базалық тарифті қолжетімді деңгейде ұстауға мүмкіндік береді».

– Әуе билеттерінің бағасы қалай белгіленеді және тиімді тарифті қалай таңдауға болады?

Дәкен Шемет: «Билет бағасы бағытқа, ұшу күніне, сұранысқа және билеттің қаншалықты ерте сатып алынғанына байланысты. Әр рейске әртүрлі бағадағы билеттер ұсынылады. Бағасы ең төмен билеттерге сұраныс жоғары болғандықтан, олар бірінші болып сатылып кетеді. Сондықтан сапарды алдын ала жоспарлап, билетті ертерек сатып алған жолаушы тиімді тарифпен ұша алады».

– Erte акциясы мен ERTE - 90, ERTE- 60, ERTE - 30 промокодтары қалай жұмыс істейді?

Дәкен Шемет: «Қазақ тіліндегі «Ерте» сөзі акцияның мәнін толық аңғартады: сапарын ертерек жоспарлаған жолаушы билетке аз төлейді. Промокодтар FlyArystan мобильді қосымшасында билет сатып алған кезде қолданылады. «ERTE-90» промокоды ұшуға 90 күннен астам уақыт қалғанда билет сатып алса, 20% жеңілдік береді. «ERTE-60» промокоды бойынша 60 күннен астам уақыт қалғанда – 15%, ал «ERTE-30» промокоды бойынша 30 күннен астам уақыт қалғанда – 10% жеңілдік қарастырылған. Акцияға қатысатын бағыттар мен толық шарттарды мобильді қосымшадан көруге болады».

– Қол жүгінің тегін тасымалдау нормасы неге 7 кг. болып белгіленген?

Марат Айнабеков: «2026 жылғы 1 наурыздан бастап тегін қол жүгінің салмағын 5 кг-нан 7 кг-ға дейін арттырдық. Оның рұқсат етілген өлшемі – 56×23×36 см. Лоукостер жұмысының маңызды ерекшеліктерінің бірі – уақытты тиімді пайдалану. Әуе кемесін келесі рейске дайындауға орта есеппен 30 минут кетеді. Сондықтан қол жүгіне қойылатын бірыңғай талаптар жолаушыларды отырғызу үдерісін жылдамдатып, рейстердің уақытылы орындалуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, борттағы жүктің салмағы жанармай шығынына, демек, билет құнына да әсер етеді. Қысқа сапарға 7 кг. қол жүгі әдетте жеткілікті. Ал қосымша заттары бар жолаушылар қол жүгінің салмағын алдын ала 10 кг-ға дейін арттыра алады».

– Багаж бен тамақтану қызметтері неге билет құнына кірмейді?

Марат Айнабеков: «Әр жолаушыға чемодан қажет емес, қысқа рейспен ұшатындардың бәрі бірдей тамақтануға тапсырыс бермейді. Егер багаж бен тамақтану билет құнына қосылса, бірнеше күнге жеңіл жүкпен ұшатын жолаушы өзі пайдаланбайтын қызметтердің ақысын да төлер еді. Ал қызметтерді бөлек ұсыну әркімге тек өзіне қажеттісін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бортта тіскебасарлар, сусындар, кофе мен десерттер сатып алуға болады».

Дәкен Шемет: «Егер сапар кезінде багаж, қол жүгінің қосымша салмағы немесе тамақтану қажет болатынын білсеңіз, бұл қызметтерді сайт немесе мобильді қосымша арқылы алдын ала рәсімдеуге кеңес береміз. Қызметті неғұрлым ертерек сатып алсаңыз, соғұрлым тиімді болады. Әуежайда рәсімдеу құны жоғары».

– Қол жүгінің салмағы небәрі 1 кг-ға асып кетсе де, жолаушы неге 11 000 теңге төлеуі керек?

Дәкен Шемет: «Бір нәрсені нақтылап өткім келеді: 11 000 теңге – артық әр килограмм үшін алынатын төлем емес. Бұл қол жүгінің рұқсат етілген салмағын 7 кг-нан 10 кг-ға дейін арттыру қызметінің құны. Яғни жүктің салмағы 1 кг-ға немесе 3 кг-ға асып кетсе де, қызмет бағасы өзгермейді. Ең жоғары тариф осы қызмет әуежайда ұшуға 40 минуттан аз уақыт қалғанда рәсімделген жағдайда қолданылады. Ал сайт немесе мобильді қосымша арқылы алдын ала сатып алса, қызмет құны 5 000 теңгеден басталады».

Марат Айнабеков: «Жолаушылардың отырғызу алдында артық салмақ үшін қосымша ақы төлеуге мәжбүр болғанын түсінеміз. Сондықтан талаптармен алдын ала танысқан маңызды. Қол жүгінің 7 кг нормасы мен қосымша салмақты рәсімдеу құны туралы ақпарат билет сатып алғанға дейін сайтта және мобильді қосымшада көрсетіледі. Ең тиімді жол – сөмкені үйде өлшеп, қажет болған жағдайда қосымша салмақты билет брондау кезінде рәсімдеу. Ұшуға аз уақыт қалғанда қызмет құны жоғары болады. Себебі отырғызу қақпасының алдында қол жүгін рәсімдеу бүкіл рейстің отырғызу үдерісін баяулатуы мүмкін».

–FlyArystanәуекомпаниясының онлайн тіркелу қызметінің қандай артықшылықтары бар?

Марат Айнабеков: «Біздің артықшылықтарымыздың бірі – онлайн тіркелудің ерте ашылуы. Жолаушылар рейске ұшуға 30 күн қалғанда тіркеле алады. Ішкі рейстерде тіркелу ұшуға 40 минут, ал халықаралық рейстерде 60 минут қалғанда жабылады. Осылайша, жолаушы билет сатып алғаннан кейін бірден тіркеліп, әуежайға дайын отырғызу талонымен келе алады. Бұл уақытты үнемдеп, кезекте тұру мен асығыстықтан сақтайды».

Кездесу соңында спикерлер жолаушыларға билет сатып алмас бұрын тариф шарттарын мұқият тексеруге кеңес берді. Бұл билетке қандай қызметтер кіретінін алдын ала білуге және әуежайда қосымша шығындардың алдын алуға көмектеседі.

Әуе билеттерінің тарифтері, қол жүгі мен багажды тасымалдау нормалары, қосымша қызметтердің құны және басқа да ережелер туралы толық ақпаратты flyarystan.com ресми сайтынан және мобильді қосымшадан табуға болады. Сондай-ақ билет сатып алмас бұрын оның толық құны мен тасымалдау шарттарымен танысуға мүмкіндік бар.

Жетісу облысымен бірлескен жұмыс жалғасады. Талдықорғаннан жаңа бағыттарды ашу мүмкіндігі жолаушылар сұранысы мен операциялық тиімділікті ескере отырып қарастырылады.

Редакциядан: Баспасөз мәслихаты барысында көптеген сұрақтарға берілген жауаптар арқылы біраз ақпараттық мәселелерге қанық болдық. Десе де соңғы жылдары ашылған бұл әуе қатынасы туралы толық білмейтін жолаушылар әлі де бар. Толық білмегендіктен бұл әуе қатынасының ережелерін түсіну көбімізге оңай емес. Әсіресе қол жүгінің салмағы мен «Ерте» билеттері және басқа да мәселелер төңірегінде наразылықтар туындап жатады. Олай болса төменде бұл компания туралы әлем желідегі деректер не дейді?



ЛОУКЕСТЕР ӘУЕ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алдымен «Лоукостер» деген не? - деген сұраққа жауап іздедік. Лоукостер дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда low-cost — «төмен құн» деген сөз екен. Демек, бұл компания жолаушыларға билетті өте арзан бағамен ұсынатын әуе компаниясы. Оларды халық «бюджеттік әуе компаниялары» немесе «дискаунтерлер» деп те атайды екен. Мұндай компаниялардың басты принципі: «жолаушы тек ұшқаны үшін ғана төлейді, ал қалған қызметтерді өз қалауымен бөлек сатып алады». Лоукостерлердің қарапайым әуе компанияларынан (мысалы, Air Astanadан) негізгі айырмашылықтары мен құпиялары мынада:

• Ұшақ бортында тегін тамақ берілмейді: Билет құнына түскі ас немесе сусындар кірмейді. Бірақ ұшақ ішінде тамақ пен суды ақшаға сатып алуға болады.

• Багаж ережесі қатаң: Тегін тек шағын қол жүгін (рюкзак немесе сөмке) ғана алып өтуге болады. Үлкен чемодан өткізгіңіз келсе, билет бағасына тең немесе одан да қымбат соманы бөлек төлейсіз.

• Тіркелу шарттары: Әуежайдағы тіркеу үстеліне барып тіркелу әдетте ақылы болады. Жолаушы өз телефоны немесе компьютері арқылы әуе компаниясының сайтында (немесе қосымшасында) онлайн режимінде тегін тіркелуі керек.

• Орын таңдау ақылы: Ұшақта қатар отыру немесе терезенің алдын таңдау үшін бөлек ақы төленеді. Егер төлемесеңіз, жүйе сізге кез келген бос орынды автоматты түрде алып береді.

• Бір типті ұшақтар паркі: Лоукостерлер әдетте тек бір үлгідегі (мысалы, тек Airbus A320 немесе тек Boeing 737) жаңа ұшақтарды пайдаланады. Бұл оларға ұшақтарды жөндеуге және ұшқыштарды оқытуға кететін шығынды азайтуға көмектеседі.

• Эконом-класс қана болады: Ұшақ ішінде бизнес-класс деген болмайды. Орындар өте тығыз орналасады, бұл бір рейске мүмкіндігінше көп жолаушы сыйдыру үшін жасалады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ FLYARYSTAN (ФЛАЙ АРЫСТАН)

• **Мәртебесі**: Қазақстанның алғашқы бюджеттік әуе компаниясы (лоукостер). Ол 2018 жылы құрылып, алғашқы рейсін 2019 жылғы 1 мамырда орындады.

• **Құрылтайшысы:** Air Astana әуе компаниясының 100% еншілес кәсіпорны. 2024 жылдан бастап компания жеке әуе пайдаланушысы сертификатын алып, дербес FS кодымен ұша бастады.

• **Негізгі базалары:** Алматы, Астана және Ақтау қалаларының әуежайлары. Бас кеңсесі Алматыда орналасқан.

• **Бағыттары:** Қазақстан ішінде және жақын шет елдерге (Өзбекстан, Қытай, Түркия, БАӘ, Грузия, Армения) 40-тан астам бағыт бойынша қатынайды.

• **Әуе паркі:** 25-тен астам Airbus A320 және Airbus A320neo ұшақтарынан тұрады. Ұшақтардың барлық орындары эконом-класс форматында жасақталған.

• **Ерекшеліктері:** Лоукостер болғандықтан, билет бағасы арзан, бірақ қосымша қызметтер (багаж тасымалдау, борттағы тамақ, орын таңдау) бөлек төленеді. FlyArystan ресми сайтында онлайн тіркелу тегін, ал әуежайда тіркелу ақылы болып табылады.

• **Жетістіктері:** Орталық Азия мен ТМД елдеріндегі «Үздік лоукостер» (Best LCC in Central Asia & CIS) номинациясы бойынша Skytrax марапатын бірнеше жыл қатарынан иеленді.

Қысқаша айтқанда: Егер сіз тек бір сөмкемен, артық шығынсыз, бір қаладан екінші қалаға тез жеткіңіз келсе — лоукостер ең тиімді таңдау болады.

БҰЛ ЛОУКОСТЕРГЕ ЖИІ АЙТЫЛАТЫН СЫН-ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық әлеуметтік желілерде, БАҚ беттерінде және жолаушылардың пікірлерінде FlyArystan (Флай Арыстан) әуе компаниясына қатысты жиі айтылатын негізгі сын-ескертпелер мен жағымсыз жағдайлар төмендегідей санаттарға бөлінеді:

1. Рейстердің жиі кешігуі және ауыстырылуы . Бұл жолаушылар тарапынан ең көп айтылатын шағымдардың бірі. Рейстердің бірнеше сағатқа (кейде тәуліктен астам уақытқа) шегерілуі немесе мүлдем тоқтатылуы жиі кездеседі. Сонымен қатар, ұшу уақытын ауыстыру бойынша ережелер өте қатаң және оның ақысы кейде билеттің өз құнынан да асып кетіп жатады, бұл қоғамда және тіпті депутаттар арасында үлкен сын тудырды.

2. Қол жүгі мен багажға қатысты қатал талаптар және жоғары қосымша төлемдер. Лоукостер форматы болғандықтан, компания қол жүгінің көлемі мен салмағын өте қатал тексеред. Жолаушылар басқа әуе компанияларында (мысалы, Air Astana немесе SCAT) еркін өтетін стандартты сөмкелерді Флай Арыстан қызметкерлерінің «үлкен» деп тауып, әуежайда қосымша үлкен сома (айыппұл ретінде) төлетуге мәжбүрлейтініне жиі шағымданады. Әуежайдағы жүк үшін төленетін тарифтер өте жоғары.

3. Әуежайда тіркелудің ақылы болуы және «iJan» терминалдары. Компания әуежайдағы тіркеу үстелі арқылы тіркелуді ақылы қылған. Егер жолаушы ұшаққа дейін онлайн тіркеліп үлгермесе немесе әуежайдағы iJan терминалы істемей қалып, кассаға жүгінсе, қосымша ақы төлеуге міндетті болады. Бұл әсіресе егде жастағы адамдар мен технологияны жақсы меңгермеген жолаушылар үшін үлкен қолайсыздық тудырады.

4. Қызмет көрсету сапасы және қызметкерлердің дөрекілігі. Әлеуметтік желілерде әуежайдағы немесе борттағы қызметкерлердің жолаушылармен сөйлесу мәнеріне, жоғары тонда сөйлесуіне немесе мәселені шешуге көмектеспей, бейжай қарауына қатысты критикалық пікірлер аз емес.

5. Қоғамдық резонанс тудырған ірі наразылықтар.

• Баланы бортқа мінгізбей тастап кету оқиғасы: Ең үлкен резонанс тудырған оқиғалардың бірі — әуе компаниясы қызметкерлерінің 12 жасар қыз баланы Астана әуежайында (ұшақта орын жетпей қалуына — овербукингке байланысты) жалғыз өзін қалдырып, ұшып кеткені. Бұл оқиғадан кейін компанияға үлкен айыппұл салынып, қоғам тарапынан қатты соққы соққан болатын.

• Тіл мәселесі: Бортта немесе ресми хабарламаларда мемлекеттік тілдің (қазақ тілінің) тиісті деңгейде қолданылмауына байланысты да бірнеше рет дау туындаған.

Түйін: FlyArystan-ның басты артықшылығы — билет бағасының арзандығы болғанымен, жолаушылар сервистің төмендігін, жасырын әрі жоғары қосымша төлемдерді және тұрақсыз ұшу кестесін компанияның басты кемшіліктері ретінде атайды.

АЛАТАУ-АҚПАРАТ

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ЖҰМЫССЫЗДЫ ТІРКЕУДІҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

Ел бойынша жалпы жұмыссыздар саны шамамен 450 мыңнан астам адамды құрайды. Жетісу облысының жалпы халық саны шамамен 682-683 мың адамды құрайды, оның ішіндегі жастар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды тұрақты жұмыс орындарымен қамту үшін өңірде түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып жатыр.
ҚР статистика бюросының соңғы ресми мәліметтері бойынша Жетісу облысындағы жұмыссыздар саны 14138 адамды құрайды (2026 жылдың II тоқсанындағы көрсеткіш). Жұмыспен қамту органдарында ресми түрде есепте тұрған азаматтар саны — 16 809 адам (2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)


Кілтбаева Ақжайық Мұратқызы







Биылғы 1 қазаннан бастап жұмыс іздеушілер мен жұмыссыздарды тіркеудің жаңа пилоттық тәртібі күшіне енді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі енгізген бұл өзгерістердің негізгі мақсаты — азаматтарға бірден жұмыссыз мәртебесін бере салмай, оларға лайықты жұмыс тауып беруге көбірек уақыт бөлу.

«Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мансап орталығы» филиалының басшысы Кілтбаева Ақжайық Мұратқызымен жұмыссыздарды тіркеудің жаңа тәртібі туралы бірнеше сұрақтарға жауап алдық.

- Жұмыссыз болып тіркелген азамат өтініш бергеннен кейін қанша уақыт кетеді?

- «Жұмыс іздеушілерді тіркеу» және «Жұмыссыздарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін көрсетудің жаңа тәсілдерінің пилоттық жобасы аясында 2026 жылғы 1 қазаннан бастап жұмыс іздеушілер мерзімінің ұзақтығы 2 жұмыс күн ішінен 13 күнтізбелік күнге ауыстырылды.

Бұл азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру мүмкіндігін арттыруға және еңбек нарығындағы нақты жағдайды анықтауға бағытталған.

- Ұсынылған жұмысқа келіскені, я келіспегені туралы қанша уақытта жауап беруі керек.


- «Мансап» орталығының қызметкері бос жұмыс орны пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде лайықты жұмыстың бар екені туралы жұмыс іздеп жүрген адамға және (немесе) жұмыссызға және (немесе) өзге де жүгінген адамдарға:


1) ол «мансап» орталығына өзі келген кезде;

2) enbek.kz порталы арқылы «жеке кабинет» -тен;

3) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы хабарлайды.

Егер жұмыс іздеп жүрген адам немесе жұмыссыз немесе өзге де жүгінген адам ауылдық жерде тұрса, «мансап» орталығының қызметкері лайықты жұмыстың бар екені туралы оларға АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) бойынша ассистент арқылы хабарлайды.





Жұмыс іздеуші ретінде тіркелген азамат – 1 жұмыс күні ішінде жауап береді.

Жұмыссыз ретінде тіркелген азамат – 3 жұмыс күні ішінде жауап береді.

- Қандай жағдайда есептен шығарылады?

- Еңбек мобильділігі орталығы «Еңбек нарығы» ААЖ(автоматтандырылған ақпараттық жүйе) арқылы халықты мансап орталығынан тиісті ақпаратты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жұмыссызды мынадай жағдайларда:

1) жұмыссыз үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар түскен кезде;

2) «Мансап» орталығы ұсынған лайықты жұмыстың үш нұсқасынан бас тартқанда немесе мансап орталығын, ал ауылдық елді мекендерде тұратын адам кент, ауыл, ауылдық округ әкімін лайықты жұмыстың ұсынылған нұсқаларымен келісетіні немесе олардан бас тартатыны туралы уақтылы хабардар етпегенде;

3) жұмыссыздың дәлелсіз себептермен:

- мансап орталығы хабардар еткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу орнына немесе оқу орнына келмегенде;

- шақыру бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін үш жұмыс күні ішінде халықты мансап орталығына келмегенде;

- жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуды өз бетінше тоқтатқанда;

4) жұмыссыз мансап орталығына барудың немесе оны хабардар етудің осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;

5) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

6) мансап орталығына:

- тұрғылықты жерін ауыстыруды;

- тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;

- кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;

- ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;

- мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

- зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызбен алдағы уақытта жұмыс істеу тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы, бес жұмыс күні ішінде ұсынбағанда;

7) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.

- Тіркелудің негізгі жолдары қандай?

- Жұмысы немесе табысы жоқ, лайықты жұмыс іздеп жүрген адам жұмысқа орналасу үшін жұмыссыз ретінде тіркелу тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы арқылы, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, «Электрондық еңбек биржасы» арқылы жүзеге асырылады.

Рахмет! Халыққа қызмет көрсету барысындағы істеріңіз сәтті болғай! Газет оқырмандарына айтарымыз, кеңес алғыңыз келсе сұрақтарыңызды 8-705-190-91-70 телефонындағы бөлім бастығы Кәмшат Жұмабекқызына жолдаңыз. Оқырмандардың бізге жолдаған сауалдарын біз «Мансап орталығы» филиалының басшысы Кілтбаева Ақжайық Мұратқызына жеткізіп, жауабын сіздерге жеткіздік.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2027 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК (АӘК) ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ. ЕНДІ КӨМЕККЕ МҰҚТАЖДЫҚТЫ БАҒАЛАУ КЕЗІНДЕ ОТБАСЫНЫҢ ТАБЫСЫМЕН ҚАТАР, БАСПАНАСЫ, КӨЛІГІ, БАНК ШОТЫНДАҒЫ ШЫҒЫНДАРЫ, ДЕПОЗИТТЕРІ МЕН АЛҒАН НЕСИЕЛЕРІ ДЕ ЕСКЕРІЛУІ МҮМКІН. БҰЛ ТУРАЛЫ ТИІСТІ ҚАУЛЫДА КӨРСЕТІЛГЕН, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ BAQ.KZ ТІЛШІСІ.

АӘК МӨЛШЕРІ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Үкіметтің қаулысын Премьер-министр **Олжас Бектенов** 2026 жылғы 19 қазанда бекітті. Құжат 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы мен белгіленген кедейлік шегінің айырмасы бойынша есептеледі. Кедейлік шегі халықтың медианалық табысы мен мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып айқындалады. Ал өңірлердегі кедейлік шегінің көрсеткіштерін жергілікті атқарушы органдар әр тоқсан сайын есептейді. Көмек алуға өтініш берген азамат пен оның отбасы мүшелері жеке деректерін жинауға, өңдеуге, тексеруге және беруге келісім беруі керек. Бұған банк құпиясы мен заңмен қорғалатын өзге де мәліметтер, сондай-ақ кредиттік міндеттемелер, ай сайынғы төлемдер мен берешек туралы ақпарат кіруі мүмкін.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА АӘК ҚАЖЕТ ЕМЕС ДЕП ТАНЫЛУЫ МҮМКІН?

Учаскелік комиссия төмендегі бір немесе бірнеше өлшемге сәйкес келген жағдайда отбасыға АӘК берудің қажеті жоқ деген қорытынды шығаруы мүмкін.

1. Отбасының бірнеше баспанасы болса

Меншігінде бірден көп тұрғын үй нысанының болуы ескеріледі. Бұл көмекке өтініш берерден бұрынғы бес жыл ішінде тұруға жарамды баспанасын иеліктен шығарған жағдайларға да қатысты. Алайда барлық тұрғын үйдің жалпы пайдалы ауданы отбасының әр мүшесіне шаққанда 18 шаршы метрден аспаса немесе баспана заңда белгіленген тәртіппен апатты деп танылса, ерекшелік қарастырылған.

2. Табыс әкелетін мүлкі немесе жері болса

Пайда табу үшін пайдаланылатын жеке үй-жайдың немесе меншігінде тұрғын үйі бола тұра жеке тұрғын үй салуға арналған жер учаскесінің болуы да есепке алынады.

3. Бірнеше жеңіл автокөлігі болса

Техникалық жарамды бірден көп жеңіл автокөліктің болуы көмекке мұқтаждықты бағалау кезінде ескеріледі. Бірақ көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға және I немесе II топтағы мүгедектігі бар адам тұратын отбасыларға ерекшелік қарастырылған. Олардың меншігінде бір немесе екі жеңіл автокөлік болуы осы өлшем бойынша кедергі болмайды. Сонымен қатар техникалық жарамды ауыл шаруашылығы техникасы, автобус, шағын автобус, жүк және арнайы көлік, сондай-ақ кейбір су және әуе көліктерінің болуы да ескеріледі.

4. Банк шотындағы шығындар белгіленген шектен асса

АӘК алуға өтініш берер алдындағы тоқсандағы банк шоттары бойынша шығыс операциялары қаралады. Бұл ретте салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер, сақтандыру төлемдері және отбасы мүшелерінің өз шоттары арасындағы аударымдар есепке алынбайды. Қалған шығындардың жиынтық мөлшері әр отбасы мүшесіне шаққандағы айлық кедейлік шегінен асып кетсе, комиссия көмек қажет емес деген қорытынды шығаруы мүмкін.

5. Жаңа несие немесе микрокредит алса

Өтініш берілгенге дейінгі тоқсанда ипотекалық қарыздан басқа банк несиелері мен микрокредиттердің сомасы отбасының әр мүшесіне шаққандағы айлық күнкөріс минимумының екі еселенген мөлшерінен асса, бұл да ескеріледі.

6. Банк салымының көлемі жоғары болса

Отбасының банк салымы 200 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асқан жағдайда да көмекке мұқтаждық бағаланады. Бірақ тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіндегі салымдар бұл өлшемге кірмейді.

Маңыздысы: аталған өлшемдердің біріне сәйкес келу АӘК-тен автоматты түрде бас тартылатынын білдірмейді. Учаскелік комиссия белгіленген талаптар негізінде көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады.



АӘК-ТІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Қаулыда атаулы әлеуметтік көмектің екі түрі қарастырылған: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамту шараларына қатысу мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған азаматтарға беріледі. Олардың қатарына, атап айтқанда:

- зейнет жасындағы адамдар;
- I немесе II топтағы мүгедектігі бар азаматтар;
- уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі екі айдан асуы мүмкін аурулары бар адамдар;
- еңбекке қабілетті мүшелері жоқ отбасылар;
- отбасындағы жалғыз еңбекке қабілетті адам үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға немесе күтімді қажет ететін басқа адамға қарайтын отбасылар жатады.

Шартты ақшалай көмек жұмыспен қамту шараларына және қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысу шартымен аз қамтылған еңбекке қабілетті азаматтар мен отбасыларға беріледі. Оны тағайындау үшін әлеуметтік келісімшарт жасалуы қажет.

Алайда жұмыспен қамту шараларына қатысу талабы азаматтардың бірқатар санатына міндетті емес. Олардың ішінде I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, күндізгі бөлімде оқитын студенттер, белгілі бір аурулары бар азаматтар, кішкентай балалар мен күтімді қажет ететін туыстарына қарайтын адамдар, сондай-ақ тұрақты жұмысы бар азаматтар бар.

Жаңа қаулы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Айта кетейік, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда республикалық бюджеттен төленетін 36 түрлі мемлекеттік жәрдемақының 14 түрін тағайындау кезінде отбасының әл-ауқат деңгейі мен мұқтаждығы ескеріледі.

Отбасылар A, B, C, D және E санаттарына бөлінеді. A және B санатындағы отбасылар үшін осы төлемдердің кейбірін алу мүмкіндігі шектеледі, ал C , D және E санатындағы отбасылардың төлем алу құқығы сақталады. Қалған 22 түрлі жәрдемақы бұрынғы тәртіппен тағайындала береді.

Отбасының әл-ауқатын бағалау кезінде тек табыс қана емес, мүлік, жұмыспен қамтылу, кредиттік жүктеме және отбасы құрамы да ескеріледі. Мәліметтер «Отбасының цифрлық картасы» арқылы талданып, отбасының санаты ай сайын қайта бағаланады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми мәлімдемесіне сәйкес, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін жаңа реформа аясында республикалық бюджеттен төленетін 22 мемлекеттік жәрдемақы түрі бұрынғы тәртіппен, ешқандай өзгеріссіз тағайындалады және төленеді.

Жаңадан енгізілетін «мұқтаждық критерийі мен отбасының әл-ауқатын бағалау» жүйесі бұл төлемдерге мүлдем әсер етпейді.

Тәртібі өзгеріссіз қалатын негізгі жәрдемақылар:

Жалпы саны 36 мемлекеттік жәрдемақының ішінен реформа жүргізілмейтін және бұрынғыша толық сақталатын 22 төлемге мыналар жатады:

Мүгедектігі бар азаматтарға берілетін барлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша төленетін жәрдемақылар;

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар (ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне және т.б. санаттарға берілетін төлемдер);

Неліктен бұл сұрақ туындады?

Үкімет 2027 жылдан бастап бюджеттен төленетін жәрдемақының басқа 14 түріне (мысалы: бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы, 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі және көпбалалы отбасыларға берілетін төлемдер) отбасының нақты мұқтаждығы мен әл-ауқат деңгейін ескеру талабын енгізуді жоспарлап отыр. Осы реформа аясында тек әл-ауқаты өте жоғары («А» және «В» санатты) отбасыларға ғана шектеу қойылуы мүмкін

Ал жоғарыда аталған 22 жәрдемақы түріне отбасының табысы немесе мүлкі бар-жоғына қарамастан, бұрынғы бекітілген ереже бойынша төлене береді. Сондай-ақ, АЕК (айлық есептік көрсеткіш) өсіміне байланысты бұл төлемдердің заңды түрде жыл сайынғы индекстелуі (көбеюі) жалғаса береді.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар (ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне және т.б. санаттарға берілетін төлемдер): тағы басқа санаттарға дегенге кімдер жатады?

- Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, республикалық бюджеттен төленетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (АМЖ) алуға құқығы бар азаматтардың 20-ға жуық санаты бекітілген.

1. Ерекше мәртебесі мен атағы бар азаматтар

«Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы бар адамдар;

Кеңес Одағының Батырлары, үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлері;

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері;

Мемлекет алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгіленген тұлғалар.

2. Көпбалалы аналар мен отбасылар

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденderімен наградталған көпбалалы аналар;

Бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар (соның ішінде 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар) көпбалалы отбасылар.

3. Әскери міндетін атқару кезінде зардап шеккендер мен олардың отбасылары

Ауғанстандағы немесе басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары.

Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасылары;

Қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің немесе оларға теңестірілген мүгедектігі бар адамдардың екінші рет некеге тұрмаған жесірлері (желілері).

4. Төтенше жағдайлар мен апаттан зардап шеккендер

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқандар, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жарылыстардың салдарынан зардап шеккендер;

Қайтыс болған Чернобыль апатын жоюшылардың және радиация салдарынан ауруға шалдыққандардың отбасылары.

5. Басқа да арнайы санаттар

Саяси репрессия құрбандары, сондай-ақ репрессиядан зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдар;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қоршауда қалған Ленинград қаласында жұмыс істеген және кәсіпорындарында, ұйымдарында оқыған азаматтар;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.

Маңызды ереже: Егер азамат бір мезгілде бірнеше санатқа сай келсе (мысалы, әрі тыл еңбеккері, әрі көпбалалы ана болса), заң бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тек бір негіз (өз таңдауы) бойынша ғана төленеді. Бұл төлемдердің барлығы 2027 жылдан басталатын реформа кезінде ешқандай тексеріссіз, толықтай өзгеріссіз сақталады.

Дүйсенбі - Понедельник, 9 қараша

ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00,14.30 «Рауза»
06.00 «Cover show»
08.00 «Оян!»
10.00,19.00 «Келінжан»
11.00,20.00 «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Цифровой код»
16.15 кино «Байдың қызын аламын»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Бесплатный адвокат»
23.45 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Чужая жизнь»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.00 «Жить здорово»
13.00 «Аналитика»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.55 «Көреміз шоу»
20.00, 02.30«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины. Симбирские морозы»
01.25 «Везет»
04.00 «Қаймақ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Еркін Нұржановтың ән кеші»
08.50 Сериал «Пламя жизни»
11.10 «Научи меня жить»
13.40,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15,01.45 Сериал «Топ-тун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
23.45 Сериал «Агенты справедливости»
02.30 «Үкім» отандық телехикаясы
03.30 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.25 «Әсем әуен»
09.00 «Бір кітап»
09.30 Д/ф «Тревел Казахстан»
10.00 «Угәгәй melody»
10.10 «Әсем әуен»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «DARA LINE» №23
17.00 К/ф «Ағайындылар»
17.35 М/Ф «Киелі қазғұрт»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Астана-Сеул мүмкіндіктер одағы»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Волонтер»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Алдараспан»
08.50 Мультфильм «Лови волну»
10.50 «Родной ребенок»
14.20 худ. фильм «Экипаж»
17.30 худ. Фильм «Индианна Джонс: В поисках утраченного ковчега»
20.00 Информбюро (рус,каз)
21.00 худ. фильм «Гринго»
23.20 худ. фильм «Спасатели малибу»
01.50 худ. Фильм «Жертва во имя любви»
03.40 худ. Фильм «Истинная связь»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
07.00 Телехикая
08.00,09.10,16.00,17.00,18.30,01.50 Телесериал
09.00 Новости утро
10.50 Мультфильм
12.00,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.40 «Қыз бала-құт» Телехикая
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.00 сериал «Далекий город»
22.50 «Қыз бала құт»
01.10 «Тек қана қыздар»
02.45 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
03.35 Өсекшілер

Сейсенбі - Вторник, 10 қараша

ХАБАР

05.00,14.30 «Рауза»
06.00 «Cover show»
08.00 «Оян!»
10.00,19.00 «Келінжан»
11.00,20.00 «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Өзекті»
16.15 кино «Брат или брак-3»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Бесплатный адвокат»
23.45 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Чужая жизнь»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.00 «Жить здорово»
12.55 Сериал «Чудо»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.55 «Көреміз шоу»
20.00, 02.30«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины. Симбирские морозы»
01.25 «Везет»
04.00 «Қаймақ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
08.10 Вечерние новости
09.10,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.25,23.45 Сериал «Агенты справедливости»
14.15,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,01.45 Сериал «Топ-тун»
19.00,02.30 «Үкім» отандық телехикаясы
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.30 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.30 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Тиын мен түйін»
10.30 Д/Ф «Жауынгер»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Біздің ағай»
14.30 «Сергек»
14.40 Жетісу әуендері
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 Д/Ф «Аваза: диалог жағалауы»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Маленькие большие люди»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Адасқандар»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.30 «Күліп ал»
08.20 «Қорған» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Губка боб»
09.30 Мультсериал «Кунг-Фу панда»
10.30 Мультсериал «Черепашки ниндзя»
11.30 «Приключения Али-бабы и сорока разбойников»
14.40 худ. Фильм «Индианна Джонс: В поисках утраченного ковчега»
17.20 худ. Фильм «Индианна Джонси храм судьбы»
21.00 худ. фильм «Слезы-сольница»
23.40 худ. фильм «Чужой ребенок»
02.50 худ. Фильм «Два незнакомца»

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
07.00 Телехикая
08.00,09.10,16.00,17.00,18.30,01.50 Телесериал
09.00 Новости утро
10.50 Мультфильм
12.00,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.40,22.50 «Қыз бала-құт» Телехикая
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.00 сериал «Это море переполнится»
01.10 «Тек қана қыздар»
02.45 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
03.35 Өсекшілер

Сәрсенбі - Среда, 11 қараша

ХАБАР

05.00,14.30 «Рауза»
06.00 «Cover show»
08.00 «Оян!»
10.00,19.00 «Келінжан»
11.00,20.00 «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Өзекті»
16.15 кино «Ағашки по вызову»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Бесплатный адвокат»
23.45 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Дом который»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.00 «Жить здорово»
12.55 Сериал «Чудо»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.55 «Көреміз шоу»
20.00, 02.30«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины.Симбирские морозы»
23.05 «Пять минут тишины.Море и горы»
01.25 «Везет»
04.00 «Қаймақ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
08.10 Вечерние новости
09.10,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.10,23.45 Сериал «Агенты справедливости»
13.45,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,01.45 Сериал «Топ-тун»
19.00,02.30 «Үкім» отандық телехикаясы
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.30 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.30 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Тиын мен түйін»
10.30 Д/Ф «Жауынгер»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Біздің ағай»
14.30 «Сергек»
14.40 Жетісу әуендері
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 Д/Ф «Аваза: диалог жағалауы»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Маленькие большие люди»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Адасқандар»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00 «Қорған» телехикаясы
08.40 Мультсериал «Кунг-Фу панда»
09.00 Мультсериал «Черепашки ниндзя»
09.50 «Месть и закон»
14.30 худ. Фильм «Индианна Джонс и храм судьбы»
17.10 худ. Фильм «Индианна Джонси и последний крестовый поход»
21.00 худ. фильм «Морбиус»
23.10 худ. фильм «Самоотверженная любовь»
02.10 «31 әзіл» ойын-сауық
03.50 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Күліп ал» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
07.00 Телехикая
08.00,09.10,16.00,17.00,18.30,01.50 Телесериал
09.00 Новости утро
10.50 Мультфильм
11.10,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.40,22.50 «Қыз бала-құт» Телехикая
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.00 сериал «Это море переполнится»
01.10 «Тек қана қыздар»
02.45 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
03.35 Өсекшілер

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жетісу Роудс Инжиниринг» ЖШС 2026 жылғы 16 қарашадан 20 қарашаға дейін Жетісу облысы, Талдықорған қаласында орналасқан «Жетісу Роудс Инжиниринг» ЖШС үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Участок пен әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°59'0,62»СШ, 78°21'40,98»ВД.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Жетісу Роудс Инжиниринг» ЖШС, Талдықорған қаласы, Оңтүстік өнеркәсіптік аймағы, Алмалы көшесі, № 17.

Тел.: 7 707 965 65 88, e-mail: ZRE2018@mail.ru

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 8 777 343 34 66. Талдықорған қ., Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен мына сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

ЖАО сайтына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz және бастамашының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Ескертпелер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарында және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Жетысу Роудс Инжиниринг» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 16 ноября по 20 ноября 2026г. по Разделу «Охраны окружающей среды» для ТОО «Жетысу Роудс Инжиниринг» г.Талдыкорган

области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°59'0,62»СШ, 78°21'40,98»ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жетысу Роудс Инжиниринг», г.Талдыкорган, Южная промзона, ул. Алмалы № 17. Тел.:7 707 965 65 88, e-mail: ZRE2018@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Туркменистан третья страна, № 2470474 ИП «Ахмеджанова» ИИН 650921401561

Утерянный бланк ИБР Грузия (Универсальный), № 402669 ИП «Бимухатов Б.» ИИН 690224301068 считать недействительным

Утерянный бланк ИБР Польша № 9326164 ИП «Жансерикова» ИИН 870325400955 считать недействительным

ҚАЗАҚСТАНДА 312 МЫҢНАН АСТАМ ЖАС ОҚЫМАЙДЫ ДА, ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ

Қазақстанда жұмыс істемейтін, еш жерде оқымайтын жастардың саны азайып келеді. Соған қарамастан, елде әлі де 312 мыңнан астам жас жұмысқа да, білім алуға да тартылмаған. Олардың арасында жұмыс таппай жүргендер де, мамандығы болса да еңбек нарығынан орын таба алмағандар да бар, деп хабарлайды Politico.kz.



Energyprom сарапшылары Қазақстандағы NEET санатына жататын жастардың жағдайын зерттеді. NEET (Not in Education, Employment or Training) дегеніміз – жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастар. Ұлттық статистика бюросының іріктемелі зерттеулеріне сәйкес, 2020 жылы Қазақстандағы NEET жастарының үлесі 7,1% болған. 2025 жылы бұл көрсеткіш 6%-ға, ал 2026 жылдың екінші тоқсанында 5,7%-ға дейін төмендеген. Нақты санға келсек, 2023 жылы елімізде 15 пен 34 жас аралығындағы 394,2 мың адам жұмыс істемеген әрі оқымаған. Кейін олардың саны 325,8 мыңға дейін азайған. Ал 2026 жылдың наурыз-маусым айларындағы мәлімет бойынша, көрсеткіш 312,1 мың адамға дейін түскен. Бұл – бір облыс орталығында тұратын халықтың санына жуық.

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР ҚАЙ ӨҢІРЛЕРДЕ КӨП?

Ел бойынша көрсеткіш төмендегенімен, өңірлер арасындағы айырмашылық айтарлықтай. Мәселен, 2026 жылдың екінші тоқсанында Абай облысында NEET жастарының үлесі небәрі 2,6% болған. Ал Жетісу облысында бұл көрсеткіш 7,8%-ға, Ұлытау облысында 7,7%-ға жеткен. Дегенмен бұл өңірлердегі жастардың нақты саны көп емес. Ал жұмыс істемейтін әрі оқымайтын жастардың саны жағынан Алматы, Түркістан облысы және Астана алда тұр.

Алматыда – 33,7 мың адам; Түркістан облысында – 31,4 мың адам; Астанада – 28,9 мың адам. Сарапшылар мұндай айырмашылықты өңірлердің экономикалық жағдайымен, жұмыс орындарының қолжетімділігімен және жастарға жасалған мүмкіндіктермен байланыстырады.

ЖАСТАР НЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ?

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы NEET мәселесін 13 жылдан астам уақыт бойы зерттеп келеді. Орталық мамандары жыл сайынғы ұлттық баяндамаларында жастардың жұмыспен қамтылуына кедергі келтіретін себептерді талдайды.

2025 жылғы «Жастар» ұлттық баяндамасында NEET жастарының үлесі өңірдің экономикалық даму деңгейіне тікелей байланысты екені айтылған.

«Соңғы жылдары NEET санатындағы жастар үлесінің тұрақты төмендеуі жұмыспен қамту, білім беру және кәсіптік бағдар беру салаларындағы мемлекеттік саясаттың нәтижесін көрсетеді. Алайда өңірлер арасындағы үлкен айырмашылық әлі де сақталып отыр. Сондықтан жергілікті бағдарламаларды күшейтіп, жұмысқа тартылмаған жастардың мәселесіне жекежеке қарау қажет. Сондай-ақ фриланс, тағылымдамадан өту және онлайн оқыту сияқты икемді жұмыспен қамту түрлерін дамыту маңызды. Бұл әсіресе сапалы жұмыс орындары мен білім алу мүмкіндігі шектеулі өңірлер үшін өзекті», – делінген баяндамада.

Қоғамда жұмыс істемейтін жастарды кейде «жалқау, ата-анасының немесе жұбайының есебінен күн көргісі келеді» деп айыптайды. Алайда сарапшылар мұндай пікірмен толық келіспейді.

Себебі NEET санатына 15 пен 34 жас аралығындағы әртүрлі жағдайдағы адамдар кіреді. Олардың бәрін бірдей жұмыс істегісі келмейтін жастар деп қарастыру дұрыс емес.

Бұл топқа әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан жастар, ауылдар мен шағын қалалардың тұрғындары, мүгедектігі бар азаматтар, кәсіби білімі немесе цифрлық дағдылары жеткіліксіз адамдар да жатады.

Олардың еңбек нарығында өз орнын табуына кедергі келтіретін себептер де әртүрлі.

Мысалы, мектеп бітіріп, университетке түсе алмаған түлек пен колледж дипломын алып, 25 жасында мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүрген адамға бірдей көмек көрсету тиімді болмауы мүмкін. Сондықтан сарапшылар әр топтың жағдайына қарай қолдау көрсету қажет деп санайды.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ЖАС ЖҰМЫССЫЗ ЖҮР?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың екінші тоқсанында Қазақстанда 5,3 миллион жас азамат болған. Оның 3,8 миллионы жұмыс күшінің құрамына кірген. Ал шамамен 1,6 миллион адам жұмыс күшінің құрамына енбеген. Олардың 1,4 миллионы 16–24 жас аралығындағы азаматтар. Бірақ бұл 1,6 миллион адамның бәрі жұмыссыз немесе NEET санатына жатады деген сөз емес.

Мысалы, жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын студенттер де жұмыс күшінің құрамына кірмеуі мүмкін. Сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты еңбек нарығына қатыспайтын адамдар бар. Сондықтан мұндай статистиканы жастардың бәрі жұмыссыз жүр деген мағынада қабылдауға болмайды. Жалпы, Қазақстанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі елдегі орташа көрсеткіштен төмен.

2025 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% болса, жалпы халық арасындағы көрсеткіш 4,6% болған. 2023 жылға дейін жұмыссыз жастардың саны 72–80 мың адам аралығында өзгеріп, біртіндеп азайған. Алайда 2023 жылы олардың саны күрт өсіп, 129,9 мың адамға жеткен.

Мұның себебі – сол жылдан бастап Қазақстанда жастардың жас шегі 28 жастан 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Яғни статистикаға бұрын жастар санатына кірмеген азаматтар да қосылды.Одан кейін жұмыссыз жастардың саны қайта азая бастаған.

312 МЫҢ ЖАСТЫҢ ҚАНШАСЫ ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮР?

2026 жылдың екінші тоқсанында NEET санатына кірген 312,1 мың адамның 108 мыңы, яғни шамамен 35%-ы ресми статистика бойынша жұмыссыз деп есептелген. Алайда шын мәнінде жұмыс іздеп жүргендердің саны бұдан көп болуы мүмкін.

Ұлттық статистика бюросының әдістемесінде жұмыссыздықты анықтау үшін адамның жұмыс іздеп жүргені және жұмысқа шығуға дайын болуы ескеріледі. Жұмыс іздеушілердің бәрі бірдей мансап орталықтарына жүгінбейді. Мәселен, 2026 жылдың екінші тоқсанындағы зерттеуде барлық жастағы жұмыссыздардың 42,2%-ы жұмысты таныстары мен туыстары арқылы іздейтінін айтқан.

Сарапшылар NEET санатындағы жастарды жас ерекшелігіне қарай бөлек қарастыру керек деп есептейді. Ең жас топтың, яғни 16–24 жас аралығындағы азаматтардың жұмыссыздық мәселесі көбіне біліммен және еңбек тәжірибесінің жоқтығымен байланысты.

Зерттеуде осы жастағы жұмыссыздардың үлесі NEET жастарына қатысты 37,9% болғаны көрсетілген. Олардың бір бөлігі әлі мамандық алып үлгермеген. Ал енді бірі колледж немесе университет бітіргенімен, жұмысқа орналаса алмаған. Бір қызығы, елімізде жұмысшы мамандар жетіспейтіні жиі айтылғанымен, жұмыссыз жастар арасында колледж түлектері көп.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, 2025 жылы жұмыссыздардың 86,8%-ының техникалық және кәсіптік білімі болған. Билік жастардың оқу бітіргеннен кейін жұмыс табуы қиын екенін мойындап, бұл мәселені шешуге бағытталған бірнеше бағдарламаны іске асырып жатыр.

Олардың қатарында «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар практикасы» және кәсіп ашқысы келетін жастарға грант беру бағдарламалары бар. Сарапшылар бұл бастамалардың белгілі бір нәтиже беріп жатқанын айтады.

ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛҒАНДАРДЫҢ ІШІНДЕ NEET ЖАСТАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ 80%-ҒА ЖЕТЕДІ

Зерттеуде ең көп назар аударылған топтың бірі – 29–34 жас аралығындағы азаматтар. Бұл жастағы адамдардың көбі мектепті, колледжді немесе университетті әлдеқашан аяқтаған. Кейбірі бұрын жұмыс істегенімен, тұрақты қызметке орналаса алмаған. 2026 жылдың екінші тоқсанында осы жас тобындағы жұмыссыздардың саны 45,5 мың адам болған. Бұл 16–34 жас аралығындағы барлық жұмыссыз жастың 42,1%-ына тең.

Сарапшылардың пікірінше, ұзақ уақыт жұмыссыз жүру адамның қоғамнан шеттеп қалу қаупін арттырады. «Әсіресе 29–34 жас аралығындағы NEET жастарының саны алаңдатады. Бұл топта еңбек қызметіне қатысу деңгейі төмен, бейресми табыс табу жиі кездеседі және құқық бұзушылыққа ұрыну қаупі жоғары. Бұл әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің төмендігі мен қоғамға жат мінез-құлық арасындағы байланысты көрсетеді», – делінген «Жастар-2025» ұлттық баяндамасында. Дегенмен мұндай статистика NEET санатындағы жастардың барлығы құқық бұзушылыққа бейім дегенді білдірмейді.

ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ТУРАЛЫ БІЛМЕЙДІ

Сарапшылар жұмыссыздықтың тағы бір себебін анықтаған. Қазақстандағы көптеген жастар мемлекет ұсынатын мүмкіндіктерден хабарсыз. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2025 жылғы әлеуметтік сауалнамасына сәйкес, респонденттердің 42–63%-ы жастар практикасы, мемлекеттік гранттар, өңірлік жастар кадр резерві және тегін техникалық білім алу мүмкіндіктері туралы мүлде естімеген. Ал осындай бағдарламаларға қатысқан жастардың үлесі небәрі 4% болған. Бірақ мемлекеттік қолдау алғандардың басым көпшілігі ұсынылған мүмкіндіктер мен қатысу шарттарына көңілі толатынын айтқан.

Сарапшылардың пікірінше, бұл мемлекеттік бағдарламалар пайдасыз дегенді білдірмейді. Керісінше, жастардың көбі мұндай көмектің бар екенін білмейді немесе оған қол жеткізе алмай жүр. Сондықтан мемлекеттік қолдау туралы ақпаратты кеңінен тарату және бағдарламаларға қатысуды жеңілдету қажет.

МӘСЕЛЕНІ ҚАЛАЙ ШЕШУГЕ БОЛАДЫ?

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстандағы NEET жастарының санын азайту үшін бірнеше ұсыныс жасаған. Біріншіден, мемлекеттік әлеуметтік қолдауға өтініш беру тәртібін жеңілдету қажет. Жастар қажетті көмекті мобильді қосымшалар немесе халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы оңай рәсімдей алуы тиіс. Екіншіден, икемді жұмыс түрлерін дамыту маңызды. Бұл әсіресе жас әйелдер мен мүгедектігі бар азаматтарға қатысты. Үшіншіден, жастардың қайта білім алуына және жаңа мамандық меңгеруіне жағдай жасау керек. Сонымен қатар кәсіп ашқысы келетін азаматтарға стартап-гранттар беру мүмкіндігін кеңейту ұсынылған.

Сарапшылар мұндай қолдау, әсіресе тұрақты жұмыс орындары аз, жастардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі шектеулі және NEET үлесі жоғары өңірлерге қажет екенін жеткізген.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Қазақстанда жұмыс істемейтін, әрі оқымайтын жастардың саны азайып келеді. Бірақ олардың еңбек нарығына араласуына кедергі келтіретін мәселелер әлі де бар. Біріне жұмыс тәжірибесі жетіспесе, екіншісі мамандығы бойынша қызмет таба алмай жүр. Ал кейбірі мемлекеттен қандай көмек алуға болатынын да білмейді. Айта кетейік, бұған дейін жүргізілген зерттеуде ауыл тұрғындарының қала халқына қарағанда өздерін бақыттырақ сезінетіні белгілі болған еді.

Абзал БАХЫТЖАНОВ

МАМАН КЕҢЕСІ

«ТІЛДІ САҚТАУ – ЕЛДІ САҚТАУ»

Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Тіл бар жерде ұлт бар. Ұлттың ұлт болып қалуы, оның болашағы, мемлекеттің әрі қарай өркендеуі бірінші кезекте оның ана тіліне байланысты. Тіл тағдыры - ел тағдыры. Тіл ұлттың ұйтқысы. Тіліміз – бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Ана тілін ұлықтап, оның мәртебесін арттырып отырған халықтың егемендігі баянды, тұғыры биік болады.

Тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – халқымыздың баға жетпес байлығымыз, ұрпақтан ұрпаққа жеткен асыл мұрамыз. Ол өте бай, көркем тіл. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Туған тілге деген махаббат ешқашан өшпейді.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса ¬солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып, білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың парызы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Тіл – ата-бабаларымыздан қалған аманат. Ата-баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеруміна баршамыздың міндетіміз, борышымыз.


Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана тілі – әрбір адам үшін қасиетті, қастерлі, ұлы. Сол ана тілдің тілдер қатарынан жоғалмауы, оның әрі қарай дамуы, мәртебесінің артуы елдің әр азаматына байланысты. Біздің борышымыз, азаматтық міндетіміз өз тілімізді көздің қарашығындай сақтау, ұлықтау, бағалау, мәртебесін арттыру. Сондықтан өз ана тілімізді ұлықтап, оның мәртебесін арттыруға өз үлесімізді қосайық.

Б.Жаманбалина,
Талдықорған қаласының
мамандандырылған тергеу соты
әкімшісінің басшысы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

МҰҚАҒАЛИ

Мен, жазушы Нұрлан Сәрсенбаевтың «Мұқағали мәртебесі» атты алты тараудан тұратын, әртүрлі, қадау-қадау тақырыптарды қамтыған, 200 беттік монографиялық повестін талқыламас бұрын, Нұрлан Тоқтасынұлы мүше болып табылатын Қазақстан Жазушылар Одағы (ҚЖО) және оның атқарып жатқан жұмысы туралы қысқаша мәлімет бере кеткенім жөн болар.



Құрылғанына былтыр 90 жыл толған, біздің ҚЖО-да 1500-ден астам мүшеміз бар. Қазіргі таңда одақты танымал жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері Құлкенов Мереке мырза біліктілікпен басқарып отыр.

Шындығын айтқанда, Мереке Әбдешұлы одақты басқарған екі жарым жылдан бері ұжым жұмысы бұрын болмаған дәрежеге көтеріліп отыр. Оған қысқаша тоқталсам.

Осыдан екі жылдан астам бұрын, Мереке Әбдешұлы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, әдебиет, кітап оқу мәдениеті, жастарды қаламгерлікке тарту бағытындағы қажетті іс-шаралар мен маңызы зор жобаларды Мемлекет басшысының алдына жайып салған. Президентіміз оны толықтай қабыл алып, батасын берген-ді.

Артынша, 2024 – жылы Қазақстан Жазушылар Одағы Қазақстан Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетімен стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс бойынша жариялаған конкурстан үш жаңа Жобаны ұтып алған еді.

Атап айтқанда: «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» курсы,



«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты үш жобаны ұтып алып, сәтті орындап шыққан болатын. Сол жобалардың аясында, одақ жұмысы қызу жүріп жатыр.

Одақта проза, поэзия, драматургия, балалар әдебиеті, шетел әдебиеті мен детектив және фэнтези жанрларының кеңесі жұмыс жасайды. Нұрлан Тоқтасынұлы да, өзім де детектив жанр кеңесінің мүшесіміз. Енді діттеген негізгі тақырыбыма көшейік...

Қазақтың әдебиет саласында артында мәңгі өшпес жарық жұлдыздай жарқын із қалдырған ақындардың ішіндегі бірегейі – ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп ақын жырлағандай, өзі кетсе де, артында мәңгі өшпес өлеңдері мен жан тебірентер жақұт сынды жырларын қалдырып кеткен Мұқағалидың қасиетті есімі ескірмей, жыл өткен сайын жаңғырып, әр қырынан таныла бермек.

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді - дер де,
мүмкін, Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы-деп, мұзбалақ ақын Мұқағалидың өзі жырлағандай, мына жарық фәниге келгеніне тоқсан жыл болған Мұқаң туралы ескірмейтін естеліктер де, көлемді кітаптар да, жарыққа толассыз шығып жатыр.

ӨР ТЕКЕСТІҢ НҰРЛАНЫ

Солардың бірі – іргелес Қытай жерінде туып-өскен танымал жазушы, мұқағалитанушы Нұрлан Сәрсенбаев. Ол Қазақстан Жазушылар Одағы ғана емес, Қытай мемлекетінің Шыңжаң автономиялы өлкесінің Жазушылар Одағының мүшесі, Қытай елінің бірнеше әдеби байқау-конкурстарының жеңімпаз жүлдегері.

Нұрлан Тоқтасынұлының «Мұқағали мәртебесі» атты кітабы Алматының «Үш қиян» баспасынан 2026 жылы басылып шыққан. Монография тұрғыдағы кітап туралы сөз өрбітпес бұрын, авторды оқырман қауымға таныстыра кеткеніміз жөн болар.


Нұрлан Сәрсенбаев 1962 жылы ҚХР Шыңжаң, Іле Қазақ автономиялы облысы, Өр Текестің Ақдала ауылында дүниеге келген. 1980-1982 жылдары Іле педогогикалық техникумында білім алып, үздік бітірген. Басқы кезде мектепте ұстаздық етіп, 1986-жылы Іле оқу-ағарту институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1988 жылы үздіктер қатарында тәмамдаған. 1988 - 1994 жылдар аралығында, педагогтық техникумда дәріс берген Нұрлан Тоқтасынұлы ұстаздықтан бөлек, басшылық қызметтерде де өзін білімді, ізденімпаз маман екендігін көрсете білген.

Мәселен, 1995 – 2016 жылдарда Моңғолкүре аудандық оқу-ағарту мекемесінде Іле-Қазақ Автономиялы облыстық саяси-мәслихат кеңесінің тарихи материалдар комитетінде басшылық қызмет істеген. Бір бағытта ғана емес, әр салада ерінбей, ізденімпаздықпен еңбек етуі, оның білім-таным қабілетін кеңейтіп, көркем-әдеби шығармашылықпен айналысуға зор ықпал етті. Мәселен, «Жұмбақ тас» әңгіме-повестер жинағы, «Көдек ақын» монографиялық шығармасы, «Ғасырлар суыртпағы», «Ақын қойдым», тағы басқа көркем-әдебиет туындыларын дүниеге әкелген. Н.Сәрсенбаев тарихи отанынан жырақ жүрсе де, өз қазағының сан қырлы жасампаз мәселелерін естен шығарған емес,

Мысалы, «Қазақ ұлтының салт-дәстүр мәдениеті», «Ата тарих сөйлесін», «Мұқағали керуені» «Қазақтың әдебиеті және мәдениеті», тағы басқа көптеген ұлттық тұрғыдағы көркем-әдеби-танымдық шығармалары Нұрлан Тоқтасынұлының өз ұлтын сүйген, нағыз, шынайы патриоты екендігінің айқын дәлелі. Екі тілді – қазақ және қытай тілдерін төл еміп, еркін сөйлеп, таза жаза білетін Нұрлан Сәрсенбаевтың шығарған кітаптарының саны 15 шақты болса, өз жобасы бойынша құрастырған кітаптарының жалпы саны 30-дан астам.

КИЕЛІ АТАЖҰРТ ТОПЫРАҒЫНДА ТУҒАН ШЫҒАРМАЛАР

Қытай жерінде өткен көркем-әдеби байқауларында топ жарып, талай жүлделерді қанжығасына байлаған Нүкең, қай жерде жүрмесін, жүрегінің бір түкпірінде, сартап сағыныш болып жатқан тарихи Отаны – Қазақстанға 2019- жылдың, жасыл жапырақтары сарғайған сары күзінің қазан айында қоныс аударды.



- Шүкір, ата-баба жерінің қасиетті топырағына аяқ басуым мұң екен, туған-туыстар ғана емес, ауылдастарымның барлығы «қандас бауырымыз келді» - деп, құшақ жая қарсы алды. Сол жандардың рухани қолдаулары мен бабалардың киелі жерінің қасиетті топырағының қолдауы болар, келе компьютердің «құлағына» жармасып, шығармашылық еңбекке зор шабыт, буырқанған қуатпен кірісіп кеттім, - дейді әмбебап жазушы Нұрлан Тоқтасынұлы отша алаулаған жүзіндегі қуаныш сезімін жасыра алмай.

Ия, Нұрлан бауырымның сол жүрекжерді сөзінің дәлеліндей, ата–баба жеріне келген аз уақыт ішінде, «Райымбек батырдың ақ атаны», «Арғы атам – Райымбек қол бастаған» және «Мұқағали мәртебесі» атты үш романы үпір-жүпір жарық дүниеге «жарқ» етіп шыға келді. Киелі бабалар топырағының қасиеті-ай, десеңші...!

...Міне, менің қолымда мұқабасында кең маңдайы айдай болып жарқырап, қыран жанарын алысқа шүйліге қадап тұрған киелі Қарасаздың мұзбалақ ақынының сұсты суреті басылған «Мұқағали мәртебесі» аталған жәдігер - кітап. Республикалық «Ақиқат» ұлттық қоғамдық–саяси журналынаң бас редакторы, жазушы-публицист Дәуіржан Төлебаев «алғы сөзін» жазған бірінші бетінің жоғарғы жағында «Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арнаймын» деген автордың арнау сөзі көзге жылы ұшырай шалынып тұр. Кітаптың бірінші тарауы – осы

МӘРТЕБЕСІ...

романның прологы іспеттес:

Ең бірінші бақытым - халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің
– деген бір шумақ өлеңімен ашылған екен. «Киелі жырдың иесі» атты бөлімнің беташарында Н. Сәрсенбаев:

Киелі жырдың пірі – пайғамбары,
Өмірдің бақшасында сайрандады.
Адамдық ардың рухын қадір тұтты,
Мәңгілік жыр жолында таймай бағы –
деп толғайды.

МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫНА БЕРІЛГЕН ӘДІЛ БАҒА

Шынында, автор жоғарыда айтқанындай, Мұқағали - талмас таланты мен ақындық жолында, қандай кедергі, тосқауыл тұрса да, Тәңірдің өзі оған берген табиғи дарыны мен тек шындықты шыжғырып тұрып бетке айтатын өткір де батылдық қасиетімен ерекшеленген дара ақын екендігі хақ!

Ең бастысы, прологында: «соған берем ойымның алтын кенін» деп, жырлағанындай, Мұқағали тек қарапайым халықтың жоғын жоқтап, халін күйттейдігін кітап авторы Нұрлан Сәрсенбаев анық та, ашық көрсете білген.

«Мұқағалидың атағы әлем қазақтарына тараған жақұттай жырлары арқылы, туған елінің жүрегіне терең тамыр тартқан, артына қалдырып кеткен мәңгі өлмес поэзиясы, қара ормандай халқының шынайы мақтанышы. Туған халқының ардақтауы мен қастерлеуіне, заңғар-заңғар бағаларына ие болған, алуан түрлі хикаяларының арқауы болып, аты аңызға айналған ақиық ақын М.Мақатаевтың беделі аса жоғары. XX ғасырдағы қазақ поэзиясының маңдайалды жыр жұлдыздарының бірі де, бірегейі» - деп, әділ баға береді кітап авторы Н. Сәрсенбаев. Әрі қарай автор:

«Шын мәніндегі бақыт – адамның адал, таза өнері мен толағай таланты арқылы келеді. Тарих сынынан өткен нағыз өнер иелері ғана бұл дүниеден мол сыбағасын алып, есімі өз заманының жасаған дәуір шежіресінде алтын әріппен жазылады» деп, шынайы, әділ бағасын береді.

«МЫҚТЫ ПАЛУАНҒА ОҢ-СОЛЫ БІРДЕЙ» ДЕМЕКШІ...

Ия, авторға қосыла отырып, өзімнің де бағамды білдіре кетсем... Мұзбалақ Мұқағали ақын да мықты палуан сияқты, қазақтың қара өлеңі болсын, алты-жеті, немесе, сегіз-тоғыз буынды өлеңдерді болсын өз қалауы бойынша, қиналмай, шебер жаза береді. Қане, мысал келтірейін:

Қалқам, мен Лермонтов,
Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда, жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазағымның дәл өзіндей қарапайым...

Міне, осы екі шумақ өлеңде Мұқаң, қай ұлттың, қандай атақты ақыны болсын, ешкімге еліктемей, солықтамай, «қазақтың меншікті қара өлеңіне тең келер ештеңе жоқ» дейді. Дейді - дағы, өзінің қазағының ешбір ұлтқа ұқсамайтын қарапайым, ешкімді жатсынбайтын мейірім, қайырым иесі екендігін, ерін емеуірінімен білдіреді.

Ия, баяғыда Сталиндік репрессия кезінде, біздің қазақ халқы кімді ғана бауырына басып, паналатпады, кімге ғана қамқор болмады? Аш-жалаңаш, ауыру-сырқау болып, елі мен жерінен қуылып, шалажансар болып келген шешен, кәріс, неміс, курд пен иврид *(еврей)* ұлт өкілдеріне қоржын тамдарының бір басын «мүсәпір ғой» деп, босатып беріп, жүгерінің қарма наны мен өз бала-шағасына жетпей жатқан болымсыз айран мен сүтін ауызынан



жырып беріп, адам қатарына қосты емес пе?! «Қазағымның дәл өзіндей қарапайым» деп, Мұқаңның өз жырында, туралап емес, емеуірінмен ғана жеткізген шеберлігіне қалай таң қалмассың?

Нұрлан Тоқтасынұлы осы кітаптың 2-тарауында Мұқағалидың Майгүл атты қызының 1962 - жылы қайғылы қазасына орай:

Қайтсем сенің құтылам елесіңнен?!
Отырасың қасыма келесің де.
Сен өлгенсің, жаным-ау, мен тірімін.

Мен тірімін, тірімін... көресің бе...!!! – деп, жанайқайын жазған Мұқаңның, жанарынан аққан қанды жасын Н. Сәрсенбаев жан-жүрегімен түйсініп, ақынмен қоса қамығып, жүрегі қан жылайды. «Аллам - ау, қай қазағымның болмасын, құдіреті күшті Құдайым ұрпағының қазасы арқылы сынап, жылата көрмесінші» деп, ақынның жан қайғысын жанымен түсініп, бірге қайғырады.

Осы жолдары қағаз бетіне түсіре отырып мұзбалақ Мұқаңның:

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.
Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ,

Ұйқыдағы ұлымды тербетуге - деп келетін «Бесік басында» атты жыр жолдары Нұрлан Тоқтасынұлының тіл ұшына еріксіз оралып: «Тәңірім күнәдан пәк, періште сәбилердің ұйқысын бұзып, жылата көрмесінші. Өмірге енді талпынып, анасы мен алтын күннің шуақты сәулесінен айырып, тоңдыра көрмесінші...» деген ақындық және әкелік пәк пейілін, шын жүрегінен тілейді.



ҚЫРАННЫҢ ҰРАНЫ «РАЙЫМБЕК!»

...Мұқаңның «Райымбек, Райымбек!» атты атақты поэмасын оқымаған қазақ жоқ-ау, сірә... Нұрлан Тоқтасынұлы осы поэманы да шебер саралап талдаған екен өз монологында:

Қу даладағы құйын ба, дейсің ойнаған,
Қыран ба дейсің, қылт еткен құсты қоймаған.
Өз атын ұрандап бала келеді,
Қамшы сабына жейдесін Ту ғып байлаған...

Қалай, құрметті оқырманым, қазақтың қара баласының ат ойнатып, ту орнына үстіндегі шыт жейдесін тобылғы күрең қамшысының сабына байлап, хас жауына ұрандап шапқан батылдығы көз алдыңызға келе қалды ма?! Бұл кім екен, әкәу? Кім болушы еді, «ойын баласы» жасындағы, қазағымның бар-жоғы 13-тегі батыр оғланы – Райымбек қой...! Қабырғасы қатқан кәнігі батырдай, қабағы қас жабыла түйіліп, қос жанарынан, жауына кектене от шаша атойлап, құйындай ұйытқып шауып келе жатқан – бала батыр - Райымбек!

Жайына қалып, өлі аруақ пенен
тірі аруақ,
Келеді бала, өз атын өзі ұрандап.
Тірілер шошып, жағасын ұстап
тұр аулақ,
Өлгендер көрде, түскен де болар
бір аунап...

«Мұқағали мәртебесі» кітабында, жазушы Нұрлан Тоқтасынұлы Райымбек батырдың шығу тегіне былай деп түсінік береді: «Райымбек батыр Қанкелдінің екінші ұлы Түкеден туған. 1723 – жылы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы қарсаңында, атасы Қанкелдінің жаугершілік жорығын немересі Райымбек әрі қарай жалғастырады. Осы тұста, Райымбек, Сатай, Бөлек, Қойкелді, Қонақкелді, Малай, Бәйсейіт, тағы басқа батырлармен бірлікте қол ұйымдастырып, жоңғар шеріктеріне үздіксіз соққы береді» дейді сұңғыла қаламгер Нүкең. *(Түнеу жылдары Сатай батыр туралы «Мың бала» атты, өзімізде түсірілген кинофильмді көргендеріңіз ойға түскен болар, құрметті оқырман. **Автор Ғ.Ю.**)*

«ШЫҢЖАҢ» ГАЗЕТІНДЕ НҰРЛАН ФАРИЗА ҚЫЗ ТУРАЛЫ

Мұзбалақ қыран Мұқағали мен қазақтың ақын, қыран қызы Фаризаның достығы туралы ел ауызында әңгімелер көп айтылады.

Фариза! Фаризажан, Фариза - қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай - шыдай, ақыры жалығармыз.
Бірімізден – біріміз арылармыз,
Біздерді де жоқтайтын жан
болса, егер,

Шаң басқан архивтерден табылармыз...

Қытай жерінде жүргенінде Нұрлан Сәрсенбаев «Шыңжаң газетінің 2011-жылдың 16-қыркүйегіндегі санында былай деп жазған екен: ***«Кезінде Мұқағали Фаризаның атын аспандатса, кейіннен Фариза Мұқағалиды ең жақсы танушылардың бірі болды.***

Бұл туралы Фариза Оңғарсынова мен Жақыпжан Нұрғожа өткізген сұхбатқа назар салайық дейді:

«Мұқағалидың «Фаризаға» деген өлеңі тарихи жәдігерге айналды. Бұл өлең ақынның соңғы дауыстарын естірткен «Аққу әні» секілді болып сезіледі. «Жігітінен қазақтың дос таба алмай, қыз да болсаң, мен саған мұң шағамын» деп жазған. Осы өлеңді неге сізге арнады екен? – деген сұрақ қояды.

- Менің баспасөз беттерінде шыққан топтама өлеңдерімді оқыды. Сырқаты жанына батып, шипаханада жатқан кезде, өзінің мұң-наласы шіне сыймай, кімге мұңын шағарын білмеген кезде, адал сөйлейтін, өсек-аяң немесе басқа қақ-соқтан оқшау жүретін мен есіне түсіп, көзіне елестеген болуым керек, - деп жауап қатқан көрінеді, ақтаңгер ақын Фариза Оңғарсынова.

СӨЗ СОҢЫНДА АЙТАРЫМ...

Ия, алғаш танысқанда да, кейіннен әр тақырыпқа екеуіміз әңгіме өрбітіп жүрген сәттерде де, артық әңгімеге жоқ, сыпайы да мәдениетті сөйлесетін Нүкеңмен тез тіл табысып кеткен едік. Оның сабырлы да салиқалы мінезі мен қай тақырыпқа сөз қозғасақ та өзін судағы балықтай сезінетін білімдарлығын байқағаннан болар, екеуіміз ағалы-інідей жақындасып кеткенбіз. «Өзі жақсыға қайдан болсын бір адамдық орын бар» дегендей, Қытай жерінде қалам сиясы құрғамай, кітаптары толассыз шығып жүрген Нүкеңнің, тарихи отанына оралған аз ғана уақыт аралығында, үш бірдей кітабы жарық көріп үлгерді. Осындай, бұлтартпас фактілерден болар, Нұрлан Сәрсенбаев бауырымды, көршілес екі елдің әдебиеті мен мәдениетін төл емген, Қытай мен қазақ арасындағы алтын көпір сынды сезініп кеткендігім айдай ақиқат. Сөз соңында айтарым:

«Өзің жан-дүниеңмен түйсініп, шынайы сүйіспеншілікпен жақсы көретін мұзбалақ ақын ағаң – «Мұқаңның 95 жылдығына арнаған асыл қазынаң - «Мұқағали мәртебесі» өзіңнің де мәртебеңді асыра берсін» деген ағалық ақ тілегімді білдіремін. Қабыл ал, бауырым!



Ғабдул – Сәбит Юсупов,
жазушы-журналист,
Кемел Тоқаев атындағы детектив жанры байқауларының лауреаты,
Қаратал ауданының құрметті азаматы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

БҰҰ-НЫҢ ЖАҢА ҚАРАРЫ

450 ЖЫЛ ҚОЛДАНЫСТА БОЛҒАН ӘЛЕМ КАРТАСЫ ӨЗГЕРЕТІН БОЛДЫ


АСТАНА. KAZINFORM — 4 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы әлем картасында елдер мен құрлықтардың көлемін дәлірек көрсетуге бағытталған қарарды қолдады. Бұл бастама «әлем картасында материктердің көлемі қаншалықты дәл көрсетілді» деген мәселені қайта көтеріп отыр. Мәселен, бұған дейінгі карталарда Африка мен Гренландияның көлемі шамалас болып көрінеді, ал шын мәнінде Африка одан 14 есе үлкен. Қарарды 164 мемлекет қолдап дауыс берді, олардың қатарында Қазақстан да бар. Ал 6 ел қалыс қалса, АҚШ қарсы дауыс берген жалғыз мемлекет болды.

Дегенмен, бұл мәселе бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Меркатор картасында елдер мен құрлықтардың көлемі бірдей дәлдікпен берілмейтіні картографияда бұрыннан айтылып келеді. Оның үстіне бұл картаның жасалғанына 450 жылдан асты. Kazinform тілшісі әлем картасына қатысты бұл мәселенің неден туындағанын және оның неге дәл қазір БҰҰ деңгейіне шыққанын зерделеп көрді.

МЕРКАТОР - ТЕҢІЗШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КАРТА

Бізге таныс әлем картасының қалай пайда болғанын түсіну үшін XVI ғасырға оралу керек. Фламанд картографы Герард Меркатор өзінің әйгілі картасын 1569 жылы жасаған. Ол ең алдымен теңізде бағыт анықтауға арналған еді. Меркатор қолданған тәсіл теңізшілерге картадағы түзу сызық арқылы қажетті бағытты белгілеуге мүмкіндік берген.

Мұның себебі Жердің шар тәрізді болуымен байланысты. Мамандар шардың бетін жазық қағазға еш өзгеріссіз түсіру мүмкін емес екенін айтады. Мәселен, олар мұны апельсиннің қабығымен салыстырады. Жемістің сыртын аршып алып, оны созбай немесе жыртпай үстел үстіне теп-тегіс етіп жаю мүмкін емес. Жердің бетін жазық картаға түсіргенде де осындай мәселе туындайды.



Картография мамандарының түсіндіруінше, осы себепті жазық карта жасағанда белгілі бір ерекшеліктердің бірін сақтауға басымдық беріледі. Мысалы, бір тәсіл аумақтардың көлемін өзара дұрыс салыстыруға мүмкіндік берсе, екіншісі бағыт пен пішінді жақсырақ сақтайды.


Мамандардың түсіндіруінше, Меркатор картасында экватордан алыстаған сайын аумақтар шын көлемінен үлкенірек болып көрінеді. Сондықтан солтүстікте орналасқан Гренландия, Канада мен Ресей картада көлемінен әлдеқайда ірі көрінсе, экваторға жақын жатқан Африкада мұндай айырмашылық азырақ байқалады. Мұны Африка мен Гренландияны салыстырғанда анық байқай аламыз. Бізге таныс картада олардың көлемі бір-біріне шамалас болып көрінеді. Ал Африканың нақты аумағы шамамен 30,4 млн шаршы шақырым болса, Гренландияның аумағы 2,2 млн шаршы шақырымға жуықтайды. Демек, Африка Гренландиядан шамамен 14 есе үлкен.

Африканың аумағына АҚШ, Қытай, Үндістан, Жапония, Мексика және Еуропаның едәуір бөлігін сыйдырып жіберуге болады. Алайда бізге таныс картаға қарап, Африканың шын мәнінде қаншалықты үлкен екенін аңғару қиын. Мамандар мұны Меркатор тәсілінің бастапқы мақсатымен байланыстырады. Esri мәліметінше, бұл проекция теңіз навигациясында бағытты көрсету үшін жасалған және осы міндетті орындауға қолайлы. Ал бүкіл әлемдегі елдер мен құрлықтардың аумағын өзара салыстырғанда оның ерекшеліктері айқын байқалады.

Кейін Меркатор картасы теңіз навигациясымен ғана шектелмей, кең қолданысқа енді. Оның негізіндегі карталар оқулықтарда, атластарда, қабырға карталарында және басқа да салаларда пайдаланылды. Цифрлық картографияда да Меркаторға негізделген Web Mercator деп аталатын нұсқа кең тарады. Мамандар мұны оның интернет карталарын экранда көрсетуге және әртүрлі масштабта пайдалануға ыңғайлы болуымен түсіндіреді. Сондықтан XVI ғасырда пайда болған картографиялық тәсілдің бір нұсқасы бүгінгі онлайн карталарда да қолданылып отыр.

НЕГЕ ДӘЛ ҚАЗІР ӨЗГЕРТУ ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР?

Меркатор картасындағы аумақтардың көлеміне қатысты айырмашылық картографияда



бұрыннан талқыланып келеді. Оған балама карталар да әр кезеңде ұсынылған. Солардың бірі — 2018 жылы жасалған Equal Earth картасы. Оның ерекшелігі — елдер мен құрлықтардың аумағын өзара салыстырғанда олардың көлемдерінің арақатынасын сақтап көрсетуі. Мәселен, Африка Гренландиядан шамамен 14 есе үлкен болса, Equal Earth картасында да осы айырмашылық анық көрінеді. Алайда Equal Earth пайда болғаннан кейін де Меркатор картасы қолданыстан шыққан жоқ. Бұл мәселе кейінгі жылдары Африка елдерінің бастамасымен халықаралық деңгейде жиірек көтеріле бастады.

Соның бірі — Correct the Map, яғни «Картаны түзетейік» бастамасы. Оны қолдаушылар аумақтардың көлемін салыстыру маңызды болатын мектеп оқулықтарында, атластарда және басқа да салаларда Equal Earth сияқты карталарды кеңірек қолдануды ұсынады. Соның бірі — Africa No Filter және Speak Up Africa ұйымдары бастаған Correct the Map, яғни «Картаны түзетейік» науқаны. Оның өкілдері Меркатор картасының орнына елдер мен құрлықтардың аумағын өзара дәлірек салыстыруға мүмкіндік беретін Equal Earth картасын кеңірек қолдануды ұсынып келеді.

Бастама ең алдымен білім беру саласына назар аударады. Науқан өкілдері Equal Earth картасын мектеп бағдарламаларына енгізуді, оқулықтар мен оқу материалдарындағы әлем карталарын жаңартуды ұсынады. Сонымен қатар мұндай карталарды бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық ұйымдарда және басқа мекемелерде де қолдануға шақырады.

Correct the Map өкілдері мұны тек картографиялық дәлдік мәселесі деп қарастырмайды. Олардың пікірінше, адамның әлем туралы алғашқы түсініктерінің бірі мектепте көрген картасы арқылы қалыптасады. Сондықтан Африканың картада нақты аумағынан кіші болып көрінуі құрлықтың көлемі мен әлемдегі орны туралы түсінікке де ықпал етуі мүмкін.

2026 жылғы ақпанда Африка одағы да бұл бастаманы ресми түрде қолдады. Ұйымның шешімінде Меркатор картасы Африка құрлығының нақты көлемін дұрыс көрсетпейтіні айтылып, оған мүше мемлекеттерге Equal Earth картасын білім беру саласында қолдану ұсынылды.Кейін Батыс Африкадағы Того мемлекеті Африка елдерінің атынан бастаманы БҰҰ деңгейіне шығарды. Африка одағының мәліметінше, Того бұл мәселені БҰҰ Бас Ассамблеясының қарауына ұсынуға бастамашы болған. Бастаманы қолдаушылар



бұл мәселені тек географиямен байланыстырмайды. Африка одағы комиссиясы төрағасының орынбасары Сельма Малика Хаддадидің айтуынша, Африканың картада нақты аумағынан кіші болып көрінуі адамдардың құрлық туралы түсінігіне де әсер етеді. Оның пікірінше, мұның ықпалы білім беру мен медиадан бастап, саяси шешімдерге дейін байқалуы мүмкін.

Мұндай ұстаным Африка одағының ресми құжаттарында да көрініс тапқан. Ұйым осыған байланысты елдер мен құрлықтардың нақты аумағын дәлірек көрсететін Equal Earth картасын кеңінен қолдануды ұсынып отыр. Африка одағы комиссиясының төрағасы Махмуд Әли Юсуф та БҰҰ қарары қабылданғаннан кейін осы мәселеге қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, XVI ғасырда теңізде бағыт анықтау үшін жасалған Меркатор картасы әлем аймақтарының көлемін өзара дәл салыстыруға мүмкіндік бермейді. Ол да халықаралық ұйымдарды, білім беру мекемелерін, баспалар мен цифрлық платформаларды елдер мен құрлықтардың аумағын дәлірек көрсететін карталарды кеңінен қолдануға шақырды.

4 қыркүйекте бұл бастама БҰҰ Бас Ассамблеясында дауысқа салынды. Қарарды 164 мемлекет қолдап, алты мемлекет қалыс қалды. АҚШ қарсы дауыс берген жалғыз ел болғанын жоғарыда атап өттік. Reuters мәліметінше, Вашингтон бастаманың идеологиялық сипатына қатысты сын айтып, БҰҰ назарын басқа мәселелерге аударуы керек деген ұстаным білдірген.

Осылайша, бұған дейін негізінен картография аясында талқыланып келген мәселе соңғы жылдары Африка мемлекеттері мен Африка одағының бастамасымен халықаралық ұйымдардың күн тәртібіне шығып отыр.

ӘЛЕМ КАРТАСЫ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН БЕ?

БҰҰ қарары қабылданғанымен, бұл әлем елдері бірден жаңа картаға көшеді дегенді білдірмейді. Қарардың міндетті заңдық күші жоқ. Құжатта Меркатор картасына тыйым салу немесе барлық мемлекетке Equal Earth картасын міндетті түрде қолдану талабы да жоқ.

БҰҰ құжатында жер аумағын салыстыру маңызды болған жағдайда Equal Earth секілді аумақтардың арақатынасын дәлірек көрсететін карталарды кеңінен қолдану ұсынылады. Ал Меркатор картасы теңіз және әуе навигациясы сияқты бағытты дәл көрсету қажет салаларда қолданыла береді.

Бастаманы БҰҰ деңгейіне шығарған Того бұл жұмысты білім беру саласынан бастауды жоспарлап отыр. Reuters мәліметінше, ел билігі мектептердегі география материалдары мен карталарды жаңартуды көздейді. Сондай-ақ бастама аясында басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен, білім беру мекемелерімен және технологиялық компаниялармен жұмыс жүргізу жоспарланған.

Мамандар Equal Earth картасының да өзіндік ерекшеліктері бар екенін айтады. Картографтардың түсіндіруінше, Equal Earth аумақтардың көлемдерінің арақатынасын сақтауға басымдық берсе, басқа көрсеткіштерде айырмашылық болуы мүмкін. Осыған байланысты әртүрлі карталар қолданылатын мақсатына қарай таңдалады. Мәселен, Меркатор картасының ерекшеліктері навигацияға қолайлы болса, Equal Earth елдер мен құрлықтардың аумағын өзара салыстыру қажет болған жағдайда пайдалануға арналған. Әзірге БҰҰ қарары ұсыным сипатында қалып отыр. Ал оны іс жүзінде қалай қолдану әр елдің, білім беру мекемелері мен картографиялық платформалардың шешіміне байланысты. Бастаманы көтерген тараптар ендігі жұмысты осы ұйымдармен жалғастыруды жоспарлап отыр. Сондықтан алдағы уақытта өзгеріс ең алдымен мектеп оқулықтары, атластар мен цифрлық карталарда байқалуы мүмкін.

Асхат Райқұл

Бейсенбі - Четверг, 12 қараша

ХАБАР

05.00«Рауза»
06.00 «Cover show»
08.00 «Оян!»
10.00,19.00 «Келінжан»
11.00,20.00 «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Өзекті»
16.15 кино «Ағашки по вызову-2 начало»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Бесплатный адвокат»
23.45 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Дом который»
Астана телеарнасы бағдарламасының жоқтығы «Бастау» редакциясының қатысынан емес.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
06.55 «Принц Сибирии»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.00 «Жить здорово»
12.55 Сериал «Чудо»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.55 «Көреміз шоу»
20.00, 02.30«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины. Море и горе»
01.25 «Везет»
04.00 «Қаймақ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
08.10 Вечерние новости
09.10,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.10,23.45 Сериал «Агенты справедливости»
13.45,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,01.45 Сериал «Топтун»
19.00,02.30 «Үкім» отандық телехикаясы
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.30 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.20 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.30 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Аваза:диалог жағалауы»
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ ф «Тазы.Сокровище нации»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Лидер»
17.00 «Әу» де»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Шыңырау»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Алдар көсе»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Қорған» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Кунг-Фу панда»
09.30 худ. Фильм «Индианна Джонси и последний крестовый поход»
12.30 худ. Фильм «Слезы солнца»
15.10 «Охота на монстра»
17.40 худ. Фильм «Терминатор»

21.00 худ. фильм «Война миров»
23.40 худ. фильм «Свирепый полицейский»
01.30 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20,05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
07.00 Телехикая
08.00,09.10,16.00,17.00,18.30,01.50 Телесериал
09.00 Новости утро
10.50 Мультфильм
11.10,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.40,22.50 «Қыз бала-құт» Телехикая
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.00 сериал «Это море переполнится»
01.00 «Тек қана қыздар»
02.45 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
03.35 Өсекшілер
04.20 «Әнұран»

Жұма - Пятница, 13 қараша

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00, 14.30 т/х «Әпке»
06.00, 20.00 «Cover show»
08.00 «Оян!»
10.00, 19.00 т/х «Келінжан»
11.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
13.00 «ОйнаIQ»
14.00 «Народный контроль»
16.15, 22.00 кино «Моя половина»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 сериал «Бесплатный адвокат»
23.00 «КешREC»
00.10 сериал «Ловушка»
01.00 телесериал «Самый Лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 сериал «Падение ордена»
06.55 сериал «Принц Сибири»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.10 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
12.55 сериал «Чудо»
14.10 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02,55 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.25 сериал «Я иду тебя искать-8»
02.30 «Koremiz-шоу»
03.15 Басты жаңалықтар
03.35 Қаймақ

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 Вечерние новости
09.10, 03.10 сериал «Пламя жизни»
11.10 сериал «Агенты справедливости»
13.45 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.15 сериал «Пламя жизни»
19.00 отандық т/х «Үкім»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Живая вода»
01.45 отандық т/х «Үкім»
02.45 отандық т/х «Упертый»
03.45 отандық т/х «Закира»
04.30 КТК қоржыны
05.35 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.30 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.30 «Таза мекен»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Мұғалімнің құпия қазынасы»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 Д/ф «После огня»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Вкус жизни»
18.35 «Әсем әуен»
19.30 М/ф «Ордабасы бірлік туы»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 К/ф «Қорқытпаңдаршы»
23.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 05.20 «Күліп All»
08.20 т/х « Қорған»
09.00, 05.20 «Кун-Фу Панда»
09.30 мультсериал «Черепашки-нинзя»
09.50 х/ф «Охота на монстра»
12.10 х/ф «Тайна магазина игрушек»
14.30 х/ф «Терминатор»
17.00 х/ф «Терминатор-2»
21.00 кино «Лара Кровт: Расхитительница Гробний-2: Колыбель жизни»
23.20 х/ф «Морбиус»
01.30 х/ф «31 әзіл»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20 «What's up?»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 «Bala BATTLE»

7 КАНАЛ

04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10 т/х «Тәуіп Хо Жун»
07.20 т/х
08.40, 09.10, 16.00, 17.00
18.30, 01.50 т/с
09.00 Новости «Утро»
10.50 Союзмультфильм
11.10, 00.00 «Әзілің жарасса»
12.40 «Цифровая гигиена»
13.00 Жаңалықтар/Новости тікелей эфир
13.30 «Әділет жолы» саяси-әлеуметтік бағдарлама
14.30, 22.50 т/х «Қыз бала - құт»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20. 00 сериал «Запретная любовь»
22.00 сериал «Это море переполнится»
01.30 т/х «Тек қана қыздар»
23.45 Әйгерім Сефолланың сырласуы
03.35 Тазалық уақыты

Сенбі - Суббота, 14 қараша

ХАБАР

05.00, 01.30 ҚР Әнұраны
05.00 т/х «Көрімдік»
06.00 Концерт. Рамазан Стамғазиев
08.00 «ОйнайіQ»
09.00 «Азамат»
10.00 Мультфильм
11.00 20.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Жекпе-жек айтыс»
14.00 т/х «Стартап.QZ»
16.00, 23.00 х/ф «Рокки»
18.00 Түсаукесер «Топ-Тартыс»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
01.00 т/с «Дом, который»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.20 Главные новости
07.55 Құрылтай онлайн»
08.25 т/х «Ауыл мұғалімі»
09.25 х/ф «Инфант»
11.50 «Поле чудес»
13.10 сериал «Три тофарища»
17.50 «Точь-в-точь»
20.00 «Basty Prime»
20.50 сериал «Кукушки»
01.25 Ночной кинотеатр «Формула преступления»
03.30 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
07.50, 01.15 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.05,03.30 д/ф «Право на будущее»
10.40,03.30 Концерт. Қайрат Нұртас
13.15 сериал «Однажды в Чукурова»
15.15 Битва экстрасенсов. Реванш
17.00. сериал «Живая вода»
21.00 сериал «Сыновья счастливой женщины»
04.30 «КТК қоржыны
05.30 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
10.55 М/ф «Түркістан» САҚ фильм ішінде.
11.20 «Сергек»
12.00 «Тілашар»
13.00 Д/ф «Менің елім»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Біздің апай ханшайым»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.25 «Соңғы кездесу»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 М/ф «Қажымұқан»
18.30 «Жер жаннаты-Жетісу»
20.15 Д/ф «Мамандығым мақтанышым»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 «Жанұя»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 «Губка Боб»
09.30 «Черепашки-нинзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 «Алдараспан»
12.50 « Al, Бәрекелді»
15.00 мультфильм «Реальная белка»
17.00 мультфильм «Ледниковый период-3»
19.00 Кино «Пираты Карибского моря: Сундук мертвеца»
22.10 х/ф «Война миров»
00.50 «Bizdin show» х/ф
02.50 «31 әзіл»
04.30 «Whats up?»
04.00 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10 т/х «Тақиясыз періште»
07.00 т/х
08.20 «Әзілің жарасса»
09.00, 18.00, 02.20 Телесериал
13.30 к/ф «Төртеудің құпиясы» 14.00 «Сенсация» бағдарлама
15.00, 01.00 «Шаншар»
17.00 «Жарқыраған жұлдыз. Сенсация»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Это море переполнится»
22.50 т/х «Призраки прошлого»
03.30 «Өсекшілер»

Жексенбі - Воскресенье, 15 қараша

ХАБАР

05.00 т/х «Көрімдік»
06.00 Концерт. Абай Бегей
08.00 «ОйнайіQ»
09.00 Арнайы репортаж
09.30 мультфильм
09.45 м/ф «Махнем на луну»
11.00, 20.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
13.00 «Өмір өрнегі»
14.00 Кино «Стартап. QZ»
16.00, 23.30 т/х «Рокки-2»
18.00 кино «НВП ағай»
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
01.00 т/с «О яем не расскажет река»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.150 «Qaimaq»
07.25 «BASTY PRIME
08.35 Т/х «Ауыл мұғалімі»
09.30 х/ф «Назад к счастью»
11.55 «Пусть говорят»
13.10 сериал «Кукушки»
17.50 х/ф «Мымра»
20.00 «Аналитика»
20.50 сериал «Новая жизнь»
01.20 «Что? Где? Когда?»
02.25 ночной кинотеатр «Формула преступления»
03.30 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, «Әнім сен едің»
07.50, 00.30 «Было дело» д/д
10.05 док.ф. «Точка опры»
10.40, 03.50 «Шымкент шоу»
13.15 сериал «Однажды в Чукурова»
15.00, 22.00 Битва экстрасенсов: Реванш»
17.0 сериал «Сыновья счастливой женщины»
21.00 Портрет недели
05.40 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта»
10.00 «Апта»
11.00 «Әсем әуен»
11.55 11-блок
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Жер жаннаты-Жетісу»
15.00 «Шашу»
16.00 К/ф «Квартирантар»
17.00 Д/ф «Человек с острова кулалы»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Бір кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
21.55 Ауа райы,
22.00 «Әндер мен жылдар»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00 , 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 «Губка Боб»
08.50 «Черепашки-нинзя»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.25м/ф «Реяльная белка»
12.30 х/ф «Ледниковый период-2»
14.10 кино «Пираты Карибского моря»
18.00 кино «Бандитки»
20.00 «Al! Бәрекелді шоу»
22.10 х/ф «2012»
01.30«Bizdin show»
03.50 «TikTok show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
05.00 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10 т/х «Тақиясыз періште»
07.00 т/х
08.20 «Әзілің жарасса»
13.30 т/х «Төртеудің құпиясы»
14.50 «Жарқыраған жұлдыз. Сенсация» бағдарлама,
15.40 х/ф «Призраки прошлого»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.00 сериал «Это море переполнится»
22.50 «Шаншар»
02.40Әйгерім Сейфолламен сырласу
03.30 «Өсекшілер»

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ЖАЛАҢАШ ӘУЛИЕ,

Барлық халықтарда кездесетіндей, қазақ даласында да ертеден емшілік дәстүр болған. Ол туралы академиялық бес томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында мынандай ақпарат берілген: «Емшілік - ғасырлар бойы қалыптасқан емдеу шараларын және осыған байланысты қолданылатын құралдар мен шипалық заттардың бірегей жүйесі. Бұл жүйенің ең басты субъектісі - емші» - дейді.



ЕМШІЛІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Бұл емшілік жүйенің ғылыми-танымдық бастауының барлық түрін көрсетеді. Емшілердің емдеу тасіліне байланысты бөлінетініне аса мол көңіл бөлінген. Олар: Бақсы, Елті, Жауырыншы, Сынықшы, Тамыршы, Тәуіп, Оташы, Қандауыры, Күйдіріп қарушы, Аластаушы.

Ем түрлерінің де жүздеген атауы, емдеу құралдары, шипалық заттар, емдік шөптер, ем түрлері халық санасында еміс-еміс сақталған.

Жоғарыда аталған емшілерді осы еңбекте жүйелеп екі топқа бөлген: «Емші - дәстүрлі ортадағы халықтық медицинаның элементтерін меңгерген емдеу ісімен айналысатын арнайы мамандар.

Емшілер аурудың себебін анықтау, соған сай жасайтын емдеу шаралары түріне, технологиясына байланысты, негізінен, екі үлкен топқа бөлінеді: біріншісі - рационалды емдеу немесе халық ұғымында сиқырмен, тылсыммен емдеушілер, екіншісі – практикалық тәсілдерді арқау ететіндер. Бұлар өз ішінен емдеуді нәтижелі атқаратын, яғни адамды сауықтыра алатындар жене аурудың кейбір себебін ғана анықтап, жолын керсететін емсектер деген екі түрге белінеді» дейді .

Аты аңызға айналып, күні бүгінге дейін кесененің басына барып тәу етіп, есімін аузынан тастамай, әруағына сыйынған адамдарға шапағатын шашып, ауруына шипа болған, данагөй емшінің бірегейі - емші, **Көтен тәуіп Қоңырбайұлы.**

Жетісу өңірі Көтен тәуіптің әулиелік қасиетіне көзбен қанық. Тәуіптің халықтың түрлі дертіне дауа тауып, ажалға арашашы болуы, шөппен емдеуі, күні бүгінге дейін айтылып келеді. Ол аурудың хал-ахуалына қарап (тамыр соғысы, ыстығы, көзінің жанары, терісінің өңі), тіпті кейде көрмей-ақ оның жазыларын, не беті бері қарамасын айтқан және айтқандары әрдайым тура келген. Тәуіп тамыр ұстап, ауру түрлерін «ыстық», «суық», «желді» деп бөлген. Қамшымен ұшықтауды, жараны оқып жазуды, толғағы ащы әйелге айбалтаның суын ішкізуді, қан ұртатуды, зәрді пайдалануды, шөп дәрілерді қолдануды, шырақ жағуды, пияз колдануды пайдаланған. Сынықтың әр түрін орнына сала білген. Дене жарасының алуан түрлерін емдеген. Түрлі шөп пен олардың тамыларынан ем-домдық дәрумен жасаған.

ТӘУІПТІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАСИЕТТЕРІ

Көтен тәуіп бабамыз табиғаттың сырларын бақылап, өсіміктердің қасиетін танып, ұшқан құс пен жүгірген аңның, жан-жануардын тілін түсінген.

Аңыздарға қарағанда, әулиенің қасында өзге хайуандарда жоқ қасиеттерімен әркез дара тұратын, киелі жаратылыс иесі саналатын екі «ақ қасқыр» қорғап - қоршап жүретін болган. Ақ қасқырдың адамдарға көрінуі де сирек. Мұндай көкбөрілермен кезіккен адам да «тегін адам емес, киелі қаситтерге ие кісі» болып табылады.

Сондай-ақ, Көтен тәуіп Қоңырбайұлы темірден түйін түйген ұста, кедейлердің қираған қазанын жамайтын шебер де болған екен.

Барлық ысқымен ойналатын аспаптардын «түпатасы» болып саналатын қобызды мықты меңгерген. Тәуіп қобыз бен жетігенді дертті аластау кезінде пайдаланган екен.

Тәуіптің қаситіне қанық болгандардың жандарына медет, сырқаттарына ем қонган. Көтен тәуіп Қоңырбайұлы, әсіресе науқас балаларға қамқор болған жан екен. Оған келтірер мысалдар жеткілікті.

Бірде әулие баба науамен жылқы суарып жатса, бір көш жақындай түседі. Түйе үстінен біреудің зарлаған дауысын естиді. Сөйтсе, байдын жалыз баласы қатты сырқаттанып, ас іше алмай, іші кеуіп, ісініп кеткен екен. Зар жылаған анасы сонау Сыр бойынан арнайы Көтен тәуіпті іздеп келеді. Тәуіп жас жігіттің тамырын басып, анасына «мына науадан су ішкіз» дейді. Әйел біраз тан қала, жылқы ішкен науадағы судан сырлы ожаумен су береді. Шөлі қанғанша су ішкен науқас бала сәлден соң көзін ашып, қол-аяғы қимылға келе бастайды.

Сөйтіп ауруынан айыққан бала аяғынан тік тұрып, адам қатарына қосылыпты. Бұл «Тебінгі» деп аталатын, ол жылқы сілекейі тиген суды ішкенде жазылатын ауру екен.

«Ертеде Жылысай, Тайсойған арқылы келе жатқан ирандык бір саудагердін баласы қатты ауырып, керуені Жамантас жайлауының Қоратас деген жерінде жарты айдай жатып қалады. Керуен дарымшысы: «Беті әрі қарады, енді баладан үміт жоқ», - деген соң, керуенбасы амалсыз науқасты қазақтарға аманаттап, «Өлсе жерлерсіндер» деп құлпытасын тұрғызып, артына қарай-қарай жүкті көшін жылжытып кетеді.

Баланы аманатқа алып қалған ел: «Не өлмейді, не оңалмайды. Тек кірпігі қимылдап жатыр», - деп Көтен тәуіпке хабар береді. Жағдайға қанықкан тәуіп атамыз: «Асықпай, жеті-сегіз күнде зембілмен Әлемдіге жеткізіңдер. Соған шыдас берсе, иншалла, бала тірі қалар», - деп кенже ұлы Самарды қоса аттандырады. Баласына таупияз жарып, аурудың тік ішегіне тығуды, аузына да салып қоюды және жетпіс - сексен шақырымдық жол бойы онымен денесін ыскылап отыруды табыстайды. Содан ақырында таудан түсіріп, алақанға салғандай қылып Әлемдіге жеткізген 7-8 жасар жат жұрттық бала үш- төрт күннен соң басын көтеріп, тәуір больпты. Ол ер жетіп, 15-ке келгенде үйлендіріп, отау құрыпты. Кейінірек төленгітімен қиырдағы еліне аттандырып салыпты» деседі...

Тағы бір деректерде Тәуіп атамыздың өңірінде бір ұл бала дүние есігін ашады. Бала анасынан бітеу туады. Емшек емген баланың үлкен дәреті шықпай, өлуге айналады. Анасы зар жылап, барлық емшілерге апарады. Баланың дертіне ем қондыра алмаған емшілер Жалаңаш әулиеге апаруға кеңес береді. Баланы көрген Жалаңаш әулие Аллаға арнап, үлкен қой шалдырып, етін тай қазанда астырып, әбден піскен қабырғаны сындырып, (қабырға ешқашан түзу сынбайды) қисық сынган қабырғаның сыртындағы жұқа үлдір кабығын сылып алады. Сынған қабырғамен баланың көтенішегін еппен тіліп, үлкен деретін шығарып, аман алып қалған екен.

Тәуіп Ата емші ғана болмаған, қалың қазақтың басына түскен қиын-қыстау жаугершілік заманда өмірге келіп, туған елінің сүйеніші, халқын бастаған ханның ақылшысы да болган. Сондықтан қысқа қайырып, емші болған десек, ірі Бабаның көп қырлы тұлғасын жұқартып аларымыз сөзсіз.

Ерекше тарихи тұлғаның болмысын жан-жақты ашу жүйелі зерттеуді талап етеді.

ӘУЛИЕ АТА ТЕГІ

Өз кезінде тәуіп атанган, қасиетті бабаның өмірге келген жылы мен туган жері туралы нақты бір тоқтамға келген дерек жоқ. Бұл мәселені қарастырып жүрген зерттеушілер де аз емес. Кейбір деректерде Жалаңаш әулие, Көтен Тәуіп Сыр бойында дүниеге келген деп берілген.

Әулие бабамыздын тегі былай таратылады: Найманның Садыр руынан, онын ішінде Шаржетім, одан Амангелді, Қарт. Қарттан Бадана, Тоқтауыл, Есберлі. Есберліден Тілес, Саңқой, Жұбанқұл, Бақай, Балтай. Балтайдан Аққұлы, Қоңырбай. Қоңырбайдан Түгел, Күшіман. Көтен тәуіп әулие атамыздың бәйбішесі Тәпей Шапыраштықызы екен. Одан Қанкөбен, Манаш, Сейіт, Қосшы, Самар туады.

Абылай хан әулие Көтен тәуіптің қадыр-каситіне ерекше тәнті болып, көзі тірісінде оған Жетісудың ең шұрайлы жері Лепсі-Сарқан бойынан енші берген. Бұл Бабамыздын киесін қалың қазақ мойындап, «Жалаңаш әулие» атанған кезі екен.

Көтен тәуіптің бойына емшілікпен қатар көріпкелдік қасиет бала жасынан ана сүтімен біткен екен. Сондыктан да өсе келе бабамыздың есіміне «әулие» деген тіркес қосылған.

«Қазаққа даңқы тараған Райымбек батыр тәуіп бабамыздың замандасы екен. Іле бойындағы үлкен асқа шақырылып, жүз қаралы адаммен өткел таба алмай жүрген бабамызға батыр «әулие болсаң, Іледен өтіп кел» деп қалжыңдаса керек. Сонда тәуіп баба қобызын боздатып, аз аялдаса өзен суы азайып, қарсы жағаға өтіпті. Сонда батыр «әулие екенсің, енді сенімен қалжыңдаспаймын» деп құрдасының қасиетіне таңданыпты» деседі.

Тәуіптің ағасы Күшіман батыр жауға аттанарда інісінің көріпкелдігіне сүйенген екен. Бірде тоқтамын тыңдамай «өзім білемдікке» салынғанда жау тұтқынына түсіп, жапа шеккен көрінеді. Күшіман батыр: «Уа, Жалаңаш әулие, өзіңе сыйындым»

КӨТЕН ТӘУІП

дегенде өне-бойын құрсаған өгіз терісінің сіресі сетінеп кетіпті.

Осы сынды тәуіп бабаның әулиелік киесін, өзіне тән шарапатын айқындайтын аңыздар көптеп кездеседі.

Ел аузындағы әңгімелерде Абылай ханның үш әулиесінің бірі делінеді.

Абылай хан Бұқар жырауды «Көмекей әулие», Қаракерей Қабанбайды «Көкірек әулие», Көтен тәуіп бабамызды көріпкелдік қасиетіне байланысты «Жалаңаш әулие» атандырыпты. Ол кісінің «Жалаңаш әулие» атану себебі, соғыста жараланған жауынгерлерді, науқасты емдейтін кезде алдымен өзі тазарып алып, одан соң кеудесіндегі киімін шешіп, емін бастайды екен деген жорамал бар.

Атақты көріпкел абыз жоңғар шапқыншылығы кезінде алдағы шайқас болатын күндерді болжап, жауға аттанатын сәтті дәп басып, белгілей білген. Кезінде Қаракерей Қабанбайдың әскерінде болған Бұғыбай мен Дулыға батырлардын ауыр жарақаттарын әулие емдеп жазған.

Ескі ғасырдың жауынгерлері шайқаста артықшылық алу үшін улы жебелерді қолданғаны тарихтан белгілі. Улы жебе соғыс кезінде жаудың денесіне зақым келтіру мақсатында пайдаланылған. Бұл жауды жаралаумен қатар, оны улантып, ауруға душар ету үшін табылған тәсіл.

Айбынды қолбасшы Бөгенбай батырға жоңғар басқыншларына қарсы жасаған жорықтарының бірінде ұрыс даласында уланған жебе тиіп, ауыр жарақаттанады. Төсек тартып, қатты сырқаттанып жатқан батырға небір емші, тәуіптерді алдырады. Бірақ шипа қонбайды. «Найманнын ішінде жас тәуіп бала бар екен» дегенді естіген Қаракерей Қабанбай оны да алдыртады. Бұл Жалаңаш әулиенің 17-18 жас мөлшеріндегі жігіт кезі екен. Қабанбай ордасының жанынан арнайы үй тіктіріп, науқасты емдеуге кіріседі.

Заманында халық емшілері шөппен емдеумен қоса, жануарлардын өтін, жүнін де ем ретінде қолданған. Заман өте келе медицина дамыған сайын бұл емдер ұмытыла бастады.

Мысалы, жылан, шаян, қара құрт, ара шаққанда бүкіл денеге тарамас үшін, мүмкіндігінше қатты етіп таңып, жәндік шаққан жерді пышақтың ұшымен кесіп, қанын ағызады да ешкінің күні бұрын әдейілеп кептірген өтін жағады. Халық емшілері ешкінің өтін «көк дәрі» деп атаған. Оны уды тез қайтаратын жақсы қасиеті бар.

Жалаңаш әулие де өзінің емдеу тәсілімен ем-дом жасап, ел қорғаны болған ер Бөгенбайдың жанын ажалдан арашалап қалған екен.

ТӘУІПТІҢ ЕСІМІ ЖАЙЫНДА

Көтен тәуіп бабамыздың есімдері туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелерде



Көтен тәуіп кесенесінің жаңартылған көрінісі

«Жалаңаш әулие», «Өрістік әулие», «Жалғыз көзді әулие», «Көтентай» деп беріледі.

«Көтен» немесе «Көтентай» оның азан шақырып қойған аты болуы мүмкін. «Жалғызкөз» - Садыр елінің таңбасы, бұл таңба Тәуіптің қобызында және айбалтасына бедерленген.

«Емшілік, тәуіптік, көріпкелдік қасиетін елі бағалап, атақ –даңқы ауыл арасынан ұзап, өрісі кеңейген кезде «Өрістік» деп атауы мүмкін», – деп, зерттеушілер топшылайды. Ел есінде осындай есімдермен белгілі болу оның халыққа жасаған қызметінен туындаған. Халық көріпкел әулиені қадірлеп, пір тұткан.

Баба зиратын жаңартуды армандаған көпшіліктің арманы Бөрлітөбе ауданына Асылмұрат Тұрғанбекұлы әкім болып келген кезде жүзеге асты. Кесене тұрғызу жөнінде ынталы топ құрылып, оның құрамында Бөрлітебе, Сарқан, Ақсу, Алакөл аудандарының және Талдықорған қаласының белді азаматтары болды. Топтың тізгінін ұстағандар Лепсі мұнай базасының директоры Кеңес Базыкенұлы Сердалінов пен нан зауытының директоры Қайық Ахмедиярұлы Летов, аудан әкімінін орынбасары Орал Сердалықызы Исанова, Казақстан журналистер одағының мүшесі Болатхан Ахметұлы және т.б.

Нәтижесінде, бұрынғы Бөрлітөбе ауданындағы Көктерек ауылының аясындағы Сартолағай өңірінде, Лепсі өзенінінің жағасында 1994 жылы Көтен тәуіптің (Жалаңаш әулиенің) бұрынғы зиратының орнына сегіз қанатты мазар тұргызылды.

Бабалардың әруағына құран бағышталып үлкен ас беріліп, дұға оқылды.

С.Шүрегеевтің әулеті өз қаражатына трассадан кесенеге дейінгі жолға асфальт салдырды.

Бай тарихқа ие Қазақстан даласында әлемдік өркениеттерінен өшпестей орын алған мәдени мұралар аз емес. Олардың әрбірі адамзат баласына ортақ құндылықтар болып саналады.



Екінші жағынан көрінісі

КЕСЕНЕНІ ЖАҢАРТУ ТУРАЛЫ

Құндылықтарымызды қорғау мақсатында 2012 жылы мен, Шурегеев Сейдахмет ақсақал, Шүрегеев Арман Сейдахметұлы және бірнеше азаматтар ақылдаса отырып, Астана қаласында қызмет атқарып жүрген бауырымыз, Жетісу жерінің тумасы Ержан Бабақумаровты арнайы Талдықорған каласына шақырдық. Шақыруымызды қабыл алған Ержан Жалбақұлын алып, Көтен тәуіп бабамыздың жатқан киелі жеріне бардық. Сол кездегі Сарқан ауданының әкімі Чарапиев Тұратбек Төлеубекұлы келген қонақтарға дастархан жайып, құрмет көрсетті.

Сапар барысында қасиетті Жалаңаш әулиенің мазарын қайта жаңғырту, қонақ үй салу, маңайын абаттандыру керектігі жөнінде тілек-ұсыныс айтқан едік. Бул ұсынысымызды Бабақумаров та, Т.Чарапиев те қолдай кетті. Ержан Жалбақұлы бауырымыз қаражат жинау маселесін өз мойнына алды.

Сонымен Көтен тәуіп Қонырбайұлының кесенесін қайтадан жаңартып, мұражайына күрделі жөндеу жумыстары басталып та кетті. Қасиетті әулиенің кесенесіне зиярат етушілерге арналған жаңадан қонақ үй тұрғызылды. Енді Көтен тәуіп жерленген орын кесене, мұражай, ғибадат етушілерге арналған қонақ үйден тұратын тұтастай бір кешенге айналды. Кесененің ауласындағы жүретін жолдарға бетон плиталар төселді. Ағаштар отырғызылып, айналасына көркейту- көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Су құбыры тартылып, электр жарығы берілді. Кесененің алдына бабамыздың екі ақ қасқырларының мүсіндері қойылды. Жеке мәрт азаматтардың қаржы жинап, жергілікті басшылықтың көмегінің және де ағайын-бауырларымыздың игі іс-шарадан қалыс қалмауының нәтижесінде кесене толығымен қалпына келтірілді.

Жаңарту жұмыстарына үлес қосқан азаматтардың аты-жөндері алтын жалатылған әріптермен тақтаға жазылып, кесененің ішіне орнатылды.

Кесененің ашылу салтанатына Астана қаласынан, Алматы облысының барлық аудандарынан, Алматы қаласынан қонақтар жиналып, той жасалды, ас берілді.

Бұл бабамызға деген зор сый-құрметтің бір көрінісі. Бүгінде емшінің рухына құлшылық жасап, дертіне шипа сұраушылар тәуіптің кесенесіне еліміздің түкпір- түпкірінен жиналып жатады. Қасиетті атаның аруағына бас иіп келгендердің еміне шипа болсын сапарлары!



М.Б.Қалажанов,
медицина ғылымдарының докторы, «НАҚ-Бірлік» қоғамдық қорының төрағасы, өлкетанушы,
Алакөл ауданының, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ немесе РУХАНИ КЕШІРІМ

61 жастағы әкесіз өскен жігіт өліп қалған әкесінің атына көшкісі келеді. Оны асырап өсірген анасы мен нағашылары . Енді ол азамат: «Жаназамды әкемнің атымен шығарғым келеді» - дейді. Бұл - өте терең, адам жанын тебірентетін және психологиялық астары бар мәселе. 61 жасқа келген, өмірдің үлкен белесінен әкесіз өткен ер азаматтың әкесінің тегіне (есіміне) ауысқысы келуі — ішкі ізденістің, тамырға деген тартылыстың және рухани кешірімнің көрінісі деуге болады.



Әке рухын іздеген ұл

Адам баласы дүниеге келгенде оның тағдырының алғашқы парақтары ата-анасының есімімен жазыла бастайды. Алайда, өмірдің бұралаң жолдары кейде перзентті әке мейірімінен ажыратып, мүлде басқа арнаға бұрып әкетеді. 61 жасқа келген, шашына ақ кіріп, өмірдің ыстық-суығын көрген ересек азаматтың өмірден өткен әкесінің атына көшкісі келуі және «Жаназамды әкемнің атымен шығарғым келеді» деуі — жай ғана құжат ауыстыру емес. Бұл — адам жанының өз тамырын іздеуі, өткенмен есептесуі және рухтар әлеміне аттанар алдындағы ең үлкен рухани таңдауы.

НАҒАШЫ ЖҰРТТЫҢ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ІШКІ САҒЫНЫШ

Кейіпкеріміз бүкіл саналы ғұмырын анасы мен нағашыларының қолында өткізген. Қазақ халқында «нағашы — тірек» деп тегін айтпаған, олар баланы бөтен көрмей, бауырларына басып, азамат қатарына қосты. Бірақ қанша жерден мейірім мен қамқорлыққа бөленсе де, адамның ішкі дүниесінде «Әке» деген алып тұлғаның орны үңірейіп бос тұрады. Жас ұлғайған сайын бұл бостық сезімі күшейе түседі. 61 жастағы азаматтың бұл шешімі — өзін өсірген нағашыларына деген реніш емес, бұл — қанында бар, бейсаналы түрде өмір бойы іздеген әке бейнесіне деген құрмет пен перзенттік махаббаттың кеш оянуы.



Әке

Нағашыларына - «әкемнің тегін аламын» деген азаматқа олар онша ризалықтарын бергісі келмей отыр. Осындай азды-көпті шиеленіс өмірдің шындығы мен психологиялық терең қайшылықтың бар екенін байқатты.

ЖАНАЗА ЖӘНЕ РУХАНИ БАЙЛАНЫС

Нағашы жұртына «Жаназамды әкемнің атымен шығарғым келеді» деген сөздің салмағы өте ауыр тиді. Бір жағында — бағып-қағып, азамат қылған, 61 жыл бойы өз балалалары санаған нағашылардың еңбегі мен намысы тұрса, екінші тарапта — өмірден өтер алдында өз тамырын тапқысы келген перзенттің ішкі зары тұр.

Бірақ мұсылмандық және қазақы танымда адам баласы бұл дүниеден өткенде, оның арғы дүниедегі есімі әкесінің атымен аталады (пәленше ұлы түгенше деп шақырылады). Кейіпкеріміз өзінің мәңгілік сапарына аттанарда, жаратушының алдына өз тегімен, өз қанымен барғысы келеді. Бұл — әкесі тірі кезінде бере алмаған перзенттік сәлемді, бақилық болғанда рухани түрде жеткізуге деген талпыныс. Ол осы қадамы арқылы әкесінің рухын риза етіп, екеуінің арасындағы үзіліп қалған алтын көпірді қайта орнатқысы келеді.

Қорыта айтқанда, 61 жастағы азаматтың бұл қадамы — өмірдің мәнін түсінген, пәни мен бақидың арасын салмақтаған адамның кемелдік шешімі. Қанша жыл уақыт өтсе де, әкенің аты — перзент үшін ең қасиетті ұғым болып қала бермек. Бұл оқиға бізге қан мен тамырдың тартылысы кез келген уақыт пен қашықтықтан, өкпе мен реніштен жоғары тұратынын дәлелдейді. Адам өз бастауына, өз қайнар көзіне бәрібір қайта оралады.

Баян ТАҢАТАРОВА

АСЫРАНДЫ

Осы тақырыпқа өмір бойы ойландым десем болады. Ойланып қана қоймаймын, ізденемін. Бірақ қай категориядан немесе әлеуметтік топтан іздерімді білмеймін. Бір кездері әдебиетті де, баспасөз материалдарын да талмай оқитынбыз. Кейіпкерлердің ішінде ұл да, қыз да болып жатады. Хисса-дастандарда қаншама мысалдар бар, көбі Ұлтан құл боп шығады. Бағып-қаққан ата-ананың күні қараң болып жатады.



Баланың асыранды болу себебі әртүрлі.

• Немересін, жиенін бауырына салу.
• Жақын туысынан бала алу.
• Алыс ағайыннан бала алу.
• Мүлдем бөтеннен бала алу
• Тастанды бала алу.
• Балалар үйінен алу.
• Көп бала асырау.
• Кейде бір қыздың абыройын сақтау үшін қажет болмаса да, соның перзентін өз бауырына салу.
• Шетелдіктердің асырауы.
• Жартылай өгейлік.

Біздің ұрпағымыздың қаны да, діні де, тілі де басқа жат елге кетуі – біздің масқарамыз. Өгей әке немесе өгей шешенің баласы болу да оңай емес. Ол да біреуіне жартылай асыранды сияқты. Адал, дұрыс қарайтын өгейлер де жоқ емес, оларды солай атаудың өзіне ұяласың. Онда да бес саусақ бірдей емес, соның өзінде жүйкесі, мінез-құлқы бұзылып кететін балалар аз емес.

Бауырына салған баланы қайтарып беру, немесе берген баласын қайтып алу, баланың қашып кетуі деген мәселелер бар. Бұл да үлкен күйзеліс, психологиялық дағдарыс дер едім. Біреудің баласын алғаннан кейін-ақ ара қатынастары суып, туып берген адам дүниедегі ең жау, зұлым адам боп шығатыны тағы бар.

ӨЗ БАЛАҢНЫҢ БАЛАСЫН БАУЫРЫҢА САЛУ

Осының ішінде ұлының не қызының тұңғышын бауырына салу, бір қарасаң, ең бір қарапайым, жайлысы сияқты. Оның да жарасы бар. Біріншіден, ұлының баласы болған күнде «мынау-әкең, мынау-шешең, оларды сыйла, анау-нағашыларың» деп үйретпесе, біржақты меннен боп өседі. Ата мен әже мәңгілік емес, туған ата-анасына, бауырларына сіңісе алмай, түсініктері түйіспей жатады. Нағашы деген бір жұртымен байланыс жасай алмайды.

Үлкендерден тәрбие алған бала ерекше болады дейді. Мысалы, Димаш.

Ата-әжесін папа, мама дегенмен, әке-шешеден, іні-қарындастан іргесі бөлінбей, қайта екі ұрпақтың да өнегесін алып, өнерге қанып, сусындаған жігіт. Ресейдің іргесінде тұрған орысшасы көбірек Ақтөбеден қандай жігіт шықты! Әке-шешесін де мойындаған нағыз иманды, қазақтың ғана емес, әлемнің сүйіктісі. Қай тілде сөйлесе, сол тілді таза айтады. Ол мұндай дәстүрді білмейтін бөтен елдегі фанаттарынан еш қысылмайды да жасқанбайды.

Ал енді қазекеңнің рушылдығы, жікшілдігі өшпек түгілі өршіп жатқан заманда қыздың баласын алып баққандарға да оңай емес.

Қыздан сұрайды:.

- Қай елсің?
- Найманмын, – дейді қыз бала.
- Әй, өтірікші, сен – Арғынсың.

Бұл оңай айыптау емес, жүрек сыздайтын нәрсе. «Ағайыным, бауырым» деп жүрген жігіттердің де көкейінде, ісінде арамдық жүруі кәдік. Ол өзінің туған әкесін жездем деп те санауға мәжбүр.

БАЛА АСЫРАП АЛУҒА МӘЖБҮРЛІК ТҮРЛЕРІ

Бала асырағанның бәрі мәжбүрліктен, мейірбандықтан бауырына баса бермейді. Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек демекші, үлкендердің шешіміне бола, тағдыр тауқыметін еріксіз, мұқтаждықсыз-ақ тартып жүрген адамдар аз емес. Оның қалауымен ешкім санаспаған.

Біреу келе жатқан жалғыздықтан қорқып, өзінің қара басының қамы үшін асырайды. Баланың қайта-қайта бітпейтін шығындары, психологиялық мәселелері, күтімі, тамағы кей күні жүйкесін жұқартады. Балаға міндет қыла береді. «Сен үшін өйттім, бүйттім» деп.

Енді біреудің ұлдары бар, қыз керек, көбінесе ұл керек. Ол үйдің асырандысы шындықты ерте біліп қояды. «Туған баласын көбірек жақсы көреді, мені алалайды» деген жан жарасы өмір бойы өзін төмен санау дертіне ұшыратады.

Жанын беріп бағатын басқа тапшы ерлі-зайыптылар бар ғой. Олар қайта адалдық жасап, өз баласындай тәрбиелеп жатса да қорқыныштан арыла алмайды. «Қашан, кімнен біліп қояды екен?» деген күдіктен арылмайды. Шындықты айту ойына да келмейді. Үнемі үрейлену де – күйзеліс. Енді құдай сақтасын, ажырасулары да мүмкін. Сол кезеңде бала білсе де біледі, білмесе де біледі. Бала бағушылардың бәрі бірдей періште емес. Қанша тексердік дегенмен, ішкіші, жүргіші, дойыры, сараңы кездесетін заман мынау. Онда не боп жатыр? Кейбір асыранды балалар құлдың ар жақ-бер жағында. Бағып-қаққан кісілер дүниеден өтсе, асырандының мұрагер болуына қарсы өре түрегелетіндер қаншама! Жұрттың бәрі өз құқын қорғай бермейді, шамасы да келмеуі мүмкін. Тіпті қауіпке жолығуы да кәдік.

Бір жетімді немесе бірнешеуін жетімдер үйінен алып, дұрыс тәрбиелеп, шындығын айтып өсіріп жатқандар Алланың сауабын алып жатқандар екені айдан анық болады. Олардың жөні бір басқа. Өз тектерін, мұқтаждықтарын біліп, мемлекет бақылауында болғаны дұрыс деп ойлаймын. Қандай жақсы адамдар өсірсе де, асыранды баланың бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

• Дәнекер. Елші. Емші. Алданыш.

• Өтірік айтады. Біле тұра осыдан тудым, туған жерім мынау... «туған шешемді көрдім, бауырыммен сөйлестім» деп айтудан жасқанады. Жеті атасын да айта алмайды.

• Екі жүзді. Жаңа ғана бетінен сүйгізген шешесіне (әкесіне) баққан ата-ананың көзінше жақтырмаған кейіп танытады.

• Ол – дипломат. Әдеттегі отбасындағыдай емес, әкесі мен шешесінің арасына дәнекер болу міндетін өмір бойы арқалайды.

• Ол – борышкер. Ата-ана алдындағы парызы өз алдына, өмір бойы, кигізгенін, ішкізгенін есінен шығара алмай, «қайтсем қайтарып беремін» деп кейбір арман-мақсатынан бас тартып, бір орында табандап тұрады. Алысқа ұзап кете алмайды.

«АСЫРАНДЫ» ОСЫ СӨЗДІҢ МӘҢГІ ТҰТҚЫНЫ

Қазақта асырандыны жерге кіргізу үшін «бұралқы» десе жетіп жататын сөзі бар. Асыранды — сол сөздің мәңгі тұтқыны. Көптеген себептермен баласын (қызын) асырандыға қосқысы келмейтін ата-аналар көп. Біздің қазақ тыныш қана «пәленшенің ұлы, қызы сөйтті» демей, «пәленшенің асырап алған (тумаған) қызы, ұлы сөйтті» демесе, ішкен асы бойына тарамайды. Кейбір намысты бала үйренген мектебінен, достарынан ажыраудан қорқып әрі намыстанып, өзін құрбандыққа үйретеді, шыдайды, жіпсіз байланады.

Асырағанға да, асырандыға да оңай емес. Құдай сақтасын.

Менің 88-дегі апайым уайымдап жүр. «Өлген адамды өзінің әкесінің атымен шығармаса, жаназа дұрыс болмайды екен - дейді. – Өмір бойы пәленше қызы боп кеп, енді түгенше қызы деп шығара ма?» - деп қамығады. Баққан ата-ана «осыны қалай өзіміз тумағанбыз, мүмкін емес, шүкір»... деген дәрежеге жетсе, немесе асыранды перзент «о баста Алла жаратқанда осыларға арнап жаратқан болар» десе, осы әлеуметтік топтың психологиясы 70-80% жайлы болар деп ойлаймын. 100% болуы мүмкін емес -ау.



Сонда да «бұл апам не айтпақ болды енді?» дерсіз. Асырап алу процесі сонау ықылымнан, пайғамбарымыз(с.ғ.с) отбасынан келе жатқан процесс. Не десек те бұл тағдырдың кейбіреулерге дайындаған сыбағасы болса керек.

Асырасаңыз, әке-шешесінен, бауыр-қарындасынан бөліп алып, обалына қалмай, жетімнің (кейде тірі жетімнің) жыртығын бүтіндеп, жүрегін тыныштандырып бақытты етсеңізші. Оның қаны пәлен, руы түген деп жату керек пе? Еліміздің кетігіне тұра қалатын бір кірпіштің сауабы сансыз емес пе? Мүлдем жасырып, сыбырламай-ақ, сол баланың аллаға да, әке-шешеге де разылығын білдіретіндей етіп сырласып, шындығын бір айтып, әрі қарай кемшілігі мен қателігін де туған баландікіндей, жақсылығын да перзентіндікіндей қабылдауға болмас па? Ойланып көрейікші...

Бағым апа,
зейеткер оқытушы

МАМАН МІНБЕРІ

СОТ АКТІСІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында азаматтардың және заңды тұлғалардың заңмен бекітілген құқықтары мен мүдделерін қорғау тетіктерінің бірі – атқарушылық іс жүргізу жүйесі. Осы жүйенің маңызды буыны ретінде жеке сот орындаушы институты қалыптасып отыр. Жеке сот орындаушылардың қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу және нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңы негізге алынады.

Жеке сот орындаушылары — мемлекеттің белгілеген міндеттерін іске асырушылар. Бізде сот актісін міндетті түрде орындалу керек деген қағида бар. Егер қандай да бір тұлға мемлекеттің немесе басқа бір адамның құқықтарын шектесе, оны қалпына келтіріп, құқықтарының бұзылуына жол берілмеу керек. Соған байланысты жеке сот орындаушылары заңды белден басып, заңды күшіне енген сот шешімін орындаудан жалтарып жүрген жауапкерлерді «жүгендеу» үшін өзінің тікелей міндетін орындауға кіріседі. Сондай жағдайларда шешімді орындауға мән бермей жүрген, кейбіреуі орындағысы келсе де қасақана созбалаңға салып жүрген жауапсыз жандар түрлі желеулерді алға тартып, жеке сот орындаушысының әрекеттеріне заңсыз деген уәжбен жеке сот орындаушысының өзін сотқа сүйреуді әдетке айналдырғандары да құпия емес. Олардың кейбіреуі қасақана созбалаңға салу үшін шағымданса, екінші біреулері құқықтың сауаттылығының төмендігінен осындай қадамға барып, соттың алдында ғана жеке сот орындаушысы заң шеңберінде әрекет етіп отырғанына көзі жетіп, өкініп жатады.

Осы тұрғыдан қарағанда жеке сот орындаушылардың қызметі әрине тиімді. Ал енді қызмет ерекшеліктеріне келер болсақ, жеке сот орындаушылар өзінің қызметін ҚР Әділет департаменті берген мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Өз қызметін өзі қаржыландырады. Қаржыландыру көзі борышкерден өндірілген қаржыдан құралады. Үкіметтің қаулысы бойынша жеке сот орындаушылар әрбір қызметі бойынша, қандай көлемде қызмет ақысын ала алатындығы белгіленген. Өндірілетін сомасына қарай, 3 пайыздан 25 пайызға дейін алады.

Жалпы азаматтардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыру керек сынды. Өйткені өзінің қарызы бар екенін біле тұра төлемейтіндер көп. Жол қозғалысы қағидаларын бұзған жағдайда кейбіреулер өтірік мекен-жай жазып береді. Ескерту хат жібергенде мекенжай дұрыс болмай, қайтарып жатқан жағдай өте көп. Расында сот шешімін орындау, өндіріп алу қиынға соқтырады. Жеке сот орындаушыларының жұмысы өте қиын. Ескерту хат жібереміз. Оны алса да уақытты оздырып, түрлі сылтауларды алға тартып, уақтылы төлемейтіндер қатары да аз емес.

Айгерім АСБЕКОВА,
Жетісу облысының
жеке сот орындаушысы

ЗАҢ ТАЛАБЫ

Бәрімізге белгілі, 2015 жылы Қазақстан Республикасында қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодексі қабылданып, оған бұрынғы кодекспен салыстырғанда біршама өзгерістер енгізілген болатын. Жаңа кодексте қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай 2 түріне, яғни қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінген. Осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Ал қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы деген тұжырым да қылмыстық істерде жиі кездеседі. Енді осы жайлы да толығырақ түсініктеме бере кетсек. Мәселен, осы кодекстің осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Сондай-ақ, аталған кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады. Егер дәл сол бір іс-әрекет осы Кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық осы Кодекстің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды.

Қатардағы қарапайым адамдар құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылатыны жайлы бейхабар болумен қатар, сот құқық бұзушылық деген сөздің мән мазмұнын да жете түсінбей жататындықтан, құқық бұзушылыққа жол бермес бұрын оның алдын алған дұрыс деген тұжырымды құптай отырып, оқырмандарға құқық бұзушылық жайлы тағы да қосымша мағлұмат беріп отырмыз.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

АБТ ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Аудио-бейне тіркеу жүйесі» сот процестерін техникалық тіркеуге арналған: оқиғаның басталуы, оқиғаның атауы, қатысатын адамдар және қысқаша түсініктер, соттың құрамы туралы мәліметтер, істің нөмірі және т.б. хронологиялық кезеңділікпен көрсетілетін сот отырысының қысқаша хаттамасын жасау АБТ жүйесі жұмысының нәтижесі болып табылады.

Бұл судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Айта кету керек, сот процестерінің аудио-бейне тіркеу жүйесімен өтетіндіктен қатысушы тараптар бұл аудио-бейне тіркеу жүйесінің сот төрелігін атқарудың қаншалықты ашық әрі қолжетімді екендігіне әбден көздері жетеді. Сондықтан бәрін көздерімен көріп, көңілдеріне тоқып отырған олардың тарапынан арыз-шағымдар да түспейді.

Өйткені, аталмыш жүйе жазып алынған ақпараттарға қолжетімділікті және оны бұрмалау мүмкіндігін болдырмайды. АБТ (Аудио-бейне тіркеу) жүйесінің функционалдылығына келер болсақ, сот отырысын сандық аудио-бейне жазып алуға, сот отырысының қысқаша хаттамасын жасауға мүмкіндік туып отыр. Аудио-бейне тіркеуді жүргізер алдында сот отырысына қатысушылар бойынша деректер енгізу мүмкіндігі, облыстық соттардың локалдық серверінде және ҚР Жоғарғы Сотының орталық серверінде аудио-бейне файлдарды және ілеспе ақпараттардың сақталуына жол беріп отыр. Сот органдарының (сот ісін жүргізу бөлігінде) ақпараттық жүйелермен және «Сот кабинеті» секілді басқа да ақпараттық жүйелермен интеграция жүргізілген.

Сот жүйесін дамытудың ықпалды тетіктерінің бірі – соттарды заманауи құралдармен қамтамасыз ету. Соңғы жылдары сот жүйесінде заманауи талаптарға сай, электронды сот өндірісін дамыту жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Мәселен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің ресми сайтында онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі болып табылатын «Сот кабинеті» электрондық жобасы 2014 жылдан бастап іске қосылып келеді. «Сот кабинеті» жүйесі арқылы «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, сот процестерін таспаға жазу жүйесі, тараптарға СМС және электронды хабарламалар тарату секілді жобалар жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі таңда сот төрелігіне жүгінушілер талап арыздарын ұзынсонар кезекке тұрмай-ақ, Сот кабинеті электрондық жүйесі арқылы соттарға жолдай алады. АБТ шеңберінде шет мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, сот залдарын бейнеконференц жүйесімен жабдықтау арқылы сот төрелігін қашықтықтан жүзеге асыру мүмкіндігі артты. Осы жобаның іске асуы қылмыстық атқару жүйесін сотталушыны алып жүру жүктемесінен босатуға, ал сотталушының бейнеконференц арқылы ұсталған жерінде айғақ беруіне мүмкіндік берді. Заманауи технологияларды сот жүйесінде қолдану ел тұрғындары үшін сот жүйесінің барынша ашық әрі қолжетімді бола түсуіне ықпал етуде.

Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,
Талдықорған әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОР - БЕСПРИСТРАСТНОЕ ФИЗИЧЕСКОЕ ЛИЦО

Как всем известно, с 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры.

Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда.

Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Юлия ХАУСТОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

АТА-БАБА РУХЫ

Боталы түйе боздаған, қадір білмес,
Қасиеттің қыспағын сезгің келмес.
Қиналғанда қол ұшын беріп жатса,
Қорқынышың бойыңа ерік бермес.
Қасиетті қастерлеп жатырсың ба?
Иек сүйеп, алданып жалғыз ұлға.
Қорқынышың бойыңнан кеткеннен соң,
Соғым сойып, қаларсың жетіп нұрға.
Қол ұстасып жатпенен жараспадың,
Жақсылығын көруге таласпадың.
Сердең құрып, сөз айтып, сандалып сан
Сараң байдан саф тілеп санаспадың.
(Жамбыл ата батасы)



Дүйсен Әзімбаев ақсақал

Тылсым дүниеден келген осы бір өлең жолдарын ешкімге айтпаған, көрсетпеген едім. Бүгін көпшілік назарына ұсынып отырмын. Себебі, күні кеше Мұсабек ауылының тұрғыны Ибраимова Мәриямгүл Оспанқызымен әңгімелесіп, біраз толқып келдім. Тылсымға сенгендігім болар, өзіме түскен өлең жолдарын да, Мәриямгүл ана айтқан әңгімелерді де жариялап, көпшіліктен ой-пікір күтемін.

Оспанқызы Мәриямгүл ананың қариясы Дүйсен Өзенбаев Әзімбай деген палуан әкеден туған көрінеді. Байсалды мінезі мен көп сөйлемейтін сабырлылығы сол алып әкесінен дарыса керек. Дүйсеннің анасы Рахила да осал болмаған сияқты. Палуан қыз деген атағы бар. Талтаңдаған талай еркекті алып ұрып астына басқан қыз күресте Әзімбайдан жеңілгендіктен оған тұрмысқа шыққан көрінеді.

Рахила апамыздың бойында адам нанғысыз қасиет бар екендігін айтып отырғандардың әңгімесі адам сенгісіз, аңыз сияқты. Сол әңгімелер бойынша ол кісі «келіншек кезінде көкке шыққанда таудың басында от жанып, ұстаның көрігі өзінен-өзі соғып тұрады екен. Апамыз сол биікке көтеріліп барып, отты көріп, көрікті ұстаған екен. Содан кейін ол кісіге сынықшы, ісмерлік қасиет қонған көрінеді. Ол кездің қазағында ырғақпен билеу деген ұғым онша көп айтыла бермейтіні белгілі ғой. Соның өзінде ол кісінің жүрісінің өзі сондай жеңіл болса керек, билегенін көрген адам ол ұшып жүргендей әсер алады екен. Той бастайтын қасиеті де болса керек. Рахила апа Әзімбай қарияның әйелі болса, ендігі әңгіме Мәриямгүлдің өз жағы туралы.



Осында йда өнеріміз бар

МӘРИЯМГҮЛДІҢ НАҒАШЫЛАРЫ ДА ҚАСИЕТ ДАРЫҒАНДАР

Ел ішінде ерекше қасиеттерімен қалған нағашы әжесі Сырғалым туралы Мариямгүл ана ерекше махаббатпен әңгімелейді. Өзі сол кісінің бауырында өсіп, тәрбиесін көп алған көрінеді. Өзінің бойындағы ерекше қасиеттер сол Сырғалым әжесінен дарығандығын да тілге тиек етті.

«Анамның анасы Сырғалымның үш қыз, бір ұлы болған екен, менің анам ғана тірі қалып, қалғандары тұрмапты. Шешем жалғыз өскен. Әкем Оспан бұрын бірнеше әйел алса да баласы болмапты. Тек ажырасып кеткен бір әйелде ғана ұл кеткен екен. Оны біреулерге тастап, ол әйел өзі күйеуге тиіп кеткен көрінеді. Сол бала қазанда қайнап жатқан сүттің қаймағын алам-ын дегенде жығылып, басы жарылғанын, ол қараусыз болғандықтан, жарасы құрттап, өлетін болғанын біреулерден естіп, Сырғалым әже менің әкем мен анама: «Осеке, баланы мен бағып алайын, рұқсат бер», - депті. Олар рұқсат беріпті, сөйтіп баланы алып келіп, дұрыстап қарап өсіріпті.

Кейін әлгі баланың шешесін де күйеуімен Бесқайнардан арбамен, үш баласымен алып келіп, қой сойып, ел шақырып, менің анама күйеуінің бұрынғы әйелін әпке, оның күйеуін әкеме бауыр қылып, тату өмір сүруге ықпал етіпті. Сонда олардың кейінгі туған балалары өз бауырларымен бірге өсіпті. Қазірге шейін балалар араласып тұрады. Ана мейірімі деген осындай болса керек. Бұл жерде мен Сырғалым әжем ғана емес , өз анамның да кеңпейілділігіне таңқаламын», – дейді Мәриямгүл. Кейін әжесі Сырғалымның көзі көрмесе де үйге кірген адамды танып отырады екен, сынық салатын болған. Мәриямгүлдің шебер үлкен ұлын да сол Сырғалым әжесі асырап, өсіріпті.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ ҚАНМЕН ДАРЫҒАН ҚАСИЕТ

Мәриямгүл ана өзі – әнші, биші, шебер, палуандығы да бар – осы қасиеттерінің барлығы осы әжеден дарыған болу керек, ал өжеттігі өзінің «жеті атасының қолдауы» дейді. Ашаршылық жылдары елге көп көмек жасаған жан, 1962 жылдары Қытайдан ауылға әкеліп орналастырған қандастарымызға да көмегін аямаған. Сонда Қытайдан қашып келе жатқан үш баласы бар әйелдің күйеуін қуғыншылар өлтіріп, жүгімен суға ағызып жіберіпті. Сол әйелді үйге әкеліп, паналатқан.

Мәриямгүл ананың ертегіге бергісіз әңгімелерінен түсінгеніміз ата-анасы, бірінен кейін бірі туған жеті ұл бала тұрмаған соң, Бозтоғанда тұратын мырза атаның баласы үлкен молда кісіні ертіп, «Пұсырман батыр суы» деген қасиетті жерге барып түнепті. «Я, Алла кемтар болса да, қыз болса да бір перзент бер» деп тілеген екен. Түнде әкесі түс көріпті – алақанына бес бүркіт келіп қонған екен, үлкен бүркіттің қолында асатаяқ пен домбыра болыпты, біреуі әлжуаз болыпты. Таңертең анасы «мен түс көрмедім» деп ренжіпті, сонда әкесі «мен көрдім, үндеме» деген екен. Сондағы түнеп жүріп, сұрап алған бес баланың үлкені өзі екенін айтқым келеді. Әлжуаз балапан – бір баланың көп өмір сүрмейтінінің белгісі болса керек. Қазір Мәриямгүл ананың өзінен кейін үш сіңілісі бар. Араларында тағы бір ұл өмірге келген екен, ерекше бала. Қасы, шашы қап-қара, өзі аппақ, желкеден құйрығына дейін жал болыпты. Сол балаға ауыраяқ жүргенде анасының саусағының басы өз-өзінен айналып түсіп қалыпты. Негізі, мұндай ерекше туған баланы ешкімге көрсетпеу керек екен, ал қазақтар баланы әкеле сала бесік той жасайды емес пе, тойға келгендер баланы көріп, «Бір сұмдық екен» деп шошыпты. Больницада баланы зерттеуге алмақшы болыпты, бермеген екен. Содан бала үш күн ғана өмір сүріпті...



Мәриямгүл ана қолөнері

Мәриямгүл ананың тағы бір ерекшелігі – бір отар қойдың алдына тұрып алып, таяқпен түртіп қана бөлетіндігі. Ал, жолаушылаған үлкен адамдар үйге кіріп Мәриямгүлді шақыртып алып, ортаңғы саусағынан сүйеді екен. «Ол не?» десе, анасы: «Сенің бақ-дәулетің осы саусағыңда тұр», - дейді екен.



Мәриямгүл ана тіккен өз қасабалары

Бір тойдың үстінде қазан-ошақ жақта жүрген Мәриямгүл анаға баласы жүгіріп келіпті: «Апа, біреу өліп қалды, сен тірілтіп аласың, жүрші», - деп. Соны естіген әйелдер сүйрей жөнеліпті. Барса, палатканың ішінде Сақымбетов Орынбай деген кісі қол-аяғын созып, өліп жатыр екен, елдер қаумалап тұрған көрінеді. Бәріне: «Кетіңдер!» деп айқай салыпты, бірақ «не жасағанымды білмеймін» дейді. Бір замат өліп жатқан адам көзін ашыпты. «Мәриямгүл ана: «Ата, мені танисыз ба?» депті, ол біраз қарап жатып, атын атапты. Сонымен ол адамды больницаға алып кетіпті.

Той-томалақтарда той иесіне көмекті Мәриямгүлден артық ешкім жасамас десек артық айтпаспыз. Қазанға ие болып, керемет дәмді ас әзірлеуге келгенде алдына жан салмас ерекшеліктерінің бірі ол басқан күріштің дәмі ерекше. Сондай бір тойда елу килолық күрішті екі қазанға салып басқанда ел таңқалғаны соншалық, көз тигеннен қолы сынған екен. Содан бері күріш баспайтын болыпты...

Мәриямгүл ананың шашында да қасиет болған екен: өмірі қиылмаған шашынан кекіл кесемін деп, беті құлағына қарай қисайып қалған көрінеді. Соны көріп есінен танып құлапты, инфекция больницада бір орыс әйел оқып жазыпты. «Үстіңе жарқылдақ нәрсе киіп жүр» деген екен.

Мәриямгүл ана кимешек киіп жүреді, өзі ерекше моншақтап тіккен қасабалары бар. Отбасының ерекшелігін, елге жасаған жақсылығы тағы бір тақырыптың аясына сиярлық. Ол туралы кейінірек әңгімелеймін.

Құралай МҰСАНОВА
«Алатау»

ЖЕТІСУДЫҢ ЖҰМБАҚ ЖЕРЛЕРІ

Жетісу облысы – ежелгі аңыздар мен тылсым құбылыстарға толы киелі өңір. Табиғаттың ерекше жаратылыстары мен ғасырлар бойы сақталған тарихи орындар аймақтың мистикалық сырларын бүгінге дейін жеткізіп келеді.

Өңірдегі ең танымал тылсым орындар мен ел аузындағы мистикалық оқиғалар:


1. Жаркенттегі «Әулиеағаш»



Панфилов ауданында орналасқан, жасы 700 жылдан асқан алып қарағаш.

- **Тылсым қасиеті:** Жергілікті халық бұл ағашты киелі санап, басына түнеп, тілек тілейді. Аңыз бойынша, оның бірде-бір бұтағын сындыруға, отынға жағуға болмайды — мұндай әрекетке барған адам қарғысқа ұшырап, басына бақытсыздық орнайды дейді. Тіпті, оның тамырынан шығатын судың емдік қасиеті бар деп есептеледі.

2. Шегесіз салынған Жаркент мешітінің сырлары



XIX ғасырдың соңында қытай сәулетшісі Хон Пиктің басқаруымен бірде-бір шеге қолданылмай, Тянь-Шань шыршасынан тұрғызылған бірегей ғимарат.

- **Тылсым оқиғасы:** Мешітте жер астында орналасқан, жатаған және ерекше энергиясы бар бөлмелер бар. Жергілікті тұрғындар мен зерттеушілер 1910 жылы бүкіл өңірді қиратқан жойқын жер сілкінісі кезінде айналадағы барлық берік тас ғимараттар құласа да, бұл ағаш мешіттің қылшығы қисаймай аман қалуын оның ерекше киесімен және құпия энергетикасымен байланыстырады.

3. Шарын шатқалындағы «Мыстандар сайы» мен порталдар

(Қазіргі әкімшілік бөліністе Алматы облысына жақын орналасқанымен, тарихи Жетісу өңірінің басты жұмбақтарының бірі).

- **Тылсым оқиғасы:** Саяхатшылар арасында бұл жердегі лабиринттерде адамды адастыратын «параллель өлшемдер порталы» бар деген мистикалық әңгімелер жүреді. Ымырт үйірілгенде шатқал ішінен адамның күлкісіне немесе жылағанына ұқсайтын желдің дыбыстары естіледі. Ел аузындағы аңыз бойынша, мұндағы тылсым күштер бейқам жүрген туристерді алдап, құздан құлатуға тырысады мыс.

4. Тамшыбұлақ және Ешкіөлмес петроглифтері



Ақсу ауданы, Қапал ауылының маңындағы табиғат ғажайыбы.

- **Тылсым қасиеті:** Жартастан жылаған көздің жасындай тамып ағатын бұлақ суының емдік қасиеті туралы аңыздар көп. Ал оның маңындағы Ешкіөлмес тауларындағы ежелгі жартас суреттерінің жанында түнде ерекше жарықтар көрінетінін немесе уақыт сезімінің жоғалатынын айтатын жергілікті тұрғындар кездеседі.

5. Кербұлақтағы «Айғайқұм» (Поющий бархан)



«Алтынемел» ұлттық паркінде орналасқан, ұзындығы 3 шақырымға жуық алып құм төбе.

- **Тылсым дыбысы:** Құрғақ ауа райында құм қозғалысқа келгенде, одан орган аспабының үніне немесе ұшақтың гүріліне ұқсайтын дыбыс шығады. Ежелгі аңыздар бойынша бұл құмның астында Шыңғыс хан немесе оның сарбаздары жерленген, ал шығатын дыбыс — жер астында қалған әруақтардың ыңырсыған дауысы деп сипатталады.

БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУ: ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ?

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

1) БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын белгіленген кесте бойынша төлем ретінде алуға кімдер құқылы?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар мынадай тұлғаларға міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері жүзеге асырылады:

- зейнет жасына толған адамдар (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас (2028 жылдан бастап әйелдердің зейнет жасы жыл сайын 6 айға ұлғайып, 2031 жылы 63 жасқа жетеді));
- 55 жасқа толған, зейнетақы төлемін алуға өтініш берген кезде өздері үшін жиынтығында кемінде күнтізбелік 84 ай бойы МКЗЖ төленген, уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен өндірістердің, жұмыстардың және жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген зиянды еңбек жағдайларындағы жұмыстарда еңбек қызметін тоқтатқан адамдар;
- бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз белгіленген адамдар.

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтар бойынша зейнетақы төлемдерін жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жетпей-ақ, яғни 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері мүгедектік тобына және оның белгіленген мерзіміне қарамастан, мүгедектігі бар адамдарға да беріледі. Бұл ретте төлемдерді алу кестесін салымшы өзі дербес белгілейді.

2) Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшері қалай есептеледі?

Кесте бойынша зейнетақы төлемдері мынадай тәртіппен есептеледі: төлемдерді алудың бірінші жылында зейнетақы жинақтарының сомасы 6,5% мөлшеріндегі зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне сәйкес ұлғайтылады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі – ЕТК) кемінде 70%-ын құрауға тиіс.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін, атап айтқанда, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз белгіленген адамдарға, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары жиынтығында кемінде 60 ай бойы төленген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан адамдарға қатысты Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Егер алушы жоғарыда аталған талаптардың бірнешеуіне бірдей сәйкес келсе, мәні ең жоғары түзету коэффициенті қолданылады.

55 жасқа толған және өздері үшін жиынтығында кемінде 84 ай бойы МКЗЖ төленген адамдарға зейнетақы төлемдерін есептеу және жүзеге асыру кезінде:

- зейнетақы төлемінің мөлшеріне қатысты ЕТК-нің кемінде 70%-ын құрауы тиіс деген ең төменгі шек қолданылмайды;
- түзету коэффициенттері қолданылмайды;
- жеке зейнетақы шотындағы ЕТК-нің 70%-ынан аз қалдық кезекті зейнетақы төлемінің сомасымен бірге төленбейді.

Айта кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері алушының зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жүзеге асырылатын күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса, жинақтар біржолғы төлем түрінде беріледі.

3) Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу үшін қайда және қашан жүгіну қажет?

Зейнет жасына толуына байланысты міндетті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақыны тағайындату үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы жүгінуі қажет. Өтініштің зейнет жасына толғанға дейін 10 күн бұрын беруге болады. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің барлық түрі өтініш берілген күннен бастап жүзеге асырылады. Бұл ретте алушы зейнет жасына толған болса, ХҚКО-да өтініш пен қажетті құжаттар тіркелген күн өтініш берілген күн болып есептеледі. Ал егер өтініш зейнет жасына толғанға дейін берілсе, зейнет жасына толған күн өтініш берілген күн болып саналады. Мемлекеттік бюджеттен төленетін зейнетақыны алу үшін уақытылы жүгінудің маңызы ерекше. Себебі оны тағайындау кезінде алушы ұсынған құжаттар негізінде еңбек өтілін тексеру қажет. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойы, ал БЖЗҚ-дан алушының зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, 50 жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдар ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған жинақтарын алу үшін БЖЗҚ-ның сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ Қордың кеңсесіне барып өтініш бере алады.

ВЫПЛАТЫ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ИЗ ЕНПФ ПО ГРАФИКУ: КАК РАССЧИТЫВАЮТСЯ И КУДА ОБРАЩАТЬСЯ

Актуальные вопросы о ЕНПФ

1) Кто имеет право на выплаты пенсионных накоплений из ЕНПФ по графику?

В соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан ежемесячные пенсионные выплаты за счет обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее – ОППВ) по установленному графику из ЕНПФ осуществляются лицам, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ:

- достигшим пенсионного возраста (мужчины – 63 года, женщины – 61 год (с 2028 года ежегодное увеличение возраста на 6 месяцев до достижения 63 лет в 2031 году));
- по достижении 55 лет, за которых уплачены ОППВ в совокупности не менее 84 календарных месяцев на момент обращения за пенсионной выплатой, при условии прекращения трудовой деятельности на работах с вредными условиями труда, профессии которых предусмотрены перечнем производств, работ, профессий работников, утвержденным уполномоченным государственным органом;
- имеющим инвалидность 1 или 2 группы, установленной бессрочно;

Пенсионные выплаты за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ) можно начать получать до наступления общеустановленного пенсионного возраста – начиная с 50 лет. Кроме того, пенсионные выплаты за счет ДПВ предоставляются лицам с инвалидностью, независимо от группы и срока установленной инвалидности. При этом график получения выплат устанавливается вкладчиком самостоятельно.

2) Как рассчитываются выплаты по графику?

Рассчитываются выплаты по графику следующим образом: в первый год получения выплат сумма пенсионных накоплений умножается на ставку выплат пенсионных накоплений 6,5% и делится на 12. В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты увеличивается на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%. При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума (далее - ПМ), установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Для получателей определенных категорий: лиц с инвалидностью 1 или 2 групп, установленных бессрочно, а также, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев, Методикой предусмотрены поправочные коэффициенты, повышающие размер ежемесячной пенсионной выплаты. Для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

При расчете и осуществлении пенсионных выплат лицам, достигшим 55 - летнего возраста и уплате за них ОППВ в совокупности не менее 84 месяцев:

- не применяется порог в размере не менее 70% от ПМ для осуществления пенсионной выплаты;
- не применяются поправочные коэффициенты;
- не подлежит выплате остаток на индивидуальном пенсионном счете в размере менее 70% от ПМ вместе с суммой очередной пенсионной выплаты.

Следует отметить, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Если сумма пенсионных накоплений на дату осуществления выплаты из ЕНПФ не превышает двенадцатикратный размер минимальной пенсии, установленной законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, выплата осуществляется единовременно.

3) Куда и когда обращаться за выплатой пенсионных накоплений из ЕНПФ в связи с наступлением пенсионного возраста?

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ за счет обязательных видов пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста, а также назначения базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета получателям необходимо своевременно обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Сделать это можно за 10 дней до наступления пенсионного возраста. Все виды пенсионных выплат по возрасту производятся со дня обращения. При этом днём обращения считается день регистрации заявления и необходимых документов в ЦОН при условии, если получатель достиг пенсионного возраста, если он обратился раньше - днем обращения считается день достижения пенсионного возраста. Особенно важно своевременное обращение для получения выплат из бюджета, для назначения которых требуется проверка трудового стажа по представленным получателем документам. Пенсионные выплаты за счет бюджетных средств осуществляются пожизненно, а из ЕНПФ – до исчерпания пенсионных накоплений получателя.

Напоминаем, что лица, достигшие пятидесятилетнего возраста, или имеющие инвалидность, могут подать заявление в ЕНПФ на получение выплат за счет ДПВ в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ, а также в офисе Фонда.

СОҢҒЫ 12 АЙ ІШІНДЕ ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 2,60 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ АРТТЫ

Қазақстандықтардың «БЖЗҚ» АҚ-дағы (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 қазанына 28,30 трлн теңгеге жетті. 12 айдағы өсім – 2,60 трлн теңге немесе 10,0%. Негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) қалыптасқан қаражаттан тұрады, олардың көлемі – 26,13 трлн теңге, 12 айда 1,73 трлн теңгеге немесе 7,1% өсті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 732,80 млрд теңге болды.

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақ көлемі де ұлғайды: 2026 жылғы 1 қазанға оның көлемі 10,35 млрд теңге болып, 12 айда 6,4% өсім көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 12 ай ішінде 2,4 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 қазанына 1 429,89 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың 9 айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 2 738,10 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,7%-ға (немесе 371,90 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 қазанға дейін 2 091,42 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 7,9%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 113,50 млрд теңге (өсім – 12,7%), ЕЗЖ – 1,62 млрд теңге түсті. Жыл басынан бастап 01.10.2026ж. жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен жарналар 531,55 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 01.10.2026ж. жағдай бойынша 882,28 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1402,37 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 223,61 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 39 028 теңге.

2026 жылдың басынан бастап 01.10.2026 жылға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 490,04 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 77,26 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 37,30 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,62 млрд теңге, жерлеуге – 7,14 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 564,40 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 19,11 млн бірлік (12 айдағы өсім – 1,14 млн бірлік немесе 6,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 қазанында 12,90 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,44 млн - МЗЖ бойынша, 798,39 мыңы - МКЗЖ бойынша, 466,12 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,44 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 6,21 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

ЗА 12 МЕСЯЦЕВ ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ ВЫРОСЛИ НА 2,60 ТРЛН ТЕҢГЕ

По состоянию на 1 октября 2026 года общий объем пенсионных накоплений казахстанцев составил 28,30 трлн теңге, увеличившись за последние 12 месяцев на 2,60 трлн теңге или на 10,0%.

Основную их часть составляют средства, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ). Их объем достиг 26,13 трлн теңге, продемонстрировав рост за 12 месяцев на 1,73 трлн теңге или на 7,1%.

Накопления за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составили 732,80 млрд теңге.

Положительная динамика наблюдается и по накоплениям за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). За последние 12 месяцев их объем вырос на 6,4%, составив 10,35 млрд теңге.

Наиболее существенный прирост отмечен по накоплениям за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), перечисление которых началось с 1 января 2024 года. За год их объем увеличился в 2,4 раза и достиг 1 429,89 млрд теңге.

Поступления

Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За 9 месяцев 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 2 738,10 млрд теңге взносов, что на 15,7 % (или на 371,90 млрд теңге) больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 октября 2026 г. поступило 2091,42 млрд теңге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 7,9 %), ОППВ – 113,50 млрд теңге (рост на 12,7%), ДПВ – 1,62 млрд теңге. Взносы за счет ОПВР с начала года на 01.10.2026 г. составили 531,55 млрд теңге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, по состоянию на 01.10.2026 года составил 882,28 млрд теңге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-сентябрь 2026 года достигли 1402,37 млрд теңге.

Объём выплат по возрасту составил 223,61 млрд теңге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста – 39 028 теңге.

Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года на 01.10.2026 г. составили 490,04 млрд теңге, выплаты по наследству – 77,26 млрд теңге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 37,30 млрд теңге, выплаты лицам с инвалидностью – 2,62 млрд теңге, выплаты на погребение – 7,14 млрд теңге. В страховые организации переведена сумма в размере 564,40 млрд теңге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 октября 2026 года составило 19,11 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,14 млн единиц или 6,3%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 октября 2026 г. - 12,90 млн единиц, из них: 11,44 млн - по ОПВ, 798,39 тыс. - по ОППВ, 466,12 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,44 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 6,21 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСТІҢ МАҢЫЗЫ

Инвестициялық кірістің қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарын қалыптастырудағы маңызы арта түсті. 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнетақы активтері 2014 жылы БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап жинақталған инвестициялық кірістің жалпы көлемі 14,30 трлн теңгені құрады. Жүзеге асырылған зейнетақы төлемдерін ескергенде, зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі таза инвестициялық кірістің үлесі – шамамен 40%.

Ұзақ мерзімді инвестициялаудың маңыздылығын жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бүкіл жұмыс кезеңіндегі нәтижелері де айқын көрсетеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған 1998 жылдан бастап 2026 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік 1 090,84%-ды құраса, осы кезеңдегі инфляция деңгейі 1 014,83% болды.

Бұл көрсеткіштер зейнетақы жинақтарын инвестициялау нәтижелерін ұзақ мерзімді кезең тұрғысынан бағалаудың маңыздылығын растайды. Зейнетақы жинақтары ондаған жылдар бойы қалыптасады. Осы уақыт аралығында түсін отыратын зейнетақы жарналары түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады, ал алынған кіріс салымшылардың зейнетақы капиталын ұлғайтып қана қоймай, одан әрі инвестициялауға қатысады.

Инвестициялық кірістілік қаржы нарығындағы жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Инвестициялау нәтижелері бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары бойынша сыйақы түсімдеріне, олардың нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ валюта бағамдарының ауытқуына тәуелді. Жекелеген кезеңдерде нарықтық және валюталық қайта бағалау инвестициялаудың жалпы нәтижесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай ауытқулар қаржы нарығына тән құбылыс болғандықтан, зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін ұзақ мерзімді кезеңдегі нәтижелер негізінде бағалаған жөн.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы мен қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтарға есептелген инвестициялық кіріс көлемі 766,32 млрд теңгені, ал жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша 139,39 млрд теңгені құрады.

Еске сала кетейік, 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын басқару стратегиялары мен портфельдерін дербес таңдау жөніндегі құқықтарын едәуір кеңейтетін өзгерістер күшіне енді. Енді салымшылар өз жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады. 2026 жылдан бастап салымшылар ИПБ ұсынатын тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілігі және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін үш инвестициялық стратегияның бірін таңдай алады. Бұл ретте әрбір ИПБ активтерді өзі таңдаған бір инвестициялық стратегия шеңберінде басқарады. Инвестициялық портфельдің әрбір түрі бойынша ИПБ қамтамасыз ететін кірістілікті бағалаудың эталондық көрсеткіші ретінде композиттік бенчмарк белгіленген.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада өзінің инвестициялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде, сондай-ақ invest.enpf.kz порталында және Қордың ақпараттық материалдарында жарияланады.

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ: РОЛЬ ИНВЕСТИЦИОННОГО ДОХОДА

Инвестиционный доход продолжает играть значительную роль в формировании пенсионных накоплений казахстанцев. По состоянию на 1 октября 2026 года его накопленный объём с момента консолидации пенсионных активов в ЕНПФ в 2014 году составил 14,30 трлн теңге. С учётом произведённых пенсионных выплат доля чистого инвестиционного дохода в общем объёме пенсионных накоплений составила порядка 40%.

О значении долгосрочного инвестирования свидетельствуют и результаты накопительной пенсионной системы за весь период её существования. С момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году по состоянию на 1 октября 2026 года накопленная инвестиционная доходность составила 1 090,84% при инфляции за весь период 1 014,83%.

Эти показатели подтверждают важность оценки результатов инвестирования пенсионных накоплений на протяжении длительного периода. Пенсионные накопления формируются на протяжении десятилетий. Всё это время поступающие взносы инвестируются в различные финансовые инструменты, а полученный доход увеличивает пенсионный капитал вкладчиков и продолжает участвовать в инвестировании.

Инвестиционная доходность меняется в зависимости от ситуации на финансовых рынках. На результаты инвестирования влияют поступления вознаграждения по ценным бумагам и другим финансовым инструментам, изменение их рыночной стоимости, а также колебания валютных курсов. В отдельные периоды рыночная и валютная переоценка может оказывать сдерживающее влияние на общий результат инвестирования. Такие колебания характерны для финансовых рынков, поэтому оценивать эффективность управления пенсионными активами целесообразно за длительный период.

В результате инвестиционной деятельности, а также вследствие волатильности курсов иностранных валют и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, размер начисленного инвестиционного дохода по обязательным, обязательным профессиональным и добровольным пенсионным взносам с начала 2026 года на 01.10.2026 г. составил 766,32 млрд теңге, по обязательным пенсионным взносам работодателя - 139,39 млрд теңге.

Напомним, что с 7 сентября 2026 года вступили в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан, существенно расширяющие права вкладчиков ЕНПФ по самостоятельному выбору стратегий и портфелей по управлению пенсионными накоплениями. Теперь вкладчики смогут передавать в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) до 100% своих накоплений. С 2026 года вкладчики могут выбрать одну из трех инвестиционных стратегий, предлагаемых УИП, которые различаются по уровню риска и ожидаемой доходности, а также по сроку инвестирования. При этом каждый УИП управляет активами в рамках одной выбранной инвестиционной стратегии. Для каждого типа инвестиционного портфеля установлен композитный бенчмарк в качестве эталонного показателя для оценки доходности, обеспечиваемой УИП.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами», также на портале invest.enpf.kz

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 43-44 (1306-1307) 06.11.2026 Алатау

ВОЛЕЙБОЛ

ТАРТЫСТЫ ЖАҒДАЙДА ӨТТІ

Республика күні ұлттық мерекесіне орай Панфилов ауданының бірнеше елді мекенінде волейбол турнирі өткізілді. Қос турнир де тартысты жағдайда өтіп, көермендерге зор әсер қалдырды.



Көктал ауылдық округі Көктал ауылында 25 қазан-"Республика күні" ұлттық мерекесіне орай жасөспірім ұлдар арасында волейболдан аудандық жарыс өткізілді. Аталған іс шараға 9 команда қатысып бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша Д.Қонаев атындағы орта мектебінің командасы топжарды. Екінші орын Қожбанбет би атындағы орта мектебі волейболшыларының еншісіне тиді. Ал, үшінші жүлделі орынды Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебінің командасы түйіндеді.

Жеңіске жеткен командалар "Жетісу облысы бұқаралық спортты іс-шараларды өткізу клубы" КММ-нің Панфилов аудандық филиалының мадақтамаларымен және Панфилов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің медальдарымен кубоктарымен марапатталды.

* * *

Шолақай ауылдық округі, Дихан-Қайрат ауылы, Дихан-Қайрат орта мектебінде ұйымдастырылған жарысқа 5 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыстың ашылу салтанатында мектеп директоры Ердос Нұрбоппаұлы сөз сөйлеп, қатысушы командаларға сәттілік тілеп, спортшыларды жеңіске жігерлендіре түсті.

Жарыс барысында жас спортшылар өздерінің шеберліктерін, командалық үйлесімділіктерін және жеңіске деген жігерлерін көрсетті. Тартысты әрі қызықты ойындар нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Турнир нәтижесі бойынша Керімағаш орта мектебінің командасы үздік шықты. Екінші орын Дихан-Қайрат орта мектебі ұжымының үлесіне тиді. Үшінші жүлделі орын Жамбыл атындағы орта мектептің волейболшыларына бұйырды.



Осы өткен жарыстар спорт – бірлік пен достықтың, салауатты өмір салтының кепілі екенін тағы бір паш етті. Өз тарапымыздан жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтай отырып, барлық қатысушы командаларға алғыс айтып, жас спортшыларға биік белестер мен толағай табыстар тілейміз!

АРДАГЕРДІ ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРІ



Панфилов ауданында мемлекеттік қызмет саласының ардагері Рахманқұл Ақанұлы Ауельбековты еске алуға арналған волейболдан мемлекеттік қызметкерлер арасындағы дәстүрлі турнир өз мәресіне жетті.

Ауданның мемлекеттік қызметкерлерінен жасақталған бірнеше команда қатысып, бас жүлдені сарапқа салған дәстүрлі турнирдің әрбір ойыны шиеленіскен тартысты жағдайда өтіп, алаңдағы ойыншылар мазмұнды ойын өрнектерімен ерекшеленіп, жеңіске деген жігер таныта білді. Осылайша, жиналған көермендерге ерекше көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Шешуші ойынын сәтті өткізген Алынкөл стансасының волейболшылары жеңімпаз атанды. Екінші орынға «Нұржолы» ұжымы жайғасты. Үшінші орынды «Алтынүй» командасы иеленді.

Ардагерлеріміздің өнегелі жолы — жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге! Ел игілігі жолындағы ерен еңбектеріңізбен қоса спортты да серік етіп, салауатты өмір салтын орнықтыруға қосып жүрген үлестеріңіз үшін алғыс айтамыз!

Сержан ӘБІЛҒАЗЫ,
«Жетісу облысы бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Панфилов аудандық филиалының дене шынықтыру жөніндегі спорт нұсқаушысы

ЖАЙДАРМАН

ЖАҚСЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІ

Жуырда өткен бірнеше жарысқа белсене қатысқан біздің оқушыларымыз жақсы жетістікке жетті. Қараша айының басында дзюдо күресінен 2013-2014 ж.т және 2015-2016 ж.т ұлдар мен 2012-2013 ж.т қыздар арасында өткен Қонаев қаласының ашық біріншілігінде Көксу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары тамаша табысқа жетті. Алдаберген Сиражанов, Тәңірберген Сережанов, Жалғас Лаубаев, Нұрлан Кәрім, Алтынбек Қоғайбек, Әділет Нұрғазы, Кенже Әбдікәрім сияқты білікті бапкерлер баптап апарған біздің балғын дзюдошылар 4 алтын, 4 күміс және 7 қола медаль жеңіп алып, жалпы 15 медаль қоржынға салды.



50 келі салмақта Мейірхан Азамат Мейірхан атой салса, 44 келі салмақ дәрежесінде Фидан Гасанова ешкімге дес бермеді, 52 келіде татамиге шыққан Алтынным Даукенова да қарсылас шақ келтірмей, алтыннан алқа тақты, ал, 63 келіде Сезім Қайсаның мерейі үстем болды.

Бұған қоса, 35 келіде жекпе жекке шыққан Нұрдаулет Сенбай, 55 келіден жоғары салмақ дәрежесінде сынға түскен Ерасыл Шамалған, 57 келіде өнер көрсеткен Әсем Қапу, 63 келіде белдескен Іңкәр Оспанғали ақтық сында ғана қарсыластарына жол беріп, күміс медальмен марапатталды.

Сонымен қатар, Ердос Бектұрсын (26 кг), Нұрхат Исембек (35кг), Қуанышбек Жексенбекұлы(38 кг), Алинур Үсен (42кг), Жанболат Қанатбек (46кг), Гүлдина Аңсар (48кг), Назипа Еркін (+57кг) жеңіс тұғырының үшінші сатысан көтеріліп, қола жүлдегер атанды.

* * *

Күрестің осы түрінен 2026 жылдың 30-31 қазан күндері аралығында 2013-2014 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен Талдықорған қаласының ашық турнирінде Алдаберген Сиражанов, Таңірберген Сережанов, Жалғас Лаубаев, Кенже Әбдікәрім баптап барған балғын дзюдошылар сәтті өнер көрсетіп, 10 медаль қанжығалады. Мәселен, 36 келіде



Райиан Сапарбек, 44 келіде Фидан Гасанова және 40 келіде Айару Сүлеймен қарсыластарыне қапы қалдырып, чемпион атанса, Ахмад Дутаев, Санжар Еділхан, Дания Даутова, Сезім Қайсар чемпиондық атақ үшін шешуші жекпе жектерінде ғана сүрініп, күміс медальға қол жеткізді. Ал, Алдаспан Қарашұлы, Ислам Бекмұханбет, Наргиз Шестопалова қола медаль еншіледі.



* * *

2026 жылдың 27-30 қазан күндері Талдықорған қаласында 3х3 баскетболдан UW-12, 14, 16, 18 санаттағы жасөспірімдер ұлдар мен қыздар арасындағы Жетісу облысының чемпионаты өтті. Тәжірибелі жаттықтырушылар Санжар Серіков пен Марат Қалыбайдың жетекшелігімен тыңғылықты дайындалып барған Көксу ауданының спортшылары UW-16 санатында қыздар жеңімпаз атанса, UW-12 санатында ұлдар 2-орын, UW-18 санатында қыздар 3-орын иеленді.

Айнұр САМЕНОВА,
Көксу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері

ШАХМАТ-ДОЙБЫ

ТАҚТА ҮСТІНДЕГІ ТАРТЫС



Дене шынықтыру мен спортты насихаттау, халықтың бос уақытын тиімді өткізуге шақыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында «Жетісу облысының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Текелі қаласының филиалының ұйымдастыруымен Текелі қаласында ардагерлер арасында шахматтан және дойбыдан турнир өткізілді.

Жарыстың ашылу салтанатында филиал басшысы Г.Сулейменов сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Аталған шарада 16 қатысушы бақ сынады. Дойбыдан өткен жарыста Сейтхан Ыдырыс алдына жан салмады. Екінші орынды Жарқын Ғаппар иеленді. Үшінші жүлделі орын Әшім Нүрпейістің еншісіне тиді. Ал, шахматтан өткен тақта үстіндегі тартыс шиеленіскен жағдайда өрбіді. Соңғы сәтте ғана сәттілік серік болған Еркін Қожахмет жеңімпаз атанды. Есенгелді Малікбаев екінші орынды еншіледі, үздік үштікті Алтынбек Танталов түйіндеді.

Жеңіске жеткен жеңімпаздар және жүлдегерлер Жетісу облысының спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Текелі қаласы филиалының бағалы сыйлықтарымен, грамоталарымен, кубоктарымен, медалдарымен марапатталды.

Ғалымжан СҮЛЕЙМЕНОВ,
"Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шаралырды өткізу спорт клубы" КММ-нің Текелі қаласы филилалының басшысы

ФУТБОЛ

«ЖЕТІСУ» БІРІНШІ ЛИГАҒА ТҮСІП ҚАЛДЫ

Елордалық "Астана" футболдан Қазақстан премьер-лигасының 30-турында талдықорғандық "Жетісумен" тең түсіп, маусымды үшінші орынмен аяқтады, деп хабарлады KAZ.NUR.KZ.

Маусымның соңғы матчында «Жетісу» өз алаңында Қазақстан чемпионатының қола жүлдесі үшін күресін жалғастырып жатқан «Астананы» қабылдады. Талдықорғандық клуб шешуші кездесуге турнирлік кестедегі күрделі жағдаймен келіп, жоғарғы дивизионда қалу мүмкіндігін сақтап қалу үшін ұпайға мұқтаж болды. Алайда алаң иелері қажетті нәтижеге қол жеткізе алмады. «Астанамен» тең ойын «Жетісу» үшін сәтсіз маусымның соңғы эпизодына айналып, оның қорытындысы бойынша клуб төмендеу аймағында қалды.

Кездесу Талдықорғандағы Орталық стадионда өтіп, 2:2 есебімен аяқталды. Бірінші таймда командалар бір-бірінің қақпасына гол сала алмады. Үзілістен кейін есепті "Астана" футболшысы Станислав Басманов ашты. Алайда алаң иелері Әділхан Добайдың дәл соққысының арқасында таразы басын теңестірді. Кейін Никола Бурич елордалық клубты қайтадан алға шығарды, бірақ қонақтар басымдықты ұстап қала алмады. Нұрбол Әнуарбеков те гол соғып, кездесу 2:2 есебімен аяқталды.

Осылайша, "Астана" чемпионатты 54 ұпаймен аяқтап, турнир кестесінде үшінші орынға ие болды және ҚПЛ-2026-да қола жүлдегер атанды.

"Жетісу" үшін бұл нәтиже элиталық дивизиондағы орнын сақтап қалуға мүмкіндік бермеді. Талдықорғандық команда маусым қорытындысы бойынша 27 ұпай жинап, Қазақстан премьер-лигасынан шығып қалады. Осылайша, келесі маусымда талдықорғандық команда Қазақстанның Бірінші лигасында өнер көрсетеді.

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ТАБЫСЫ АРТАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 30%-ҒА ӨСЕДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

2026 жылдың басында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойған болатын.

Заңда біліктілік тестілеуінен сәтті өткен және ұлттық даярлық стандарттарына сәйкес оқу-жаттығу процесін жүргізетін жаттықтырушы-оқытушыларға лауазымдық жалақысының 30%-ы мөлшерінде қосымша ақы төлеу көзделген.

Қазіргі уақытта елімізде 526 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 15 мыңнан астам жаттықтырушы-оқытушы еңбек етеді. Олардың жетекшілігімен 398 342 бала спортпен шұғылданады. Спорт мектептеріне балалар 5 жастан бастап қабылданады. Бүгінгі күні жыл басынан бері әр өңірдегі спорттық мекелердің 5863 жаттықтырушысы біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Жоспар бойынша жыл сайын жаттықтырушы-оқытушылардың шамамен 30%-дан астамы біліктілік тестілеуінен өтуде.

— Оны Республикалық дене шынықтыру және спорт бойынша оқу-әдістемелік және талдау орталығы ұйымдастырады. Жаттықтырушы-оқытушыларға қосымша ақы төлеуге жергілікті бюджеттен қаражат бөлу мәселесін Республикалық бюджет комиссиясы қолдады. Заңда балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін (БЖСМ) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жүйесіне көшіру және жаттықтырушы-оқытушылардың еңбекақысын арттыру шаралары қарастырылған. 2026-2028 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы көлемі 74 млрд теңгені құрайды. Оның 1,8 млрд теңгесі жаттықтырушы-оқытушыларға қосымша ақы төлеуге бағытталды,- делінген хабарламада.



Қалған қаражат спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, балалардың жарыстар мен оқу-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз етуге, фармакологиялық қамтамасыз етуге, сондай-ақ спорттық киім-кешек пен қажетті жабдықтарды сатып алуға жұмсалып жатыр.

Заңнамалық өзгерістер жаттықтырушы мамандығының беделін арттыруға, балалар мен жасөспірімдер спортына білікті мамандарды тартуға, тәжірибелі жаттықтырушыларды салада сақтап қалуға және болашақ чемпиондарды даярлауға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

БӘРЕКЕЛДІ!

КӨҢІЛҚУАНТАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары кезекті жарыстар легіне қатысып, көңілқуантарлық көрсеткіштерге қол жеткізді.







Қазанның 25-31 жұлдызы аралығында Павлодар қаласында өткен 2010-2011 жылы туған ұлдар арасында «MYQTYLAR ORTASY» ЛИГАСЫНЫҢ волейболдан республикалық турнирінде Қаратал ауданының командасы жеңімпаз атанды. Сөйтіп, қараталдықтар Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысу лицензиясына ие болды. Оның үстіне, команда мүшесі Шаяхмет Айбек турнирдің ең үздік ойыншысы болып танылды.

Жасөспірімдер арасында 3х3 форматтағы баскетбол бойынша Жетісу облысының чемпионатында біздің оқушылардан жасақталған Қаратал ауданының ұжымы финалдық ойынға дейін барлық қарсыластарын ойсырата жеңіп шықты. Тек чемпиондық атақ үшін таласқа түскен ақтық ойында алаң иелері талдықорғандықтардан ұтылып, екінші орынға ие болды.

Текелі қаласында қазанның 19-23 аралығында 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен баскетболдан Жетісу облысының чемпионатында біздің баскетболшы ұлдар үшінші жүлделі орынға көтерілді.

Талдықорған қаласында қазан айында облыс орталығы Талдықорған қаласында Таулы Қарабас жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылуына 35 жыл толуына арналған жеткіншектер мен бойжеткендер арасында бокстан облыстық турнир өткізілді. Үш күнге жалғасқан жарыс барысында біздің мектептің оқушылары 19 медаль олжалап, қоржындарын жүлдеге толтырып оралды.

Сүйсінерлігі сол, осы жүлделердің тең жартысы алтын медаль. Атап өтсек, Бегалыев Мансур, Нұрланұлы Мақсат, Толқымбек Абзал, Алтаев Асланбек, Арыс Ерсұлтан, Нуртай Нурали, Құрметхан Амир және Ахатқызы Іңкәр шаршы алаңның шаңын қағып, қарсыластарынан бір бәс жоғары өнер көрсетіп, жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына көтерілді. Ал, Ахатқызы Інжу, Стрельцов Кирилл, Повод Даниил, Алимбаев Дарын финалдық бәсекелерінде ғана қарсыластарына есе жіберіп, күміс медальмен марапатталды. Бұған қоса, Болат Айбат, Ким Радмир, Бейсембай Арнұр, Дурсун-Оглы Амир, Денисов Төрехан, Төлеу Темірлан және Татарчук Даниэль қола жүлдегер атанды.

Жайық ТОХАҒҰЛОВ,
«Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі»
КММ-нің әдіскері

КӘСІПҚОЙ БОКС

«КАНЕЛОМЕН» БЕЛБЕУЛЕРДІ БІРІКТІРУ ЖЕКПЕ-ЖЕГІ ЖАЙЛЫ

Қазақстан боксшысы Жәнібек Әлімханұлы (17-0, 12 КО) екінші орта салмақта чемпиондық белбеулерді біріктіру жекпе-жегін 2027 жылдың мамыр айында өткізгісі келетінін мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.



Жетісудың тумасы Жәнібек Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында Сауль «Канело» Альварес пен Кристиан Мбилли арасындағы жекпе-жектің постерін жариялап, жеңімпазбен кездесуге ниетті екенін жеткізді.

«Қаңтар айында мен екінші орта салмақта чемпиондық титул иегері боламын. Мамыр айында осы жекпе-жектің жеңімпазымен жұдырықтасып, чемпиондық белбеулерді біріктіргім келеді», деп жазды Жәнібек Әлімханұлы.

Айта кету керек, Мексикалық боксшы Сауль "Канело" Альварес француялық Кристиан Мбиллиді ұпай саны бойынша жеңіп, бірінші ауыр салмақтағы WBC чемпиондық белбеуін өзіне қайтарды. Айтулы жекпе-жек 31 қазанда Эр-Риядта өтті, деп хабарлайды Zakon.kz.

Канело үшін бұл 2025 жылдың қыркүйегінде Теренс Кроуфордтан жеңіліп, абсолютті әлем чемпионы атағынан айырылғаннан кейінгі алғашқы кездесуі болды. Бұл жолы Альварес рингке үміткер мәртебесінде шыққан болатын.

Ал Әлімханұлы 2027 жылдың 23 қаңтарында Данияның Хорсенс қаласында жергілікті боксшы Якоб Банкпен кездеседі. Жекпе-жекте екінші орта салмақтағы WBO тұжырымы бойынша бос тұрған әлем чемпионы атағы сарапқа салынады.

Еске сала кетейік, 2025 жылдың соңында Жәнібек Әлімханұлының допингсынамасынан тыйым салынған мельдоний анықталып, соның салдарынан Эрисланди Ларамен чемпиондық белбеулерді біріктіру жекпе-жегі өтпей қалған еді. 2026 жылдың ақпанында WBO оны 2025 жылдың 2 желтоқсанынан бастап бір жылға жарыстардан шеттетті. Ал наурыз айында IBF белгіленген мерзімде міндетті қорғау жекпе-жегін өткізу мүмкін болмағандықтан, одан чемпиондық белбеуін тартып алды. Кейін боксшы қойылған талаптарды орындаған соң, WBO оны мерзімінен бұрын, яғни 2026 жылдың 10 шілдесінен бастап дисквалификациядан босатты.

Сондай-ақ Әлімханұлы орта салмақтан (72,6 келіге дейін) екінші орта салмаққа (76,2 келіге дейін) ауысу туралы шешім қабылдады. Жаңа салмақ дәрежесінде өнер көрсету үшін боксшы өзінде қалған WBO чемпиондық белбеуінен өз еркімен бас тартты. Якоб Банкпен өтетін жекпе-жек Жәнібек үшін екінші орта салмақтағы алғашқы кездесу болмақ. Сонымен қатар бұл оған екінші салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атануға мүмкіндік береді.

ВОЛЕЙБОЛ

БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРДЫ

Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, біздің өңірдің жас волейболшылары тағы бір тамаша табысты қолға келтіріп, облысымызда бұл спорт түрінің қарқынды даму үстінде екенін жарқын паш етті.







Атап айтсақ, волейболдан Қазақстан Республикасы чемпионатының II-турында Жетісу облысының жас спортшылары шеберліктерін дәлелдеп, жүлделі орындардан көрінді.

Жарыс қорытындысы бойынша өңір құрамасы үш жүлделі орынға ие болды. Мәселен, 2010–2011 жылы туған қыздар қарсыластарының бәрін ұтып, топ жарса, 2012–2013 жылы туған ұлдар командасы екінші орын еншіледі. Ал, 2014–2015 жылы туған ұлдар өз тобында үздік үштікті түйіндеді.

Жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын жоғары жетістіктерімен құттықтаймыз! Алдағы додаларда да биік белестерді бағындырып, Жетісу мерейін үстем ете берулеріне тілектеспіз!

Өз тілшіміз

Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша дайындалды. **Бетті дайындаған Ш. ХАМИТОВ**

ДЕНСАУЛЫҚ

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?



Мұрыннан қан кету кезіндегі алғашқы көмек

Мұрыннан қан кеткен адамға көмектесу үшін одан келесі әрекеттерді орындауын сұраңыз:

• Орынға отырыңыз және алға еңкейіңіз

• Мұрын тесіктерін бас және сұқ саусақпен басу/шымшу арқылы жабыңыз.

• Бес минут бойы тұрақты қысым жасауды жалғастырыңыз

• Қан тоқтағанша қайталаңыз

• Нитрил немесе винил қолғаптарыңыз болса, олар үшін жабық танауды итеруге/шымшуыңызға болады

Егер мұрыннан қан кету 20 минуттан артық созылса, жедел медициналық көмекке жүгініңіз. Егер мұрыннан қан кету жарақаттан туындаса, адам дәрігерге қаралуы керек.

Қанау

Қанның түсі және оның денеден шығу жолы жарақаттың ауырлығын көрсете алады:

• Капиллярлар: Бұл ең кішкентай қан тамырлары және олардан қан кету әдетте өздігінен тоқтайтын тамшы ретінде көрінеді.


• Тамырлар: Тұрақты ағыны бар және қою қызыл түсті қан, ең алдымен, тамырлардан келеді. Оның ауырлығы жеңілден ауырға дейін өзгереді.

• Артериялар: Артериялар денедегі ең үлкен қан тамырлары болып табылады және олар оттегінің көп мөлшерін тасымалдайды. Олар зардап шеккенде, әдетте ашық қызыл қан ағып кетеді. Қан кетудің бұл түрі өте тез көп қан жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Қан кетуді тоқтату өте маңызды болғанымен, алғашқы көмек көрсетудің ABC ережелерін есте сақтаңыз және ең алдымен маңыздырақ нәрсені болдырмаңыз.

Мүмкін болса, қолыңызды жуыңыз немесе бір рет қолданылатын қолғап киіңіз. Бұл вирустық гепатит және АИТВ/ЖИТС сияқты аурулардың алдын алуға көмектеседі . Жараны сумен шайыңыз. Қажет болса, жараны шүберекпен (сүлгі, көрпе немесе киім) немесе дәкемен жабыңыз.

Қан ағынын шектеу және қан кетуді болдырмау үшін қан өздігінен қалыңдаған кезде пайда болатын ұюды ынталандыру үшін жараға тікелей қысым жасаңыз. Мүмкін болса, қан ағып жатқан дене бөлігін жүректен жоғары көтеріңіз.



Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 1006

Индекс 15534